



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ
АССАМБЛЕЯСЫ
АССАМБЛЕЯ НАРОДА
КАЗАХСТАНА



КОСИЧЕНКО АНАТОЛИЙ ГРИГОРЬЕВИЧ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ЖӘНЕ ПРАВОСЛАВИЕ:
ӨЗАРА ӨРЕКЕТІ ТАРИХЫ МЕН
КОНЦЕПТУАЛДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**ИСЛАМ И ПРАВОСЛАВИЕ В КАЗАХСТАНЕ:
ИСТОРИЯ И КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ**

• Астана 2016 •

Баспаға ұсынған Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі

Кітап «Тарих толқынындағы халық» мемлекеттік тапсырмасын жүзеге асыру бойынша «Ірі этностық топтардың тарихын қоса алғандағы Қазақстан Республикасындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастар тарихы» тақырыбы аясында дайындалды.

Редакцияны басқарған Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, саяси ғылымдардың докторы **Е.А. Тоғжанов**

Пікір жазғандар:

Е.Е. Бутова, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім және ғылым министрлігі, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері

З.Г. Джалилов, тарих ғылымдарының докторы, ҚР Білім және ғылым министрлігі
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Таяу және Орта шығыс елдері бөлімінің меңгерушісі

Жобаның ғылыми жетекшісі: А.К. Садуақасова, әлеуметтану ғылымдарының докторы, ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісі

Автор: А.Г. Косиченко, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім және ғылым министрлігі, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері

Қ 61 Косиченко А.Г. Қазақстандағы ислам және православие: өзара әрекеті тарихы мен концептуалды мәселелері: монография / Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, А.Г. Косиченко – Астана, 2016. – 224 б.

ISBN 978-601-280-784-4

Монографияда ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр бойына Қазақстанда ислам мен православиенің даму тарихына олардың өзара әрекеті, билікке қатынасы, ХХ ғасырдағы дінді қудалау призмасы арқылы талдау жүргізілген. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының 1920 және 1990 жылдары аралығында Қазақстанда ислам мен православиенің жұмыс істеу ерекшеліктері жөнінде түсінік беретін кең ауқымды материал пайдаланылған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы діни жағдайды ашып көрсететін статистикалық мәліметтер келтірілген. Бүгінгі қазақстандық қоғамның дінге қатысты өзекті мәселелері: ислам мен православие үшін бірыңғай адамгершілік негіздеріне сай қоғамды біріктіру мүмкіндігі; дінаралық, мәдениетаралық және өркениетаралық диалог және оның қоғамның тұрақтылығына әсері; конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіру; діннің экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудағы рөлі; Қазақстанда бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы діни лидерлердің алатын орны талқыланады.

Монография гуманитарлық саладағы ғалымдарға, діни лидерлерге, діни саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік құрылымдардың шенеуніктеріне, «дінтану» мамандығы бойынша студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, қазіргі әлемде діннің әрекет ету мәселелерімен айналысатын барша қауымға арналған.

ӘОЖ 28:271.2(574)(035.3)

ISBN 978-601-280-784-4

© Қазақстан халқы Ассамблеясы, 2016

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті, 2016

© Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016

© А.Г. Косиченко, 2016

© Баспа «InDesign studio» ЖШС, 2016

Рекомендовано к печати Научно-экспертным советом Ассамблеи народа Казахстана

Книга подготовлена в рамках реализации государственного задания «Народ в потоке истории» по теме «История межэтнических, межконфессиональных отношений в Республике Казахстан, включая историю наиболее крупных этносов».

Под общей редакцией заместителя Председателя Ассамблеи народа Казахстана, доктора политических наук Е.Л. Тогжанова

Рецензенты: Е.Е. Бутова, доктор философских наук, профессор, главный научный сотрудник отдела религиоведения Института философии, политологии и религиоведения Министерства образования и науки РК

З.Г. Джалилов, доктор исторических наук, заведующий отделом стран Ближнего и Среднего востока Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова Министерства образования и науки РК

Научный руководитель проекта: А.К. Садвокасова, доктор социологических наук, руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных отношений в Центрально-Азиатском регионе Академии госуправления при Президенте РК

Автор: А.Г. Косиченко, доктор философских наук, профессор, главный научный сотрудник, Института философии, политологии и религиоведения Министерства образования и науки РК

К 71 Косиченко А.Г. Ислам и православие в Казахстан: история и концептуальные вопросы взаимодействия / Ассамблея народа Казахстана, Комитет науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, Академия госуправления при Президенте Республики Казахстан, А.Г. Косиченко – Астана, 2016. – 224 с.

ISBN 978-601-280-784-4

В монографии проанализирована история ислама и православия в Казахстане во второй половине XIX и в течение XX вв. через призму их взаимодействия, отношений с властью, гонений на религию в XX веке. Задействован обширный материал Центрального Государственного архива Республики Казахстан, дающий представление об особенностях функционирования ислама и православия в Казахстане в период с 1920 по 1990 годы. Приведены статистические данные, раскрывающие религиозную ситуацию в Республике Казахстан в настоящее время. Подняты и обсуждены актуальные проблемы современного казахстанского общества в их связи с религией: возможность консолидации общества на единых для ислама и православия нравственных основаниях; межрелигиозный, межкультурный и междивизиационный диалог и его влияние на стабильность общества; совершенствование казахстанской модели межконфессионального согласия; роль религии в противодействии экстремизму и терроризму; религиозные лидеры в упрочнении мира и согласия в Казахстане.

Монография адресована ученым-гуманитариям, религиозным лидерам, чиновникам государственных структур, ответственным за осуществление государственной политики в религиозной сфере, студентам, магистрантам и докторантам по специальности «религиоведение», всем интересующимся проблемами функционирования религии в современном мире.

УДК 28:271.2(574)(035.3)

ISBN 978-601-280-784-4

© Ассамблея народа Казахстана, 2016

© Комитет науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2016

© Академия госуправления при Президенте Республики Казахстан, 2016

© А.Г. Косиченко, 2016

© TOO «InDesign studio», 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ДІНДЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ	7
2. XIX ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ғ. БАСЫНДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ХРИСТИАНДЫҚ, ИСЛАМ ЖӘНЕ ПРОТЕСТАНТИЗМ	21
2.1 XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. басында Түркістан өлкесіндегі Орыс православие шіркеуі (ОПШ) жағдайының жалпы сипаттамалары	21
2.2 XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. басында патшалық әкімшілік пен ОПШ-ның Түркістандағы исламға қатынасы	23
2.3 XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. басында патшалық пен ОПШ-ның Түркістан өлкесіндегі протестанттық ағымдарға қатынасы	30
3. XX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ МЕН ПРАВОСЛАВИЕ (Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағатының материалдары бойынша).....	33
4. ДІН САЛАСЫНДАҒЫ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ ДІНИ ТАҚЫРЫП БОЙЫНША СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МӘЛІМЕТТЕРІ	52
5. ДІНАРАЛЫҚ, МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ	58
6. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ШОҒЫРЛАНУЫ: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ШЕКТЕРІ	65
7. КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ	70
8. ДІННІҢ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТІ ..	79
9. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУМАҒЫНДА ДІНДЕРДІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДА ДІНИ ЛИДЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ МЕН ДІНИ ЛИДЕР ТҰЛҒАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	83
ҚОРЫТЫНДЫ.....	88
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	183
1-ҚОСЫМША	186
2-ҚОСЫМША	193
3-ҚОСЫМША	214

КІРІСПЕ

Қазақстандық қоғам тұрақтылығы, сондай-ақ оның жұмылуы деңгейін сақтау және оны арттыру тұрақтылық пен жұмылушылық қалыптасатын бірқатар елеулі аспектілерді пысықтау мен талдауды талап етеді. Көп конфессиялы Қазақстан үшін діндер арасындағы қарым-қатынас – оның тұрақтылығы мен одан әрі дамуын сақтаудың аса маңызды факторы. ҚР-да тіркелген он сегіз конфессия ішінде ислам мен православие айрықша орын алады. Біріншіден, бұлар Қазақстандағы ең көп тараған діндер: бұл діндерді ұстанушылардың жалпы саны Қазақстанның барлық дін ұстанушыларының 95%-ын құрайды. Екіншіден, ислам мен православие – тарих барысында қазақстандық қоғамға оң ықпалы дәлелденген, Қазақстан үшін дәстүрлі діндер. Үшіншіден, бұл діндер Қазақстанның тарихи, мәдени және саяси дамуына үлкен үлес қосты: ҚР-дағы барлық қолданыстағы діндер ішінде ислам мен православиенің бол бойынша үлесі барынша жоғары. Төртіншіден, ислам мен православиенің арасында белгілі бір догмалық айырмашылықтардың болуына қарамастан ислам мен православие рухани және әлеуметтік-саяси қатынастар жағынан өте жақын: олар діни әрекеттерге, оны ұстануға, дін ұстанушының күнделікті өмірдегі дін нормаларын жүзеге асыруға ұқсастығы жағынан шамалас талаптарды қамтиды, олар әлеуметтік-саяси құрылысты қолдайды, мемлекетке ниеттес.

Бұл діндер өз мәні бойынша мемлекеттік рухани негізі және тірегі болып табылады. Сондықтан Қазақстандағы ислам мен православие қарым-қатынастарына өте көп нәрсе: конфессияаралық бейбітшілік пен келісім ғана емес, қоғамның барлық аспектілері және белгілі бір тұрғыдан алғанда мемлекеттік болмыс исламмен және православиенмен тығыз байланысты.

Қазіргі заманғы Қазақстан үшін бүгінде етене тіршілік етіп отырған ислам мен православиенің тату көршілік әрі тіптен әріптестік қарым-қатынасының нығайып, дами түсуі аса маңызды. Мұндай даму іске асатын бірнеше бағыттар бар: тұтастай алғанда бұл діндер арасындағы діни төзімділік, бұл діндерді ұстанушылардың өзара сыйластығы, ислам мен православиенің діни көшбасшыларының достық қарым-қатынасы, әртүрлі нысандағы диалогтың дамуы және нығайуы, бірлесіп әлеуметтік қызмет ету.

Имамдар пен православие дін қызметшілері тұрмысы нашар, мұқтаж отбасыларына бірге барып, ислам мен православиенің ірі діни мерекелері туралы білген және өзара кеңес алып, қиын кезеңдерде бір-біріне демеу болған, билік алдында бір-бірін қолдаған өткен кездердің

ілгерінді тәжірибесін алудың да маңызы зор. Бұл аталған істер Қазақстан тарихында: төңкеріске дейінгі кезеңде де XX ғасыр ішінде де болды.

Қазақстандағы ислам мен православиенің өзара іс-қимылының жарқын беттерін жалпы жұртшылық түгілі, тіптен ғылыми топтар мен зиялы қауым біле бермейді. Қазақстандағы ислам мен православие қарым-қатынастарының тарихы таным алу және пайдалылық тұрғысынан егжей-тегжейлі және уәжді зерттеуді қажет етеді. Қазіргі Қазақстан үшін бұл қарым-қатынастарды тарихи талдаудың маңызы зор: егер біз ислам мен православиенің өткен кезеңдердегі ілгерінді нысандарын жаңғырта алсақ, онда бұл қатынастардың оң мазмұнын өзектендіріп, қазіргі заман қалпына түсіреміз және бүгінгі күннің игілігі ете аламыз. ҚР өштестері іріткі салу тетіктерін қосу, Қазақстан жұртшылығының бірлігін қаусату, оның тұрақтылығын талқандау мақсатында Қазақстандағы ислам мен православиенің кешегі қарым-қатынастарындағы ілгерінді тұстарын бұрмалап жатқаны жасырын емес. Тарих бұл қарым-қатынастардың күрделі тұстары мен кезеңдерінің болғанын көрсетіп отыр: бұл шындықты да ұмытпаған жөн. Аталған кезеңдер мен оқиғаларды талдау, олардың себептері мен факторларын зерттеу тиісті қорытындылар жасауға мүмкіндік береді, біз оларды қаперге ала отырып, қазір және келешекте ислам мен православие арасындағы жіті жағдайлар мен қарама-қайшылықтардың қайталануын болдырмауға қол жеткіземіз. Яғни, Қазақстандағы ислам мен православие дамуының әрі олардың өзара және мемлекетпен қарым-қатынастарының тарихы жай тарих емес қазіргі кездің маңызды бір бөлшегі болып табылады. Бұл қарым-қатынастардың ілгерінді аспектілерін алып, шығармашылық тұрғыдан өрістету, «өткеннен сабақ алу» арқылы біз елдегі дінаралық келісімді және мемлекеттің жалпы тұрақтылығын нығайта аламыз.

Монографияда көрініс тапқан зерттеу нысанасы – ислам мен православие және олардың қарым-қатынастарының тарихы ғана емес, бұл діндердің және олардың қарым-қатынастарының таяудағы жай-күйі де талдау мақсаты болды. ҚР-дағы ислам мен православие арасындағы қазіргі қарым-қатынастар өте мазмұнды: ол жаңа ілгерінді деңгейге шықты, бұл діндердің әріптестік қатынастарының тиісті нысаны мен тәсілдері анықталды. Оған қоса ислам мен православиенің өзара достық қатынастары Қазақстандағы: католицизм, буддизм, иудаизм мен елімізге таяуда келген басқа да жаңа діни бірлестіктер сияқты өзге де конфессиялар үшін үлгі бола алады. Монографияда ислам мен православиенің өзара іс-қимылының тұжырымдық мәселелері: олардың арасындағы диалог, олардың қазақстандық қоғамды жұмылдыруға қосқан үлесі, діни тұрғыдан уәжі бар терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылы т.б. зерттеледі.

1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ДІНДЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ

Қазіргі Қазақстан аумағында өңірдің географиялық жағдайына байланысты қандай да бір тарихи кезеңде ықпал еткен барлық діндер әркез бірге тіршілік етті. Бірақ, әр уақытта: иудаизмнің, христиандықтың, исламның, буддизмнің мейлінше зор маңызы болды, шаманизм мен басқа да пұтқа табынушылықты ұстану елеусіз қалған жоқ.

Ислам өзі пайда болғаннан кейін бірден Орталық Азияға дендеп еніп, тез тарады. Орталық Азия халқы бұл діннің жергілікті рухани дәстүрлермен астасып жатқандықтан оны белсенді түрде қабылдай бастады. Орталық Азия мен қазіргі Қазақстан аумағында исламның таралу процесін зерттеуге зор назар аударған В.В. Бартольд былай деп жазады: «Арабтардың орта азия халықтарымен сауда қарым-қатынастары VIII ғасырда басталды; бұрынғы Қытай жолынан басқа бұрын айтыла бермеген тағы жаңа сауда жолы пайда болғанын байқаймыз. Қытай деректері бойынша араб көпестері үш жылда бір рет Кучиден Енесейдің жоғары сағасындағы қырғыздардың астанасына жібек артқан керуендерді жіберіп отырған; тибеттіктер де осы жолды пайдаланған. Жол бойы көпестер қарлұқтар жеріне (қарлұқтардың астанасы қазіргі Алматы облысы аумағында орналасты – А.Г.) тоқтап, олардан ұйғырлардың шабуылынан қорғану үшін жасақтар алып отырған. Осы жолдарды, сірә әртүрлі діндердің миссионерлері де қолданса керек» [1, 273-б.]. Одан соң: «Ол кездері мұсылмандардың шығыс азия халықтарымен сауда қарым-қатынастары өте ауқымды болды; Самарқандтың шығыс қақпасы қытай қақпасы деп аталды. Қытайға баратын жол үш түркі халқы: оғыздар, қарлұқтар мен тоғыз-оғыздардың қолында болды; Алғашқы аталғандар Каспий теңізінен бастап Исфиджаб округіне (Шымкент маңы) дейін, екіншісі Ферғанадағы араб иеліктері шекарасынан шығысқа қарай 30 күндік жолды алып жатқан елді, үшіншісі Қытайға дейінгі қалған жерлерді иеленді» [1, 280-б.] – деп жазады.

Бірақ Орталық Азия халықтарының исламды қабылдауы арқылы ол бірден өңірдегі үстем дін болды деп айтуға болмайды. «Нершахи шығармаларынан басқа өңірде, оның ішінде Трансоксанияда исламның қалай баяу тарағанын көруге болады. Әсіресе, байлар исламға үзілді-кесілді қарсы шықты; мешітке әр барғаны үшін Арабтардың екі дирхемнен төлеуі кедейлердің қызығушылығын оятты. Бұхарадағы тұңғыш мешітті Кутеба 94/712 жж және екінші мешітті 154/771 жылдары салғызды, дегенмен бұл кездері тұрғындардың көпшілігі дінге сенбейтін

еді. Тұтастай Трансоксанияда исламның үстемдігі Арабтардың бұл елді түпкілікті басып алуынан кейін ғана іске асты, яғни шамамен IX ғасырда орын алды деген сөз» [1, 274-б.]. Бұдан соң: «X ғасырдың аяғында Шығыс және Батыс Түркістанда билік еткен илек хандардың немесе Қараханидтер әулеті басқаратын алғаш рет мұсылман түркілерінің мемлекеттері пайда болды. ...Олардың астанасы Баласағұн деп аталды және Жетісуда орналасты; біз бұл атауларды Макдисиден кезіктіреміз. Қытай деректері бойынша XIII ғасырда Баласағұн Верный (В.В. Бартольдта осылай аталады – А.К), Қастек аңғары мен Тоқмақ арқылы Алмалықтан (Құлжа маңы) Таласқа барар жолда орналасқанын білеміз... Осы орайда, Григорьевтың пікірімен келісуге болады, ол Баласағұнды Ибн Хордадбех пен Қудаме жазатын «түркі қағаны қаласымен» салыстырады, алайда Якут Шаш қаласынан қашықта, Баласағұнның маңындағы Фараб немесе Отырар қаласын білдіреді. X ғасырда Жетісу қарлұқтардың иелігінде болды, бірақ Ибн Хордадбех пен Қудаменің сөзіне сенсек оның астанасы Шуда емес Әулиеатаның (Александр жотасының батыс өлкесінде) болған» [1, 288-б.].

Қазіргі заманғы қазақстандық зерттеушілер исламның Қазақстан аумағында таралу тарихы бойынша оны мынадай кезеңдерге бөледі. «Қазақтардың ата-бабалары көне түркілер ислам өркениетінің қалыптасуына тікелей қатысты және оның көптеген жеңістеріне себеп болды. Орталық Азия аумағында және Қазақстан жерінде мұсылман идеяларының таралуы б.э. VII-VIII ғасырларына тиесілі. Өңір тұрғындарының исламмен алғаш танысуы 670 жылы, яғни алғашқы араб-миссионерлері келген кезден басталды. VIII ғасырдың басында Орталық азияда миссионерлік қызметтің өріс алғаны байқалды. Алайда, исламның толықтай салтанат құруы VIII ғасырдың ортасында орын алды. 751 жылы Тараз қаласына таяу орналасқан Атлах қаласы төңірегінде араб әскербасы Зияд ибн Салих пен Қытай қолбасшысы Гао Сяньчжи арасында көп күнге созылған ұрыс болады. Шешуші сәтте қытайлардың ту сыртындағы қарлұқ тайпалары көтеріліп, Арабтар жағына өтеді. Осының арқасында Қытай әскері толықтай талқандалып, Жетісу мен Шығыс Түркістан жерінен қуылады. Араб армиясының мұсылманның көк туымен келген жеңісі пайғамбар Мұхаммедтің діні мен мұсылман мәдениетінің барлық Орталық-Азия өңірінде бекуін білдірді. Қазіргі Қазақстан аумағында исламның таралу процесі бірнеше жүздеген жылдарға жалғасты. Алғашқыда жаңа дін оңтүстік аудандарға енді. Ал X ғасырдың аяғында ислам Жетісу мен Сырдарияның отырықшы халқы арасында беки түсті. X ғасырдың басында Қараханидтер әулетінің ру басы Сатық мұсылмандықты қабылдаса, оны баласы Богра-хан Харун Муса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады» [2].

Зерттеушілер ислам Орталық Азиядағы өз позициясын ұзақ уақыт бойы және бірнеше кезеңде іске асырғанын айтады. Билік иелерінің саяси мүдделері әртүрлі, кейде тіптен қайшы болды және бұл көбіне өңірде исламның таралуының күрделі де біржақты емес сипатын анықтап берді. «Жалпы алғанда түркілер исламды қуанышпен қабылдады. Нақ осы мұсылман-түркілер мұсылман әлемінің шекарасын кеңейтті: Қаңлы тайпалары - солтүстік Ауғанстаннан орталық Үндістанға дейін, Қараханидтер - Қытайдан бастап, оңтүстік Қазақстан аумағын қоса алғанда, Әмударияға дейін, Сельджүктер батыста, оның ішінде христиан елдерінде мұсылмандықты таратты. Түркілер арасында исламды тезірек таратуды ниет еткен бұхар молдалары, құранды араб тілінен түркі тіліне аударуға рұқсат етілген пәтуалар (қаулылар) шығарды. Көне түркі тілінде түсіндірмелері бар (Тафсир) бірнеше Құран үлгілері (XII-XIII ғғ.) біздің заманымызға жеткен. XVI ғасырда Фергана биі түркі Бабур Үндістанда ұлы Моғол империясын құрып, онда исламның позициясын күшейте түсті, бұл аталған дін ағымының Шығыста кедергісіз таралуына ықпал етті. Моңғолдардың шапқыншылығы және моңғол хандары мұсылмандыққа бет бұрғаннан кейін, әсіресе Темір мен Ұлықбек (XIV-XV ғғ. екінші жартысы) уақытынан бастап ислам өңірде үстем жағдайға ие болды» [3, 36-37-б.].

Христиандық Орталық Азияға, оның ішінде қазіргі Қазақстан аумағына III ғасырда келді. Алайда, III-IV ғғ. христиандықты негізінен еретикалық; манихейлік, ариандық, несториандық ағымдар ұстанғанын атап кеткен жөн. Ал христиандық өзіндік таза күйінде аталған өңірде алғашқы үш Вселендік соборлардан кейін V ғасырда беки бастады. Орталық Қазақстан мен қазіргі Қазақстан аумағындағы дін тарихын егжей-тегжейлі зерттеген В.В. Бартольд бұл өңірдегі христиандық туралы былай жазады. «IV ғ. Христиандардың шығысқа жаппай қозғалысы (жекелеген миссионерлер, сірә ертерек келген болуы да мүмкін) басталды; 334 ж. Мервте христиан епископы болды. Буддистер, христиандар мен марциониттер Хорасаннан пана тапты; дейсаниттер, манихеилер мен маздакиттер Сасанидтер империясынан тыс басқа жерлерге көшіп кетуге тиіс болды Біздің қолымызда Сасанидтер кезеңінде Трансоксанияда христиандықтың таралуы туралы тарихи зерттеуге негіз болатын бірде бір дерек жоқ; тек VI ғасырдың өзінде христиандардың Самарқандта шіркеуі болды деген болжамдар ғана бар. Ал несториандықтардың өз шіркеуінің тарихы туралы деректер қарама-қайшылық пен белгісіздікке толы. Гератта, Самарқанд пен Қытайда митрополий негізін біреулер патриарх Салшбзах (701-729) қалаған десе, басқалары мұны - Шиленің (504), үшіншілері - Ахейдің (411- 415-16) еңбегі дейді. Ортаазияның Арабтарға бағына қоймаған

халықтарының арасында христиандықты тарату, сірә патриарх Тимофейдің (780–819) тұсында іске асқанға ұқсайды. Ол Каспий маңы өлкесіне жіберген миссионер Субхальешу ол жақтан Орта Азияға еңдей түсіп Қытайға дейін жеткен. Ал Қытайда 636 жылы Ало-бән негізін салған несториан қауымы болғаны белгілі. Егер сериялықтарға сенсек патриарх Тимофей өздері христиандыққа енгізген түркі қағандары мен басқа да патшалардан хат алып тұрған» [1, .271–272-бб., 275-б.].

«Бұл өңірде, нақты айтқанда Мерв қаласында (қазіргі Түркіменстан) христиан дінінің бар екені туралы алғаш рет орта ғасырлық араб тарихшысы Бируни жазады. Оның деректері бойынша аталған қалада III ғасырдың басында негізі қаланған христиан діні болған. Орта ғасырлық кезеңде христиандық «бағдарлық» (яғни, шығыс) шіркеулері арқылы кең тарала бастаған. Соғди патшалығының астанасы Самарқандта иесториан шіркеуі митрополиясының негізі салынды. Түркі-қарлұқтардың көптеген бөлігі резиденциясы Шам қаласында орналасқан несториандық патриарх Тимофейдің (780–820 ж.) тұсында христандықты қабылдады. Өңірде бағдарлық шіркеуден (несториан, яковиттік, армян-григориандық) басқа, мелькиттер – Антиохий патриархына бағынатын, көне Сирия православиесінің өкілдері де болды. Христиандық кейіннен Шыңғысхан империясына кірген наймандар, керейіттер мен басқа да көптеген түркі тайпалары мен халықтарының арасында кең тарады. Шыңғысханның өзі, және оның Қытайды басқарған мұрагері Құбылай мен Алтын орда ханы Батый өз жерлерінде христиандықтың таралуын жақтады. Ұлы хан сарайында христиандықты ұстанған қызметшілер аз болмаған, 1253 жылы саяхатшы монах, папа елшісі Гильом Рубрук хан сарайын суреттей отырып, осыны жазады» [4].

Дін тарихшылары Орталық Азия мен қазіргі Қазақстан аумағында христиандықтың аталған өңірде ертерек тарағанын атап көрсетеді. «Қазіргі Қазақстан аумағындағы түркі көшпелі ортасында христиандықтың кең таралуы түркі қағандарының Византиямен және олардың Ұлы жібек жолы арқылы өзара байланыстарының жаңа жолдарымен белсенді қарым-қатынасына байланысты, оның солтүстік бағыты VI-VII ғғ. Батыс-Түркі империясының орталығы болған және Отрар, Испиджаб, Тараз, Навакет, Суяб қалалары қалыптасып, күрт дамыған Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағына қарай ауытқыған болатын. Бұл жол бойымен Шығысқа, Қытайға қарай тұтастай христиан тайпалары, әсіресе еретикалық ілім-білім алып, Алдыңғы Шығыс пен Ираннан қуылу кезеңінде көшірілген несториан мен монофизиттер (яковиттер) ағыла бастады. Олар өздерімен бірге мәдениетті, жазу-сызу, ілім-білімді, салт-дәстүрлерін ала келді, көшпелі тайпа арасына таратты. Жалпы алғанда бұл бытыраңқы үдеріс болғанымен, кейіннен

келген миссионерлер шіркеу ілімі өздеріне дейін дендеп енген жерлерде шіркеу ұйымдарын ресімдеуді аяқтады. VII-VIII ғасырларда қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағында орналасқан көптеген қалаларда христиандық несториандық шіркеулер болды. Несториандық патриарх Тимофейдің (778 – 823 жж.) кезінде Каспий маңайынан бастап Орталық Азия мен Қытайға дейінгі аумақтарға Бет-Хобех ассирий монастырынан христиан миссионер Субхальешу (Шубхалишу) жіберілгені белгілі. VIII ғасырда Әмудария мен Сырдария өзендері арасында араб билігі мықтап бекіді. Бұл ретте, әртүрлі дереккөздерде жазылғандай Орталық Азияда католикос Йешуябе II немесе Селибазахе кезіндегі несториан шіркеуі қызметінің жандануы осы аумақтарды Арабтардың басып алған уақытымен тұспа-тұс келеді. Бірақ, бұл тұстағы оғаштық тек бұл емес – көптеген сириялық христиандар мұсылман басқарушылары әкімшілігінде, мысалы жеке дәрігер ретінде жоғары лауазымдарды иеленді. Оның үстіне Арабтардың ішінде де әртүрлі конфессияларға жататын христиандар болды. Арабтар қауым мүшелерін «кітап адамдары», ал Христиан көшбасшысын пайғамбарлардың бірі деп санап, христиандыққа қарсы іс-қимыл жасаған жоқ... Шығыстағы христиан тарихындағы жаңа кезең XI ғасырдан басталды. Шығыс Түркістанда несториан шіркеуінің қайта жаңғыруы батыста Сирия христиан мәдениетінің өсіп-өркендеуіне және Орталық Азияға таяу шығыс миссионерлері мен саудагерлерінің келуіне байланысты болды. XII ғасырда наймандар христиандық қабылдады. Шамамен осы уақытта христиандық жауынгер түркілердің ұрпағы таңғұттар мемлекетіне (ғұндардың соңғы бөлшегі) дендеп ене бастады. Сельджүк әулетінің негізін салушы Сельджүк өзі исламға кіргенге дейін (шамамен X ғасырдың ортасы) қырғыз даласында түркі ханына қызмет етті және өз баласының бірін христиан атаумен Михаил деген ат берді... Жетісуде, Пішпек пен Тоқмақ маңында көне несториан бейіттері көптеп кездеседі. Бұл бейіттердің Крест бейнесі бар құлпытастарында Сирия-түркі жазуларын көруге болады... XIII ғасырдың басында Жетісу мен Шығыс Түркістанды моңғолдар басып алып, көптеген қалаларды қиратты. Моңғолдардың бір бөлігі пұтқа табынушылар және бір бөліктері несториандар мен өзге дінді жақтаушылар болды. Сондықтан олар мұсылмандыққа, буддизмге және христиандыққа бірдей құрметпен қарады. Бұл дін салаларының діни басшылығы тіптен барлық салықтардан босатылды... Тарихи дереккөздер бойынша XIII ғасырда несториан патриархына шығыстағы христиандардың басым бөлігін құрайтын, көптеген шіркеулері бар жетпіс провинция бағынғаны белгілі.... Пішпек және Тоқмақ несториан бейіттеріндегі жазбаларға ұқсас крест бейнесі мен Сирия жазбалары бар құлпытастар Жағатай хандары билік еткен XIII және

XIV ғасырлармен тұспа-тұс келеді. Бұл ескерткіш құлпытастар шағатай хандарының резиденциясы Алмалық көне қала орнынан, Қытай шекарасынан 8-10 верст жерде, Қытайға шектес, қазіргі Алматы облысы Жаркент ауданы Николаев кентіне қарама- қарсы Мазар елді мекенінің маңынан табылған» [5].

Ал В.В. Бартольдтың зерттеулерінде: «X–XIII ғасыр аралығында христиандық өңірдің кейбір өлкелерінде ғана біршама тәуелді жағдайда тіршілік етті. XIII ғасырда елді моңғолдар жаулап алғаннан кейін христиандардың жағдайы күрт өзгерді. Мұсылмандар өздерінің үстем жағдайынан айрылды; моңғолдар барлық шамандарға сияқты, барлық діндерге бірдей қарады және мұсылман, христиан мен будда дін ұстанушыларын барлық бағынушылық пен бас ұрушылықтан босатты. Моңғолияның өзінде христиандық Шыңғыс ханға дейін таралған болатын; христиан дінін күшті тайпа болып саналған керейіттер де ұстанды, бұл тайпа қыздарын кейбір Шыңғыс хан ұрпақтары әйелдікке алған; оған қоса кейбір ханзадалардың христиан тәрбиелеушілері де болған. Мұның бәрі христиандыққа басқа діндерге қарағанда үстемдік берді. Сірә, мұндай жағдайларда несториандар бұрын жасалған қысымшылық үшін кек алуға ниеттенген болуы керек, мұсылман шежірешілері христиан ықпалында болған хандар тарапынан болған исламға жаугершілік қатынастар туралы жазды. Христиандық тәрбие алған Гүйік қағанның қысқа уақыт ішіндегі (1246–1248) хандығы кезінде христиандардың жағдайы мейлінше жақсы болды» [1, с.316].

Біздің зерттеуіміз үшін қазіргі Қазақстан аумағындағы ислам мен христиандықтың ортақ кеңістікте тіршілік еткен уақыттағы өзара қарым-қатынасы тарихының алуан түрлі аспектілері аса қызықты болып табылады. Ислам әдетте, христиандықты ығыстырғанымен христиандықтарға қоғамдық тұрмыстың «ақтаңдақтарында» тіршілік етуге мүмкіндік бере отырып, оның үстем жағдай иеленуіне де жағдай жасады. Бірақ, исламның әртүрлі христиан дін ұстанушыларын, әсіресе өзі өңірге алғаш келген кездің кейінгі кезеңдерінде тікелей ығыстыру оқиғалары орын алды. Нәтижесінде X–XIII ғасырлар аралығында христиандық жекелеген өңірлерде ғана және тәуелділік жағдайында тіршілік етті. В.В. Бартольд Вамбериге сілтеме жасай отырып – «XI ғасырдан бастап Шығыс Түркістандағы христиандық исламмен салыстырғанда бағынышты жағдайда болды, – деп жазады, – Тянь-Шаньның солтүстігіндегі елде ғана Бөгіре хан мен оның мұрагерінің діни соғыстарынан аз зардап шекті. Бірақ, христиандар Қараханидтер билік еткен тұста ығыстыруларға аз ұшыраған сияқты; өйткені христиан жазушылары бұл туралы ештеңе айтпайды. Самарқандта несториан мирополійі тіршілік ете берді.» [1, 290-б.]. Өңірдегі ислам мен христиандықтың өзара қатынастарының сипатын түсінуге

В.В. Бартольдтың мынадай ескертуі аса маңызды: «...көшпенділер жаңа дінді қабылдау отырып, олар әркез өзінің шамандық салт-дәстүрлері мен діни ілім-білімдерінің басым бөлігін сақтайды» [1, 285-б.].

Кәдуілгі практика бойынша тұтастай ірі өңірлердегі дін ұстанудың ауысуы жаугершілік пен қайта басып алу уақытына байланысты болды. «Тіптен Таласта да христиандар болды. Әмір Исмаил 280/893-94 жылдары қаланы алған кезде бас шіркеу мешітке айналдырылды; талас әмірі көптеген дихқандарымен бірге исламды қабылдады. Мірке (Мерке) қаласының бұрынғы шіркеуі мешітке айналды» [1, 287-б.].

Бұл кезеңдері ислам мен христиандық арасындағы қатынастардың біршама күрделі болғанын В.В. Бартольд мысалға келтірген мына әңгімеден көруге болады – эпизод қарым-қатынастардың дәстүрлі рулық арақатынас шегінен шығу мысалымен қызықты. «Бату өлгеннен кейін оны баласы мұсылманды қуғындаушы Сартықтың қолына билік тиді. Ол таққа отырған соң ұлы Мөңке ханға баруы тиіс болды; ал кері жолда Беркай ортасының жанынан өткенімен туыс ағасымен көріспей, әрі қарай кете барды. Беркай мұндай қорлықтың себебін сұрау үшін адам жібереді; Сартақтың берген жауабы: « Сен – мұсылмансың, ал мен христиан дінін ұстанушымен, мұсылман адамның жүзін көру бақытсыздықтың белгісі». Беркай өз шатырынан шықпай жатып алады, үш күн бойы арқан жастанып жылаумен және «Құдайым, егер Мұхаммедтің діні шындық болса Сартаққа кеткен өшімді алып бер», – деп дұға қылумен болды. Бұдан соң төртінші күні Сартақ қайтыс болады» [1, 264-б.].

Дегенмен, өңірде ислам мен христиандықтың күрделі қатынастарына қарамастан, діни себептер соғысатындай жағдайға әкелген жайттар өте сирек болғанын атап кету керек. «Орталық Азияда - қонақжайлығы кең және діни төзімділік өңірінде көп дін ұстанушылар мен ұлттық айырмашылықтар адами қатынастарға әсерін тигізген жоқ. Бұл өңірде адамдарды сыйлаушылық басты мәселе болды, ал күшті, ақылды немесе білгір адамдардың құны арта түсті: жала жабылып, өлім жазасына кесілген қытай әскербасы қашып барып, ғұндар мемлекетіне тығылады, ол мұнда ғұн патшасы шаньюдің сарайында бірінші кеңесші болса, ал өзге дінді ұстанғаны үшін қуылған парсы христиан патшасы Согдианда тығылып, ондағы Бұқара билеушісі – будда дінін ұстанушыдан сыйлық ретінде княздық құруға арналған жер алады. Бұл кезде адамдар, қазіргі тілмен айтқанда іскерлігі үшін бағаланды. Орталық Азияда соғыстар көп болды, бірақ олар саяси себептерге: негізінен парсы, грек, қытай басқыншылығына қарсы тұру немесе әртүрлі билік сүйгіш ақсүйектердің өрікпіл мінездеріне орай орын алды. Кейде жер үшін, көбіне көшпенді жерлер үшін қарулы

қақтығыстар болып тұрды. Кей кездері бір халық бір халықты басып алып жатты. Алайда, мұның бәрі халықты құл ету емес, оны өзіне қосу, онымен біте қайнасу, өз қатарын күшейту ниетінен туындады. Діни наным-сенімдерге орай қантөгістер сирек болды. Орталық Азияда діни төзімділік өмір заңы еді. Мысалы, Қытай тұтастай Азияны қол астына алу жөніндегі өзінің ақылсыз әрекетінен бас тартып, бейбіт сауда жасау туралы келіссөздерге келген кезде ол кездегі керуен жолдарының қожайыны – соғдиліктер басты шарттардың бірі ретінде Ұлы Далада ғана емес, Қытайда да ар-ождан бостандығы, кез келген дін ұстану еркіндігі туралы шарт қойды. Мұндай шарт қабылданып, оны қытай императорының жарлығымен екі мәрте бекітілді. Нәтижесінде соғдилік миссионерлер Қытай қорғаны ішіне әуелі буддизмді, содан соң христиандықты әкелді. Археологтар орталық азияның көне қалаларында қазба жұмыстарын жүргізген кезде байқалатын көрініс: бір алаңда билеушінің сарайы, отқа табынушылардың панасы, будда ғибадатханасы мен христиандық храм көршілес орналасады. Бұл өңірде христиандар катакомбаларға, үңгірлер мен аңғарларға, тау жоталарының арасында жасырынған жоқ (1 Цар. 13, 6) – олардың тайпалары асықпай өз ұрпақтарын өсіре отырып, алаңсыз тіршілік ете алды. Осылай болғаны анық, себебі III ғасырда Христос Шіркеуі пұтқа табынушылардың дінінен үстем болмағанымен, Орталық азия жерінде мығым тамыр жайды» [6].

Христиандық үшін ең қиын кезеңдерде орталық азия өңірінің тұрғындары Арабтар сияқты христиандарды «кітап адам» деп санады және оларға жау ретінде қараған жоқ (көбінесе). Бұл тақырыпқа маңызды айғақ келтіруге болады «Исламның негізін қалаушы Мұхаммедтің төңірегінде христиандар аз болған жоқ. Оның жақын досы және бірінші әйелі Хадишаның бауыры Варака ибн Науфал христиан болды. Мұсылмандар Хадишаны барлық мұсылмандардың анасы деп қатты құрметтейді. Варака Іншілді араб тіліне аударумен шұғылданды (аударуды Көне кітаптан бастады, бірақ өкінішке орай Мұсаның Бескітабын ғана аударып үлгерді). Ол туралы Мұхаммед – Вараканың « Исламды қабылдауының қажеттілігі жоқ, себебі ол онсыз да тура жолда» деп мәлімдеген екен. Мұхаммедті пұтқа табынушылар қуғындаған кезде оны қуғыннан құтқарған христиан – Эфиопия императоры еді. Кейіннен Мұхаммед өз жанында христиан дәрігерді ұстады. (Араб халифатында медицина христиан ғалымдары айналысатын негізгі сала болды және бұл олардың құрметті әрі танымал болуына көмектесті). Несториан монахы Сергий Мұхаммедтің жеке хатшысы әрі Құранды алғаш қағазға түсірушілердің бірі болды. Христиан билеушілеріне Исламның негізін салушы екі дін наным-сенімдерінің ұқсас екенін мәлімдеді: «Мариям баласы Иса Құдайдың

құлы және оның Сөзі екеніне куәлік етемін». Әрине, мұның бәрін араб мұсылмандары жақсы білді және христиандарға олардың негізін салушы сияқты жақсы қарады. Халифатта христиандық мемлекеттік мәртебелі дін болмағанымен мойындалған және құрметтелетін дін ретінде орнықты» [6].

Жоғарыда бірнеше рет сілтеме жасалған В.В.Бартольд IX-XIII ғасырлар кезеңінде исламның христиандыққа қатынасы туралы айта келіп: «Христиандар ислам билік еткен тұста Византия императоры билігінен гөрі діни тұрғыдан еркін болды; Византияда қуғын көрген еретикалық иерархтар халифат қалаларынан пана тапты. Тек ислам билік жасаған кезде христиандар арасындағы төзушілік қағидаты салтанат құрды; XII ғасырда Сирияның қарама-қайшы дін ұстанушылары, әркім өз көзқарасында қалғанымен, татуласты; XIII ғасырда Рим төзбеушілігіне Шығыстағы барлық дін ілімдерінің теңдігі қағидаты қарсы қойылды (*omnes sunt unum apud nos*). Тіптен Еуропаның христиан құлшылық етушілері өз өмірлері мен мүлкінің қауіпсіздігі үшін өз отанында емес мұсылман әлемінен пана тапты», – дейді [7, 184-б.].

Қазақстандағы жекелеген христиан конфессияларының тарихын қарастырамыз. Өңірдегі Римско-католиктік шіркеуінің тарихы мынадай. «Қазіргі Қазақстан аумағында католик миссионерлерінің пайда болуы туралы деректер XIII ғасырда пайда болған. 1245-1247 жылдары Моңғол империясына францискандық монахтар: Рим Папасы лигаты IV Иннокентий, итальяндық Джованни дель Плано Карпини және оның поляк бауырласы Бенедикт саяхат жасаған. Франция королі Людовик IX бен Қасиетті моңғол хандары арасындағы байланыстар нәтижесінде 1253-1255 жылдары францискандық Гильома де Рубруктың Мөңке ханға миссиясы болды. Бұл миссия еуропалықтардың Орта Азия туралы ой-өрістерін кеңейтіп, басты рөл францискандықтарға тиесілі миссионерлік қызметтің басталуына әкелді. Папа Николай III 1278 жылы қазіргі Қазақстан мен Орта Азияның аумағындағы миссияға францискандық орден тағайындады. Дешті Қыпшақ аумағында (Жетісуді қоспағанда, қазіргі Қазақстанды қамтыған тарихи өңір) өмір сүрген францискандықтар Берке мұрагері Мөңке-Темір қолынан көптеген артықшылықтар алды, оларды кейіннен Тоқтай мен Өзбек хандар растады және олар әскери қызметтен, мәжбүрлі еңбектен және барлық салықтардан босатылды. XIII-XIV ғасырлардағы аса ірі католиктік миссионерлердің бірі Азияға 1289 жылы Папа Николай IV жіберген францискандық Джованни Монтекорвино болды. Оның қызметімен Жаңа Кітап пен Пластырді моңғол тіліне аудару, Ханбалықта (қазіргі Бейжің) католиктік архиепархия-митрополиясының негізін салу байланысты болды. XIII-XIV ғасырлар

тоғысында францискандықтар «Codex Cumanicus» деп аталатын латын-парсы-түркі сөздігін жасады. XIV ғасырдың басында Ханбалық митрополиясы шеңберінде Шағатай ұлысының астанасы – Алмалықта (көне қала орны қазіргі Алматының шығысына қарай 300 км. жерде) католиктік епархияның негізі салынды. Епархияның бірінші епископы Карлино де Грассис болды. XIV ғасырдың шамамен 30 жылдарының ортасында Алмалықта францискан монастыры бой көтерді. Осы кезеңде Папа Папа Иоанн XXII христиан дінін қабылдаған, «ұлы Ханси князының серігі Карасмон мен Йоханан» деген біреулерге «Laetanter de vobis» хатын жіберді. Папа оларға «таңғажайып күйеу» және «Құдай тағаланың даңқы үшін әдемі шіркеу тұрғызылған» Алмалықта епископ болып тағайындалған францискандық епископ Ришар Бургундскийдің қамқорында болатындарын сендірді. Алмалық епархиясы оны қолдаған ханның өліміне дейін өсіп-өркендеді. Кейіннен христиандарды қуғындау басталып, шамамен 1340 жылы Алмалықта епископ Ришар Бургундский мен 6 францискандық монах (оның ішінде 3 ін қызметшісі) өлтірілді. Кейіннен соғыстар, обаның таралуы, Батыс шіркеуіндегі бөлінушілік Католик шіркеуінің аталған бастамаларын жалғастыруға мүмкіндік бермеді.» [8].

Баяндалып отырған қазіргі Қазақстан аумағындағы католицизм тарихы жекелеген кезеңдерде католицизмнің аталған өңірде христиандықты таратуымен қызықты. Православие католиктік миссиялармен күрделі қатынаста, оның үстіне текетіресте болмағанын атап өткен жөн.

Евангелизм Қазақстанға XIX ғасырда келді «1813 жылы Ресей императоры Александр I Ресейдің христиан емес халықтарының арасында еуропалық миссионерлік қоғамдардың жұмысына рұқсат беріп, Ресей інжіл қоғамының құрылуына жәрдемдесті. Ресейлік Азияны евангелизациялау мақсатында 1796 жылы негізі қаланған Эдинбург (Шотланд) миссионерлік қоғамы 1802 жылы Ресейде (Кавказда) бірінші миссионерлік станция құрды. 1815 жылы миссионерлер Астрахань мен Орынборда, яғни батыс-қазақстан даласы мен шөлді жерлеріндегі шекарада осы қоғамның жаңа станцияларының негізін салды» [9, 30–31-б.].

Дін тарихы үшін маңызы бар, өңірде көнеден бері өте кең тараған қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер – буддизм мен иудаизмнің тарихын тоқтала кетеміз.

Буддизмнің Үндістаннан Қытайға келуі Орталық Азия мен Қазақстан арқылы іске асты. Бұл процесс б.з.д. I ғасырдың ортасынан басталды. Орталық Азияда, Шығыс Түркістанда және Қытайда буддизмнің таралуына ортаазиялық құдайшылдар мен миссионерлер,

атап айтқанда II-III ғасырларда Будда ілімін ерекше белсенді ұстана бастаған парфяндықтар, юэчжилер, қаңлылар,

Ерте орта ғасырда Орталық Азияда буддизмнің таралуына соғдиліктер баста себеп болды. Ұлы Жібек жолындағы бірқатар тарихи-мәдени аудандар мен қалаларда будда ескерткіштерін ұшырастыруға болады. Бұл Термез қаласындағы II—III ғасырларда салынған Қара-тепе монастыры; Соғданың Санзар алабындағы ғибадат үйі; Мервтегі будда ескерткіштері; VII—VIII ғасырдағы Тохарстанның Аджина-тепе будда монастыры; Кувадағы (Фергана) будда храмы, Жетісудағы Ақ-Бешім мен Қызыл өзен храмдары. «ан-Недимның айтуынша буддалықтар манхейлердің ізашарлары болды (Flugel, *Mani*, S. 105); *Фихристтің* басқа тұсында былай деп жазылады: «Бұл дінді (будда) исламға дейін және көне дәуірден бері Мавераннахрдың көпшілік тұрғындары ұстанды (Фихрист, I, 345)» [1, с.299]. VI ғасырдан бері түркілер бастан өткізген буддизмнің ықпалы туралы Сюаньцзан да айғақтайды: ол батыс түркілері қағандарының бұл дінге оң көзқарасы туралы жазады. VII ғасырдың бірінші жартысында батыс түркілердің кейбір билеушілері буддист болды немесе буддизмге қамқорлық жасады, оның үстіне түркітанушы А. Габэн мұны түркілердің отырықшылыққа және қала өміріне көшуімен байланыстырады.

Жетісу — батыс түркілердің, төргештер мен қарлұқтар билік етті, бұл процес жеткілікті түрде қарқынды болды, Шу алқабының әр жылдары ашылған көне қалаларындағы (Ақ-Бешім, Қызыл өзен, Новопокровск) храмдар, монастырлар, ғибадатханалар, сондай-ақ будда кейіпкерлерін бейнелейтін ескерткіштер мен құйма мұнаралар осыны айғақтайды... Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша буддизм Ұлы жібек жолымен Батыстан Шығысқа Фергана мен Жетісу арқылы келген. Буддизмнің негізгі миссионерлері Жетісуде орын тепкен соғдиліктер болды. Б. А. Литвинскийдің ойынша, жетісу буддалары храмдарының сәулет келбеті мен храм ескерткіштерінен үнді және ортаазиялық дәстүр іздері байқалады. [10]. Ерте орта ғасырда буддизм Соғда, Маргиан, Фергана, Жетісуда таралады. Тіптен VI ғасырда билікке келген түркілер уақыт өте келе будда дінін қабылдады немесе олардың тайпаларына қамқорлық жасады. Кейіннен келген Арабтар будда қауымдарын Тохарстаннан аластатты. Будда орталықтары қазіргі Бішкек ауданындағы Шу алқабына ауысты, ал VII-IX ғасырда Жетісудің серіктес қаласы Шығыс Түркістан буддизмнің ордасына айналды. Кейінгі будда ескерткіштері XVII ғасырдағы ойрат басқыншылығымен байланысты. Иссық-Ата шатқалында (Бішкек қаласынан 75 км.) термальды және минералды су көздерінің жанындағы алып таста Будда кескіні салынған. Іле өзенінің жағасындағы Тамғалы шатқалында (Қазақстан) да ойрат басқыншылары осындай бейнелер қалдырды.

Будданың «ом мани падме хум» мантрасы бар эпиграфикалық ескерткіштері Ыстық көлдің маңайында да шоғырланған. Тұтастай алғанда нақты жергілікті объектілерде (киелі жерлерде) бір-бірін ауыстыратын табынушылық дәстүрлерін байқауға болады. Мәселен, бұрын бұтқа табынушылардың қасиетті жерлері мұсылман немесе будда орындарына айналып кеткен. Буддизм мұсылман мәдениетіне елеулі ықпал жасады (буддизмнің қазіргі Қазақстан аумағында таралуының тарихи фактілерін біз көптеген дереккөздер бойынша қайта жазып шықтық – А.К.).

Иудаизм Орталық Азия өңірінде біршама белсенді жұмыс істеді, өңірдің көптеген өркениеттер орталықтарымен сауда байланыстары дамыды, иудейлер осы байланыстардың өзегі болып, иудаизмді таратты, көптеген адамдар оларға құлақ асып, сауда тәжірибесін және онымен бірге иудаизм элементтерін алды. Иранның Еврей диаспорасы б.з. алғашқы ғасырларда біршама көп болды. Сірә, еврейлер б.з. IV-V ғасырларында яхудейлердің (бұхар еврейлерінің) ауқымы бойынша біршама үлкен ауқымын құрай отырып, нақ осы Ираннан Орта Азияға, сондай-ақ Үндістанға және тіптен Қытайға (Кай-Фын-Фу қауымы) көшкен болса керек. Олар осылайша Қазақстанның оңтүстігіне келген болуы мүмкін.

Кейіннен, X ғасырда еврейлер Хазар қағанатынан Солтүстік Батыстан Дешті-Қыпшақ даласына келді. Иудаизм Хазарияда мемлекеттік дін болды, ал осы державаның астанасы – Итиль қаласында – Еділдің төменгі сағасында еврейлердің рахдонит көпестерінің («жол білетін») сарайлары мен қоймалары тұрды, олар Сары теңізден Жерорта теңізіне дейін керуен саудасын бақылап отырды. Қалай болғанда да жазбаша дереккөздер б.з. X ғасырында еврей тұрғындарының Таразда (Талас алабында) болғанын айғақтайды.

Қазақстанда Еуропа еврейлері – ашкеназилердің пайда болуы осыдан тоғыз ғасыр бұрын орын алды. Бұған Ресейдің Еуропа бөлігінде өмір сүрудің ауырлығы, еврейлер үшін шектеулердің болуы, оларды империяның сыртқары тұсына – Сібірге, Кавказға, Қазақстанға көшіруге мәжбүрлеуі әсер етті. Дала Өлкесінде тұрғылықты тұру құқығын алу оңай болмағанымен, бірте-бірте мұндағы еврейлер саны еселеп артты. Бірі Қазақстанда әскери қызмет аяқталғаннан кейін қалып қойса, кейбіреулері көшіп келуші шаруалармен бірге келді.

Қазақстандағы еврей қауымдары туралы алғашқы жазбаша деректер XIX ғасырға жатады. Онда 1825 жылы Семипалатинск округінде «иудей дінін ұстанатын» 12 адам бар екені айтылады. 1897 жылғы Бүкілресейлік санақ деректерінде революцияға дейінгі Қазақстанның бес облысында (Орал, Торғай, Ақмола, Семей және

Жетісу) 2566 еврей тұратыны жазылады. 1911 жылы өлкедегі иудей халқының саны 5074 адамға жеткен. Жаңа орынға көшіп келген еврейлер өндірістік және сауда саласына өз білімдерін ғана емес, діндерін де ала келгені белгілі. Верный (Алматы) қаласында бірінші синагога (құлшылық храмы) 1884 жылы 31 мамырда пайда болды. Бұл шағын ғана ағаштан тұрғызылған ғимарат еді, онда қауым өздерінің мұқтаж діндеріне көмек көрсетті және Верный қаласындағы еврейлер өміріндегі негізі оқиғаларды – бала туу, некеге тұру, қайтыс болу мәселелерін тіркей бастады. Айта кету керек, 100 жыл өткен соң осы бірінші Верный синагогасының орнында тәуелсіз Қазақстанда Хәсәд деп аталатын бірінші еврей қайырымдылық қоры өз жұмысын бастады» [11].

Иудаизм өңірдегі негізгі діндер – ислам мен христиандықтың жұмыс істеуіне өте үлкен ықпал етті. Біріншіден, иудаизм - әлемнің авраам дінінің ішінде ең көнесі. Оның үстіне христиандықта да, исламда да олардың иудаизммен генетикалық байланысын көруге болады. Иудаизм, аталған екі дін қазіргі Қазақстан аумағында үлкен рөл атқара бастаған кезде, дін ретінде де және әлеуметтік-саяси және экономикалық астар ретінде де сақталды.

Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы туралы атқан кезде бүгінде Қазақстанда елеулі рөл атқармағанымен, кезінде (көне кезден бастап XIV ғасырға дейін) өңірде діндердің таралуы мен жұмыс істеуіне зор ықпал еткен бірқатар ағымдар туралы қысқаша айта кету артық болмайды. Мысалы, зороастризм Орталық Азия өңірі мен қазіргі Қазақстан аумағында біршама ұзақ уақыт ұстанылған діни ағым. Б.з. III ғасырында зороастризм сол кездегі өте қуатты держава Парсыда мемлекеттік дін мәртебесін сақтау отырып, ауқымды кеңістікте үстемдік құрды. Зороастризм аталған ғасырдың бірінші жартысында өз ықпалын күшейтіп, ғасыр ортасында барлық өзге діндерді қуғындай бастады, ғасыр соңында қуғынды күшейте түсті. Бірақ, VI ғасырда ол толерантты жағдайға көшіп, IV ғасырдың басында өңірде тіршілік етіп жатқан көптеген діндердің біріне айналды. Зороастризмнің бұлайша құбылуы парсыдағы ішкі жағдайдың (мысалы, «226 жылы билікке келген шах Арташир I христиандықты мемлекеттік дін ретінде жария еткісі келді, бірақ бұған зороастризмді ұстанатын әскер мүмкіндік бермеді» [12, 84-б.]), сондай-ақ Парсының өңірдегі маңызының өзгеруіне байланысты болды.

Өңірде манихейліктің тарихы да біршама маңызды. «Батыс қағанаттағы биліктен айрылғаннан кейін, Қытай империясы бұдан осы Орталық Азияның шығысында да өз билігін жоғалтты. VII ғасырдың аяғында-ақ Ашина әулетінің қағандары шығыс қағанатты қалпына

келтірді. Бұл мемлекет 744 жылы қарлұқтар мен ұйғырлардың бірлескен қысымымен болған өзара тартыс салдарынан күйреді. Оның орнында Ұйғыр қағанаты дүниеге келді, оның қуатты болғаны сондай, оған тіпті Қытайдың өзі алым төлеп тұрды. Ұйғыр қағанатында дін мемлекеттік деңгейде болған жоқ, онда манихейлік дін жаппай үстем жағдайға ие болды. Ал бұған дейін қытай императоры Сюаньцзун көлеңкелі айла-шарғыларға қатысты деп манихейліктерді Қытайдан қуған болатын. Оларды ұйғырлар қабылдап алды және бұл жергілікті саяси ахуалға дереу әсер етіп, олар Моянчур ханды оның таққа таласы кезінде қолдап шықты. Ал ұйғыр несториандықтар ханға қарсы жақта болды. Моянчур хан манихейлердың көмегі үшін кеңшілік бергені сондай, кейіннен олар ханның өзін биліктен ығыстырып жіберді. Ұйғыр қағанатында манихейлік абыздық кастаның диктатурасы орнады. Мәселеден хабары аз, қазіргі заманғы кейбір авторлар манихейліктерді христиандықтармен шатастыруға бейім. Ал шындығында Мани табынушылары Құдайшылық әлемін соншалықты жек көрген христиандыққа қарсы ағым еді, олар отбасын құруды теріске шығарды, жексұрын жын-ойнақ арқылы адам өлтіруге дейін барды. Қағанатта билікке ие болған соң манихейлер барлық өзге дін өкілдерін әртүрлі әдістермен: әуелі несториандықтарды, одан соң буддистер мен мұсылмандарды, шамандықтарды қуғындай бастады. Тоталитарлық манихей режимі оған бағынған қағанаттағы далалықтардың, тіптен ұйғырлардың өздерінің арасында наразылық туғыза бастады» [6]. 840 жылы Ұйғыр қағанатындағы өзара тартыс салдарынан манихейліктердің қарсыластары жеңіске жетіп, көшбасшы манихейлердің көпшілігі талқандалды, халқы несториандықты қабылдады

Қазіргі заманғы Қазақстан аумағындағы діндердің ертедегі таралу тарихы осындай.

2. XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX Ғ. БАСЫНДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ХРИСТИАНДЫҚ, ИСЛАМ ЖӘНЕ ПРОТЕСТАНТИЗМ

2.1 XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. басында Түркістан өлкесіндегі Орыс православие шіркеуі (ОПШ) жағдайының жалпы сипаттамалары

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей Түркістан өлкесіне енуін күшейте түсті. Әскери форттар салынды, әскери контингент ұлғайып, белсенді көшіру саясаты жүргізіле бастады. Орыс әскерлерін (сәл кейіннен көшіп барушы халықты) рухани азықтандыру үшін Орыс православие шіркеуінің діни қауымдастықтары құрыла бастады. Қазіргі Қазақстан аумағында орыс әскерлері Сырдария облысының (кейіннен Арал деп қайта аталған) Райым бекінісін салған 1847 жылдан бастап орыс православие шіркеуінің діни қауымдастықтары құрыла бастады, онда Орта Азияда алғаш рет тұрақты православие шіркеуі тұрғызылған болатын. 1850 жылы Қапал казак станциясында алғаш рет тұңғыш құлшылық үйі салынып, онда 1752 жылы бірінші дін қызметшісі, 1852 жылы Аятөзде де көмекшісі бар дін қызметшісі тағайындалды. 1853 жылы Сырдария облысының Қазалы мен Перов форттарында да діни қауымдастықтар ашылды. Осы уақыттан бастап Түркістан өлкесі шегінде православие діні бойынша құдайға құлшылық ету жасала бастады. «1860 жылы Перовскіде (Қазіргі Қызылорда) училище ашылып, онда оқытылатын пәндер ішінде діни – православие діні пәні болды» (ҚР ОММ, 171-қ, оп. 2, д.8, 44-б).

«Түркістан өлкесінің оңтүстік-шығыс Жетісудегі және оңтүстік-батыс Сырдариядағы 1867 жылы барлығы жиырма алты шіркеу болды. Олардың 13-і Сырдария облысында және жетісуде да сонша шіркеу болды. Сырдария шіркеулері Ташкент дін қауымдастықтарына кірді. Жетісу облыстарының шіркеулері көлемі жағынан кіші екі – Іле (8 шіркеу) және Лепсі (5 шіркеу) діни бірлестіктерге кірді. Оған қоса, екі облыста да 4 храм салына бастады. Түркістан паствасын әскери адамдар мен олардың отбасылары, Жетісу әскерінің казактары, шенеуніктер мен шаруалардың бір бөлігі, Ресей губернияларына көшіп келген адамдар құрады. Түркістан епархиясының дін ұйымы негізінен дін қызметшілерінен тұрды: Жетісу облысының диакондарының өзі үшеу болды, ал Сырдария облысында бір де біреуі болған жоқ. Түркістан өлкесіндегі діни тіршілік, басқаруға жіберілген епископ келгенше бей-берекет жағдайда болды, оны реттеп, тәртіп орнату қиын еді» [13].

Түркістан епархиясының құрылу тарихы қысқаша жазғанда осындай. 1867 жылы 17 шілдеде ресей үкіметінің Түркістан генерал-губернаторын («Түркістан өлкесін») құру туралы қаулы қабылдады, оның құрамына екі: орталығы Ташкентте орналасқан Сырдария және орталығы Верный қаласы болған Жетісу облысы кірді. Түркістанның бірінші генерал-губернаторы болып К. П. фон Кауфман тағайындалды. Жетісу облысының құрамына алты: Верный, Қапал, Жаркент, Пишпек, Лепсі және Қаракөл уезі кірді. Жетісудің бірінші әскери губернаторы осы өлкенің белгілі негізін салушы Г. А. Колпаковский болды. 1868 жылы Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман Қасиетті Синодқа ерекше епархия құру және епархиалық архиерейді тағайындау туралы өтінішхат берді. Мемлекеттік кеңестің Түркістан өлкесінде орталығы Верныйда орналасқан архиерей кафедрасын құру туралы шешімі 1871 жылғы мамырда бекітілді.

Астана және Қазақстан Митрополиті, Қазақстан Республикасындағы Орыс православие шіркеуінің Митрополит округының басшысы Александр бұл кезең туралы былай жазады: «Верный қаласында (қазіргі Алматы) орталығы орналасқан Түркістан епархиясы 1871 жылы ашылды және оның құрамына соның алдында ғана Ресей империясының қоластына енген ауқымы жағынан орасан зор Түркістан өлкесі кірді. Түркістанды отарлау оның көптеген бөлігінде әскери әрекеттер арқылы жүзеге асты (мысалы, Бұқар, Хиуа және Қоқан хандығы басып алынды) және бұл жағдай Түркістанда ұзақ уақыт бойы әскери жағдайдың шиеленісуі арқылы ұзаққа созылды. Түркістан епархиясының аумағы алаңы жағынан шамамен 1 млн. 200 мың шаршы верст болатын зор аймақты қамтыды. Өлкенің саны жағынан аздаған православие халқы бір бірімен ешқандай байланысы жоқ жекелеген станицалар мен әскери қалашықтарда бытыраңқы күйде және басқа дін өкілдері, әсіресе мұсылмандардың ортасында тұрды. Түркістандағы көшіп келген орыстарды діни азықтандыру проблемасы жіті болды. Православие діни қауымдастықтары мен дін қызметшілері орыс қоныстарының әр жерінде ғана бар еді. 1871 жылы Түркістан өлкесінде небары 26 діни қауымдастығы болды (олардың 16-сы – әскери гарнизондарда және 10-ы – станицаларда)» [14, 141-б.].

Верный қаласындағы діни тіршіліктің кейбір мәселелеріне қатысты кейбір куәгер құжаттарды мысалға келтіру қызықты болар деген ойдамыз.

— 1-кесте – 1871 жылы Верный қаласындағы ғимараттар саны [15]:

Ғимарат атауы	Тастан салынған	Ағаштан салынған
Шіркеулер	1	1
Мешіттер	—	1
Үйлер	234	972
Тұрғынжай емес ғимараттар	4	9
Лавкалар	—	226
Ларейлер мен балағандар	—	164
Асханалар мен түшпараханалар	—	21
Диірмендер	—	62
Барлық құрылыс саны	239	1,456

— 2-кесте – Тұрғындар саны 12 637 адам болған кезде әртүрлі діни наным-сенімдер саны мынадай түрде болды [15]:

Діни наным-сенім атауы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы
Римдік-католиктік	131	1	132
Протестанттық	22	2	24
Магометандық	550	152	702
Будда	136	87	223
Еврейлік	14	—	14
Бөлінгендер	15	13	28

Халықтың қалған бөлігі православие дінін ұстанды.

2.2 XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. басында патшалық әкімшілік пен ОПШ-ның Түркістандағы исламға қатынасы

Императорлық Ресейде әртүрлі етек алған пікірлерге қарамастан исламға баса назар аударылды, барлық деңгейдегі билік оны Ресейдің мұсылман бөлігін шоғырландырудың идеялық негізі ретінде қарай отырып, исламды қолдады. Ресей империясында алғаш рет исламды Ресейдің мұсылман халқының «заңды діні» деп бөліп көрсеткен Екатерина II саясатын жалғастырған Николай I және Ресейдің кейінгі императорлары Ресей қоғамын тұрақтандырушы элемент ретінде қабылдады. Ресей армиясында мұсылмандар құрайтын жекелеген полктар болғаны белгілі. Мұндай полктарда әртүрлі ұлт имамдары әскери діни қызметші ретінде қызмет етті. Мемлекеттік қызметке кіріскен мұсылмандар Құран алдында ант қабылдады. Кавказда, Қырымда, Оралда Мұсылмандардың діни басқармасы құрылды, бұл басқармалар барлық штат үшін ақшалай қамтылымды қазынадан алып тұрды.

Яғни, Түркістан өлкесінде жергілікті әкімшілікті құру кезінде Ресей империясының мұсылман халықтарымен қарым-қатынас орнатудың қомақты тәжірибесі бар болатын. Бұл мәселені зерттеушілер патша үкіметі мен оның өлкедегі әкімшілігі діни төзімділікті көрсетіп қана қоймай, мұсылмандарға саналы түрде қамқорлық жасалды деп атап көрсетеді. Бұл өлкедегі шенеуніктерге жіберілген нұсқаулықтарда отан мен патша тағына атал болуға шақырғаннан кейін, бірден мұсылмандардың мұқтаждықтары мен мүдделеріне әділетті қарау талабы болды.

Түркістан өлкесінің епархия басшылығы мен қатардағы дін қызметшілері өңірдегі ОПШ алдында тұрған міндеттердің қиындығы мен жауапты екенін жалпы түсінді. Өлкеде қызмет ету жағдайлары Ресейдегі ең қиын жағдайлардың біріне жатқызылды. Біріншіден, православие дін қызметшілері өзге дін өкілдерінің ортасында қалды: Түркістандағы ислам пұтқа табынушы дәстүрлермен қатарласа жүрді, буддизм кең тарады, көшіп келуші православие өкілдерінің ішінде дінге сенбеушілер, авантюралық мінез-құлықты адамдар көбейді. Архиериялық қызмет ету орны ретіндегі Түркістан өлкесі онша тартымды болып қарастырылған жоқ: орталықтан қашық, православие дәстүрлерінің жоқтығы, ақшалай қаражаттың аздығы, құдайға қарсы қозғалыстардың көптігі. Оған қоса, Түркістанда Ресей империясының басқа шет жеріндегі сияқты сектандар мен бөлінгендерді, саяси сенімсіздерді т.б. жер аударды. Бұл Түркістан басшысына діни ұстаным сипатында да, күнделікті тіршілікте де көптеген міндеттер жүктеді.

1871–1917 жылдар кезеңінде Түркістан кафедрасына кезек-кезек 11 билік етуші архиерлер басшылық жасады. Әрине, білім деңгейі, ұйымдастырушылық қабілеті, жұмыс нәтижелілігі бойынша бұл епископтардың бір-бірінен ерекшеленгені түсінікті. РПШ синоды епископтар мен архиепископтарды Түркістан епархиясы басшысы ретінде жіберу үшін ықиятты түрде іріктеді. Епископтарға жүктелетін: миссионерлік, храмдар салу, епархияның қатардағы дін қызметшілерінің жалпы және діни сауаттылығын жоғарлату, шенеуніктермен, әсіресе генерал-губернаторлармен қарым-қатынастарды жолға қою т.б. міндеттер есепке алынды. Сондықтан Синод Түркістанға білімді, дипломатиялық қабілеттері бар тәжірибелі, шіркеуде қызмет етудің жақсы «мектебінен» өткен епископтарды жіберді. Ресей империясынан тысқары жерлерге ұзақ уақытқа жіберілетін епископтардың көбі басқа дін адамдары ортасында қалай миссия жүргізу керек екенін білетін еді.

Мұндай епископтарға бірінші кезекте, көп тілдерді білетін, шіркеу шежірешісі, Италия мен Константинопольдағы шіркеу саласында

қызмет еткен еп. Софонияны жатқызуға болады. Еп. Димитрий (Абашидзе) аса білімді болды, еп. Александр (Кульчицкий) тәжірибелі миссионер болса, еп. Григорий (Полетаев) керемет ұйымдастырушы болды. Архипастырлардың барлығына дерлігі православиеге адал болып, дінді сақтай білді, Түркістандағы православиенің дамуы жолында күш аяған жоқ.

XX ғасырдың басында Қазақстанда православие дінін ұстанушылар саны 390 мыңнан астам адамды құрады. Дін ұстанушылардың әлеуметтік құрамы әркелкі болды. Пастовтардың негізін орталық Ресейден көшіп келушілер, шенеуніктер, саудагерлер құрады. Православие миссионерлерінің ондаған жылдар бойы күш-жігерлері, олардың жанқиярлық еңбегіне Ресей империя үкіметінің бөлген біршама қаражатына қарамастан айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Бұған қазақтардың көшпенді өмір салты және патшалық Ресейдің дінге қатысты қосарлы саясат жүргізуі себеп болды. Бір жағынан қазақ даласында православие миссиясының міндеті атқарылып жатты, екінші жағынан генерал-губернаторлар жергілікті халық тарапынан наразылықтың болуынан қорықты, қазақтардың ислам дінін ұстануын көтермелей отырып, миссияның жүзеге асуына барынша кедергі жасады.

Өлке басшылығының мұндай ұстанымы епископат пен епархия дін қызметшілерінің қарсылығын туғызды. Көп жағдайда даулы мәселелер өлкенің мұсылман қауымының пайдасына шешіліп отырды. Мысалы, «епископ Григорийдің (Полетаев) 1893 жылы Қырғызстандағы пұтқа табынушылар арасында миссия ұйымдастыру ниеті генерал-губернатор Вревскийдің «қара-қырғыздардың діни істерін сарт (яғни өзбек) мұсылман дін басқармасына беру туралы» жарлығымен жолы кесілді. Бұл Түркістандағы орыс шенеуніктерінің осындай жағдайларда исламға басымдық беруі бірінші рет емес. Православ ұстанушылары мұндай фактілерді әртүрлі бағалады, бірақ империя билігінің мұндай ұстанымы өлкедегі дінаралық және ұлтаралық келісімге ықпал еткені анық.» [16, с.34]. Дегенмен, Далалық өлкедегі жергілікті патша әкімшілігі тұрақты түрде болмаса да, Орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметін қолдап отырды. ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатында осыны сипаттайтын «Қырғыздар арасындағы дін қызметшісі Филарет Синьковскийдің сіңірген миссионерлік еңбектері туралы» іс сақталған, онда Түркістан өлкесінің Генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский «Филареттің қызметін жоғары бағалап, оны орденмен марапаттауға ұсынады» (ҚР МОМ, ф.64, оп.1, 312-і). Жаңадан шоқынған қазақтарға Ресей императорының жарлығына сәйкес жер телімі бөлініп, оны әскери міндетті орындаудан босататын грамота берілді.

Түркістан өлкесінің жергілікті халқы арасындағы орыс православие шіркеуі миссияның нақты жағдайлары туралы ұғымдарды 1881 жылы Қырғыз дін миссиясы жасаған қызметті талдаудан көруге болады. Мәселен, бұл мәселені арнайы зерттеген қазақстандық зерттеуші З.Т. Садуақасова былай жазады: «1890 жылға дейін Қырғыз дін миссиясы келешекте болжанып отырған, жергілікті халықты христиандандыру бойынша жауапты қызметке дайындық жұмысымен айналысқан бір миссионерлік дін ұйымынан тұрды. Бірте-бірте миссия дербес сипатқа ие болып, Омбы епархия құрылғаннан кейін ол Алтай миссиясынан толықтай бөлініп шықты. Оның сандағы архимандрид тұлғасында өз бастығы, 4 станы және 11 дін қызметшісі болды, бір жыл ішінде 70-ке дейін өзге халық өкілдерін дінге тартты» (З.Т. Садуақасова жасайтын сілтемесі: Қырғыз дін миссиясы // ГАОМО, ф. 16, оп. 1, д. 45, л. 7-16-б). Кейінен Қырғыз дін миссиясының қызметі шоқынған қырғыздар санын ұлғайту бойынша жоғары көрсеткіштермен ерекшеленген жоқ. 1906 жылы миссия мүшелері барлығы 19 адамды, оның ішінде небары 8 қазақты шоқындырды. ... Бұл мәселе бойынша баспасөзде сын мақалалар пайда болды. «Речь» газетінің жазуынша қырғыз миссиясының әрбір шоқындырған адамы «700-ден астам рубль тұрды» (Сілтеме: О деятельности миссионеров // Речь. – 1910. – 24 шілде)» [17, 95-б.].

Қазақтар христиан қабылдаған әрбір жағдай жаңадан шоқындырылғандардың ерекше жеке істерінде тіркеліп отырды. ҚР МОМ-да қазақтардың православиені қабылдау жағдайлары, олардың одан кейінгі өмір сүру мән-жайлары, олардың тұрғылықты жерден қашып кетуі немесе оларды руластарының алып кету жағдайлары жазылған көп парақтан тұратын (110 және одан да астам бет) істер бар. Мысал келтірсек: «қазақ қызы Айсара Оразбаеваның христиан дінін қабылдағаны туралы ісінде, оның дінді қабылдағаны, одан соң христиан дінінен бас тартқаны (бұл бойынша жауап алу кезінде ол дінді қабылдау фактісін растаған жоқ), өзінің өтініші бойынша әкесіне кетуі, жолда қашуы, оны іздеуден нәтиже шықпауы туралы айтылады. Іс бірнеше жылға созылған және жергілікті әкімшіліктің істі жабу туралы өтінішіне қарамастан тергеу шексіз созыла берген (ҚР МОМ, ф.4, оп.1, 4606-і). Аталған жағдай Дала өлкесіндегі жергілікті патшалық әкімшіліктің айқын бюрократизмін көрсетеді, осы кезеңнің көптеген істерін шолу 1917 жылғы революцияға дейінгі Ресей шенеуніктерінің бюрократизм «былығына» батқанын растайды.

Қалай болғанда да, Генерал-губернатор Г.А. Колпаковский мұсылман әскер қызметшілеріне ислам заңдары бойынша құлшылық етуге рұқсат еткені өз алдына, тіптен солай болуы жөнінде бұйрық шығарды: «Мұсылмандардың Ораза айт мейрамының келуіне

байланысты, мен әскери бөлімдердің мұсылман дініндегі шенді мырзаларын қызметтік міндеттерден босатуды сұраймын және намаз оқу үшін мешітке баруды бұйырамын». Ол мұндай бұйрықтарды мұсылмандардың Құрбан айт мейрамы қарсаңында да шығарды» [18, 273–274-б].

Осы орайда қолданыстағы әскердің бас қолбасшысы әскери министр 1949 жылғы 7 наурызда жариялаған «Өзге дін ұстанушылардың төменгі шенділерінен дін қағидалары бойынша емтихан алу туралы» Император Жарлығын атауға болады, ол әскери қызметшілердің діни сауаттылығын арттыруға бағытталған (яғни Г.А. Колпаковский бұйрықтарды Ресейдің мемлекеттік саясатына сәйкес шығарып отырды). Түркістан мұсылмандарына тиісті артықшылықтарды қалдырды және мемлекет қазынасынан төленетін төлемдерді қосты. Патшалық әкімшілік мешітте қызмет етушілерге ақы төлеп отырды: «1846 жылы Жоғары мәртебелі Императордың жарлығы бойынша Орынбор уездік қазынашылықтан Мешіт қызметшілеріне 110 руб. 30 тиын төленгені жазылған, оның 55 руб. молдаға, маудзинге 12 руб. 50 тиын төленген. Мешіттің тағы екі қызметшісі де ақшалай қамтамасыз етілген» («1847 жыл ішіндегі мешіт қызметшілеріне ақы төлеу сомаларының кірісі мен шығысы кітабы»). Бір қызығы, ақша төлеу процесі қатаң бақылауда ұсталды. Жоғарыда көрсетілген сома генерал-майор лауазымындағы вице-губернатордың қолымен ведомость арқылы төленіп отырған (ҚР MOM, ф.4, оп.1, 4988-іс).

«Түркістандағы мұсылман дін басқармасының кірісіне салық салынған жоқ, оған тиесілі вакуфтар, яғни дін ұстанатын мұсылмандар тегін және ерікті түрде өңдейтін ауқымды жерлер толық сақталды. Ал мұсылман дін училищелері, мектептер мен медреселер өз вакуфтарын сақтағаны үстіне үкімет қорынан қосымша қаражат ала бастады. Мұсылмандарға жергілікті сот қазилары іске асыратын шарият соты қалдырылды, орыс билігіне ең ауыр қылмыстар ғана тиесілі болды. Өзбектің миссионер молдалары Қырғыз бен Қазақстан көшпенділерінің арасында мұсылмандықты насихаттап және ондағы пұтқа табынушыларды Исламға шақыра отырып, өз сапарларын еркін жалғастыра берді. Ресей әкімшілігі өзінің мұсылман дінін ұстанушыларға оң көзқарасын барынша көрсетуге тырысты, оның ісіне араласудан өлердей қорықты. Ресей үкіметі мұсылман өлкесінің діни мұқтаждығын қанағаттандыруға, көне мешіттер мен медреселерді қалпына келтіруге бірнеше мәрте ірі қаражат бөлді. Қазанда қазына есебінен Құранның көп таралымы басылып шығып, оның басым бөлігі Түркістанға жөнелтілді және жергілікті имамдарға таратылды. 1888 жылы Император III Александрдың жеке қайырмалдығы есебінен Жами атты атақты көне мешіт қалдығы қалпына келтірілді – бұл мұсылмандардың ризашылығын оятты. Бұдан соң мешітті көп жылдар

бойы патша мешті деп атады. Мешіттің жаңғыруына қатысты өзінің ризашылық лебізінде Мұхаммед Мухитдин-қожа былай деді: «Аллаға мың алғыс! Ақ патша кезінде бізге әдет пен шариятты ұстануға ештеңе кедергі келтірмейді. Күллі өлкеде барлық халықтарда екі нәрсе қатты құрметтеледі, ол – дін мен білім. Ал бұл екі нәрсеге қамқорлық қылған би одан артық жақсылық жасай алмайды» [19, 151-б.].

Өлке мұсылмандары өз кезегінде православие өкілдеріне храмдар мен құлшылық ету үйлерін салуға көмектесті. «Орыс шаруалары алыс өлкеде де өзіне етене жақын православие дінін ұмытқан емес. Олар жаңа орынға орныққаннан кейін храм салу бірінші кезектегі мәселе болды. Бұған, әлбетте мұсылмандардың жомарт жүрегі жәрдемдесті. Түркістандағы үш ауыл храмы мұсылман қайырмалдығы қаражаты есебінен салынды. Шыршықтағы күні бүгінге дейін сақталған және монастырь болып саналатын Свято-Георгиевский храмына жергілікті молда қаражат берді. Самаркандтың Свято-Алексиевский соборын салуға басты салымшылар тізімінде «көпес - мұсылман Әлімбековтер» көрсетілген. Мұсылмандар мен христиандар қайырымдылық ісін жүзеге асырды, жетім балаларға арналған үй салдырды. Православ бауырлардың қаражатынан басқа «қайырымды іске» он мың червонец жіберген әмір Сайд Әлімханның көмегі үлкен рөл атқарды. Жетімдер үйінде әртүрлі ұлт өкілдерінің жетімдері тәрбиеленді: Мұсылман балаларына – молда, орыстарға православ дін қызметшісі Құдай ілімдерін үйретті» [20, 33–34-б.].

Дала өлкесінің әкімшілігі мұсылмандардың Меккеге, Мединеге және Иерусалимге қажылыққа баруына кедергі жасады деген пікірді ҚР МОМ көптеген материалдары теріске шығарады. Бұл мәселе бойынша 43 парақтан тұратын «Қазақтарды Меккеге және Мединеге жіберу туралы» істі мысалға келтіруге болады. Іс қазақ Шұйтасов пен молда Жәнібековтің Меккеге және Иерусалимге қажылық жасауға бір жыл мерзімге жіберу туралы өтінішінен басталады. Ішкі қырғыз ордасын басқару жөніндегі Уақытша кеңес өзінің 1862 жылғы 7 қыркүйектегі отырысында бұл өтінішті қолдады. 1962 жылғы 19 қыркүйекте Сүлейменов пен Наурызбаев та қажылық туралы өтініш жазды. Кеңес рұқсат етті. Исекенов, Кианиязов пен Тильгаринге де рұқсат етілді (осы және басқа жерлерде адамдар тегінің жазылуы ҚР МОМ түпкі құжаттары бойынша келтіріліп отыр – А.К.). Генерал-губернатор В.А.Перовский Шекара комитетіне бұл мұсылмандарды, сол кездері қарым-қатынас нашарлаған Түркия арқылы емес және «олардың орта азия облыстарын кезіп жүрмей, бірден Мекке мен Мединеге баруы үшін» жіберуге өкім берді. әрине, бұл шешімдер мен рұқсаттарға уақыт қажет болды (мәселен, аталған адамдарға шекара арқылы тек 1863 жылғы 1 ақпанда ғана өтуіне рұқсат етілді). Бірақ бұл Ресей мен Түркия

арасындағы қатынастардың нашарлауына байланысты болды (бұрын қажылыққа рұқсат алу анағұрлым жеңіл болды). 1864 жылы Мекке мен Мединеге қажылыққа баруға ниет білдірген мұсылмандардың үлкен тізімі бекітілді.

Бірақ, қажылық кезінде бірқатар мәселелер туындауына орай Генерал-губернатордың Өлке Кеңсесі Ішкі істер министрлігінен Дала өлкесі мұсылмандарының қажылық жасауының жалпы қағидаларын жасауды өтінді. Ішкі істер министрі С.С. Ланской 1859 жылы Қырым мұсылмандарына қатысты, егер жергілікті бастықтар олардың сенімді екендігі, олардың шаруашылық істері сапар кезінде тұралап қалмайтыны, олардың міндетті жарналары өздері болмаған кезде қамтамасыз етілетіні туралы растамасы бар болса ғана, дін ұстанушыларды қажылыққа жіберуге болады деп көрсетті. Бұл шарттар орындалған кезде губерния бастығы дін ұстанушыларға шетелдік паспорт пен қажылық жасауға рұқсат береді. Ішкі істер министрлігі Дала өлкесінің дін ұстанушыларына да осындай қағидалардың қатысты болуын ұсынды (ҚР MOM, ф.4, оп.1, 6123-іс).

Әрине, Түркістан өлкесі билігінің исламға қарым-қатынасы толықтай жақсы болды деп айту қиын, З.Т. Садуақасова өзінің «Патшалықтың Қазақстандағы білім беру мен дін саласындағы рухани экспансиясы» деп аталатын монографиясында (Алматы, 2005 ж.) бұған қарсы сипаттағы көптеген мысалдарды келтіреді [17, 126–171-б]. Алайда, жалпы алғанда өлке билігі мен Ресей православие шіркеуінің исламға көзқарасы байыпты, тіптен достық рәуіште болды деп толық айтуға болады.

Ислам идеология ретінде ол мемлекетке залал тигізіп, пайдаланылатын жағымсыз көріністе байқала бастаған кезде Түркістан өлкесі билігі алаңдаушылық білдіре бастады. Мәселен, «Молда Берчембаев пен шаруа Мамушевті Бөкей хандығы халқы арасында Түркияның пайдасына үгіт жүргізгені үшін ұстап алу туралы іс» сол кездері жария болды. Істің ұзын-ырғасы мынадай. 1854 жылы наурызда Орал казак әскерлерінің атаманы өлке генерал-губернаторына хат жазып, онда екі үгітшінің таяу арада Ресей мен Түркия арасындағы соғыстың Түркияның пайдасына шешілетіні туралы жағдайды баяндайды. (ҚР MOM, ф.4, оп.1, 5723-іс). Үгіттің жолы кесілді. Үгітшілер кейіннен «сақалды молдалар» деп аталатын топқа жататындықтан істі исламмен байланыстырды. Атап кету керек, шынында да Түркиямен соғыс болды.

Исламды ұстану сипаты да бақыланып отырды. Мысал келтірсек. «Дала Генерал-губернаторы Кеңсесінен Ақмола губернаторына істің анық-қанығына жетуді өтінген хат жіберілді (А.Мурзамбетов тағы да

насихат жүргізіп жатқан жоқ па, оған ағайынды Жәнібековтер көмектесе ме: оған мал мен ақша жинап жатқан жоқ па). Аузе Мурзамбетов (исламның дәстүрлі емес нұсқасын уағыздайтын 35 жастағы молда) 1872 жылы құлшылық жасау үшін қазақтарды рұқсатсыз салынған мешітке өз бетінше жинаған және оған Императордың Жарлығы бойынша қандай да бір насихаттау-уағыз жүргізу қызметіне тыйым салынған. Ақмола Уезі бастығы 1885 жылғы 16 тамызда Ақмола губернаторының міндетін атқарушыға мал ақша жиналмайтынын және Жәнібеков – «Маған сеніп тапсырылған үздік Басқармада көшпенділер арасында үлкен құрметке ие» екенін жазады. Бұдан кейін анықталғандай Жәнібековке болыс басқарушысы лауазымына таласып жүрген бәсекелесі жала жапқан. Өз кезегінде Ақмола губернаторының міндетін атқарушы Дала генерал-губернаторына істің мән-жайын баяндап, іс тоқтатылған» (ҚР МОМ, ф.64, оп.1, 293-іс).

2.3 XIX ғ. екінші жартысында –XX ғ. басында патшалық пен ОПШ-ның Түркістан өлкесіндегі протестанттық ағымдарға қатынасы

Ресейдің православие шіркеуінің Ресейде сол кездері «сектанттар» деп аталған евангелизмге, баптизм мен өзге христиандық конфессияларға сенімсіздікпен қарағаны байқалады. 1905 жылғы Манифесіне сәйкес Ресей азаматтарына өз қалауы бойынша қандай да бір дінді ұстану құқығы берілді. Алайда, барлығына дерлік конфессиялардың (православие мен исламнан басқа) миссионерлік қызметіне тыйым салынды. Бұл тәртіп жалпы Орыс православие шіркеуінің қызметіне де, кез келген діндерге (исламнан басқа) де қатысты болды. Сондықтан исламды қолдайтын Түркістан өлкесіндегі жергілікті патша әкімшілігі бұған дейін айтылғандай сектанттар деп аталатын діни ағымдарға көбіне сенімсіздікпен қарады. Ал діни ұйымның дамуы тікелей оның миссионерлік қызметімен болғандықтан осы миссионерлік қызмет бақылауға алынып, тоқтатылып отырды. Ресей православие шіркеуі «сектаға» қатысты тіптен қатаң ұстаным ұстанды. Дегенмен, 1905 жылдан кейін «секталарды», айрықша жағдайларда болмаса, ешкім қудалаған жоқ, бірақ оларға кейбір қызметпен айналысуға тыйым салынды.

Дегенмен, Түркістанда «секталар» Ресейдің ішкі губернияларымен салыстырғанда анағұрлым еркін және табысты әрекет етті. Олардың өлкедегі қызметінің ауқымы туралы А.И. Клибановтың «История религиозного сектанства в России (60-е годы XIX в. – 1917 г.)» монографиясындағы мынадай фрагменттен көруге болады, атап айтқанда: «1913 жылғы мамырда Дала өлкесінде баптизмді дамыту

Министрлер кеңесінің отырысында талқылауға шығарылды. Ішкі істер министрлігі жүргізген арнайы бақылап-зерттеу «...өлкеде өзінің таралуы жағынан, барлық жерде, оның ішінде Ресейдегі сияқты баптизм қатер төндіріп отырғанын» растады. Дала өлкесіне, жалпы Ресейдің азиялық бөлігінің губернияларында қоныстандыру Столыпіннің аграрлық саясатының елеулі бөлігінің бірі болатын. Бұл саясаттың мақсаты Ресейдің Еуропа губернияларын «тынышсыз», оппозициялық шаруашылық элементтерінен тазартып, оны жер өңдеумен айналысатын және хуторлық шаруашылық жүргізетін жеке-дара жер иеленушілерді орнықтыру болды. 1915 жылдың аяғында Ресейдің азиялық губернияларында 12 мыңға жуың жеке-дара, жермен айналысатын және хуторлық шаруашылықтар болған... Ішкі істер министрлігінің тексерушілері былай жазады: «...Дала өлкесінде сектанттықтың мейлінше қауіпті және жаугерші түрі – баптизм өзіне аса жайлы жағдай тауып отыр. Жергілікті жерлерде зайырлы, сондай-ақ діни билік тарапынан бақылаудың жеткіліксіз болуына орай, ірі, мықты ұйымдасқан дербес ұйымдар, оның үстіне сектанттар арасында дамыған өзара көмек арқасында материалдық жағынан қамтамасыз етілген баптистік кенттер олардың төңірегіндегі барлы елді мекендер арасында өз қызметін еркін көрсету және үлгі ету мүмкіндігін алып отыр.». (А.И. Клибановтың сілтемесі: ЛОМТМ, ф. 1276, оп. 17, ед. хр. 263, л. 223 – А.К.). 1912 жылы Дала өлкесінде 8 мыңнан астам баптистер болған. Бұлар құрамында штаттық миссионерлер бар қалыпқа түскен ұйымдар болатын. Тұтастай баптистік қозғалыстың басшысы «Ресейдегі осы сектаның қызметін тынбай таратушылардың бірі – жергілікті капиталист, ірі жер иеленуші және қой шаруашылығының иесі, баптистік құлшылық ету тәртібінің белгілі авторы Г.И. Мазаев болатын» (ЛОМТМ, ф. 821, оп. 133, ед. хр. 285, л. 197.)» [21, 228-б].

Ресей императорының арнайы бұйрығымен XIX ғасырдың 80-ші жылдарында Түркістан өлкесінде православтық емес христиан конфессияларында осы конфессияны құрайтын этностық қауым тілінде (немесе латын тілінде) құдайға құлшылық етуге немесе уағыз айтуға рұқсат етілді. Алайда, дін ұстанушылардың басым көпшілігі Ресей азаматтары болғандықтан негізгі сөйлесу тілі орыс тілі болды, сондықтан кейіннен уағыз айту, қызмет көрсету кезінде орыс тіліне тыйым салу алып тасталды.

Дін және діни оқу орындарында (правиславиелік және ислами) оқып жатқан адамдарға қатысты қатаң шаралар қабылданды. Императордың Жарлықтарынан және Қасиетті Синодтың Обер-прокурорының жарлықтары мен хаттарынан, білім беру министрінің бұйрықтарынан кейбір мысал келтірсек, мәселен, 1884 жылы Қасиетті Синодтың «діни оқы орындары тәрбиеленушілерінің үйірмелерге

және әртүрлі қоғамдастықтарға қатысуына тыйым салу» туралы жарлығы (ҚР MOM, ф.706, оп.1, д.131, 26-б) шықса, сол жылы Қасиетті Синодтың Обер-прокуроры К.Победоносцев діни оқу орындарында білім алушыларға «Л. Толстойдың шығармаларын оқуға» тыйым салды (ҚР MOM, ф.706, оп.1, д.131, 4-б). 1886 жылы Императордың «діни оқу орындарының білім алушыларына көпшілік қатысатын іс шараларға (шерулер, демонстрациялар т.б) қатысуға тыйым салу туралы» (ҚР MOM, ф.706, оп.1, д.131, 2-б) жарлығы болды. 1891 жылы К.Победоносцевтың хатымен «бір діни оқу орнынан екінші діни оқу орнына ауысуға (сенімсіз жүріс-тұрысын жасыру ниетінде)» тыйым салынды (ҚР MOM, ф.706, оп.1, д.203, 19-20-б). Императордың «Дін және діни оқу орындары тәрбиеленушілеріне оқпен атылатын қаруды сатып алуға және ұстауға тыйым салу туралы» жарлығы 1904 жылы шықты (ҚР MOM, ф.706, д.118, 29-б). Бірақ, осы және басқа да қатаң шараларға қарамастан XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында діни оқу орындарында білім алушыларға революциялық және атеистік идеялардың ықпалы өсе түсті.

Әскери ведомство протопресвитерінің 1912 жылғы «Дін қызметшілерінің ойын-сауық мекемелеріне баруына жол бермеу туралы» жарлығы (ҚР MOM, ф.174, оп.1, д.113, 5-л), оның «әскери бөлімдерде патриоттық тәрбие бойынша» ұсынымдары (ҚР MOM, ф.174, д.106, 4-л), Протоспесвитер жанындағы діни басқармасының 1913 жылғы «шіркеуден асыл қалған православие адамдарына көмек көрсету қажеттігі туралы» (ҚР MOM, ф.174, д.119, 36-б) дін қызметшілердің рухани деңгейін көтеруге бағытталған.

Түркістан өлкесінің жергілікті билігінен өңірдің діни жағдайына қатысты әртүрлі есептер мен рапорттар талап етілді. ҚР MOM-да уезд бастықтарының 1916 жыл ішінде ескі дәстүрлердің құлшылық ету үйлеріне, сектанттық қауымдар мен еврей синагогаларына жеке қайырмал-құрбандарының болмағаны туралы рапорттары бар (ҚР MOM, ф.15, оп.2, 417-іс, 8-б). Сондай-ақ 1946 жылы православиеден өзге дін мен өзге наным-сенім құлшылықтарына кетіп қалғандардың жоқтығы туралы рапорттар да көп (ҚР MOM, ф.15, оп.2, 417-іс, 27-б).

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Түркістанға көптеген мажар, поляк, австриялық тұтқындар жер аударылды, олардың көпшілігі евангелисттер мен лютерандерге жататын еді. «Әртүрлі христиан ағындарындағы әскери тұтқындардың діни тіршілігі бойынша 1914-1917 жылдары сол әскери қызметшілер қатарынан шыққан діни қызметшілер жұмыс жасады. Мәселен, Түркістандағы бес мың әскери қызметшілер ішінде 1914 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 53 дін қызметшісі славян тектес болды.» [22, 21-б].

Сонымен қатар жергілікті жерлерде дін қызметшілері (Ресей үшін дәстүрлі діндер бойынша) жетіспеді. Мәселен, Өскемен уезінде 1917 жылғы ақпанда православиелік емес діндер ішінде небары 16 молда және 7 мешіт болды (ҚР МОМ, ф.15, оп.2, 417-іс, 37-б). Семей уезінде 1917 жылғы наурызда: 1 православие монастыры, 19 шіркеу, 14 дін қызметшісі, 14 құлшылық ету үйі, 6 мешіт, 9 молда болған (сонда, 41-б).

1917 жылы Түркістандағы діни жағдай аса күрделі және шиеленісті болды. Мұның бәрі өлке халқының әртүрлі құрамына, жергілікті халықтың көп болуына, патшалық Ресейдің саясаты қалыптасқан, әсіресе столыпиндік реформаларға орай саясатына, Ресейдің орталық облыстарынан көпші-қонның бақылаусыздығына, өңірге Бірінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындарының жаппай жер аударылуына байланысты болды. Бұл жағдайлар Түркістандағы конфессиялық жағдайдың ала-құла болуына әкелді. Билік әлсіреп, халықтың саяси артықшылық беруі саралана түсті, бұл сыртқы әртүрлі күштердің өңірге зор ықпалы жиналып келіп өңірдегі діни мән-жайды іс жүзінде басқаруға келмейтін жағдайға жеткізді.

3. XX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ МЕН ПРАВОСЛАВИЕ (Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағатының материалдары бойынша)

КСРО-дағы дінге қарым-қатынас көп мәрте жазылды, оларды қайталаудың қажеті жоқ шығар. Үстем идеология ретінде атеизм іс жүзінде әрқашан және барлық жерде бірдей сипатталған жоқ. 1918 жылғы 23 қаңтарда Халық Комиссарлары Кеңесінің «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу турады» декреті қабылданды, бұл мемлекет пен діннің ондаған жылдар бойғы қарым-қатынасына негіз болды. Орыс православие шіркеуі (ОПШ) революциядан кейін бірден қуғынға ұшырады, ол шіркеу құндылықтарын ашаршылыққа ұшырағандарға көмек ретінде алып қоюға байланысты 1921–1922 жылдары мүлдем қатая түсті. 20-шы жылдардың басында кеңес билігі «жаңарған» шіркеу құруға бастама білдірді, ол «тірі» шіркеу деп аталатын шіркеу түрін білдірді, онымен мемлекет 1943 жылға дайын ынтымақтастықта болып, оны дәстүрлі ОПШ жою мақсатында қолдап отырды («тірі» шіркеу іс жүзінде бұдан бұрын өздігінен жойылғанын атап кету керек).

20-шы жылдары кеңес билігі ислам біріккен халықтардың діні деп мұсылмандарды иландыра отырып, исламмен өз ойынын бастады. «20 жылдардың ортасында діни жандану шегіне жетті. Мұрағат

құжаттарына қарасақ, мұсылмандық мекемелер Қазақстанның барлығына дерлік облыстарында жұмыс істеп әртүрлі ұлттардың: қазақ, ұйғыр, дұнған, өзбек, татарлардың діни қызметшілерін біріктірді. Дін ұстанушылар мен діни басқарманың шамамен 90%-ы қазақтардың үлесіне тиесілі болды. 1924 жылы республикада ондаған діни мектептер болды, мұсылман ісін жүргізу жұмыс істеді, мешіттер салынып, суфий ағынының жаңғырғаны байқалды: кейбір суфий бауырластарының басшысы – ишанның, мүридтердің саны 500-800-ге дейін жетті.... Қазақ діни бірлестіктері бытыраңқы деп танылып, 1923 жылдан кейін Ресей мен Сібір ішкі мұсылмандарының орталығы Уфа қаласында орналасқан Орталық діни басқармасының қарамағына кірді. Халықтан: зекет, садақа т.б. сияқты жаппай құрбандықтар жинау практикасы кең таралды. Жиналған қаражат ресми дін басқармасының ішінде де, «халықтың ислам» саласындағы, ишандардың, мүридтердің, диуаналардың және басқалардың рухани сұранысын қанағаттандыру үшін таратылды.» [23].

Бірақ биліктің мұндай саясаты ұзаққа бармады, он жылдықтың соңына қарай оларды да православиеліктер сияқты қатаң қуғындай бастады. Дін көшбасшылары, белсенді дін ұстанушылар мен қатардағы қарапайым дін иелері жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстан жері Орыс православие шіркеуінің жер аударылған қызметшілерінің аса көп мөлшерін қабылдады. Олардың көпшілігі бірден атып тасталды. Қуғын-сүргін көбіне жергілікті дін қызметшілерін шарпыды. Қазақстандық кафедраны басқарған бір де бір православие епископтары қуғын-сүргіннен құтыла алмады, олардың көпшілігі қайтыс болды [24].

Муфтилер, имамдар мен басқа да ислам дін қызметшілеріне де осыны қолданды. Олар Қазақстаннан Оралға және Сібірге жер аударылып, көпшілігі сол жақта көз жұмды. Оған қоса өзге протестанттық конфессиялармен бірге баптистер, адвентистер де қатаң қуғын көрді.

КСРО бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған дін қызметшілері мен қарапайым дін ұстанушылардың жалпы саны 400 000 мың адамнан асып түсті, олардың шамамен 75 000-ы атылды немесе лагерлерде қайтыс болды. Көпшілігі нақ Қазақстан жерінде көз жұмды. Сондықтан да қазақ жері дін үшін азап шеккендердің қаны төгілген қасиетті жер саналады.

Монографиямызда көтерген проблемамыз үшін православие мен исламның өзара қарым-қатынасына, сондай-ақ олардың мемлекетпен қарым-қатынасына байланысты аса маңызды тақырыптарды қарайтын боламыз, бұл үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұрағатының құжаттарына жүгінбекпіз.

1929 жылдан бастап шіркеулер мен құлшылық ету үйлерін жабу саясаты іске асырылды. Еңбеккерлер мен оқу орындары ұжымдарындағы жалпы жиналыстарда «бір-бірінен аумайтын» қарарлар қабылданды, онда әуелі халықаралық ахуал сипатталады («капиталдың еңбеккерлер құқығын таптауы, күнделікті арандатушылықтар, Рим Папасының сөзі» т.б.), «бес жылдықты төрт жылда орындау жөніндегі қатаң ниет» айтылып, храмдар мен мешіттерді жабу, олардың «мәдениет ошағына» айналдыру туралы, шіркеу қоңырауларын балқыту жөнінде шешімдер қабылданады (ҚР MOM, ф.789, оп.1, 21-іс, 15, 23, 26, 27-б. Т.б., сондай-ақ: 1, 2, 3, 4, 5, 6-іс т.б.). 1-қосымшада 1-құжат келтірілген, ол: «Көкшетау Қалалық кеңесі хаттамасының көшірмесі», онда қала орталығында орналасқан шіркеу мен мешітті жабу туралы мәселе талқыланып, ол туралы қарар шығарылады.

Мынадай құжатты мысалға келтіруге болады: «Көкшетау спирт-арақ зауытының жұмысшылары мен қызметшілері ұжымы жалпы жиналысының 1931 жылғы 23 қаңтардағы №1 хаттамасы. Жиналысқа 67 адам қатысты. Жиналыс төрағасы Иванова, хатшы (түсініксіз – А.К.). Күн тәртібі: 1. Шіркеулерді мәдени мекемелерге және шіркеу қоңырауларын индустрияландыру қорына беру туралы. 2. Әртүрлі мәселелер. Тыңдалды: Жолдас Белорусовтың шіркеулерді мәдени мекемелерге және шіркеу қоңырауларын индустрияландыру қорына беру туралы ақпараты. Қаулы етілді: жолдас Беларусовтың ақпараты тыңдалғаннан кейін спирт-арақ зауытының жұмысшылары мен қызметшілері ұжымының жалпы жиналысы діни еліртпе социалистік құрылыс ісінде үлкен кедергі болып табылады, сондықтан «Құдайсыздар» аудандық кеңесіне Көкшетау қаласындағы шіркеуді жабу және оны мәдени мекемеге, ал қоңырауларды индустрияландыру қорына беру туралы ұсыныс жасауды сұрайды. Жиналыс Төрағасы Иванова. Хатшы ... (ҚР MOM, ф.789, оп.1, 21-іс, 7-б).

Құлшылық ету үйлерін алып қою жөніндегі істер ҚазОАК жанындағы комиссияның әрбір отырысында ондап қаралды. Құлшылық ету үйлерін алып қою туралы істердің көлеміне қарамастан алып қоюға ұсынылған ғимараттардың бәрі алынбағанын атап кету қажет. Формальды рәсім аса мұқият сақталды. Діндер жөніндегі комиссияға әрбір шіркеу мен мешіт бойынша мынадай құжаттар талап етілді: «а) комиссия мүшесінің таяу құлшылық ету үйінің қашықтығы, оның мөлшері мен жағдайы көрсетілген істің мәні бойынша баяндамасы, в) ғимаратты пайдалану жоспары, г) қайта жайластыру жобасы, д) қайта жайластыруға арналған қажетті және қолда бар сома туралы мәліметтер» (ҚР MOM, ф.789, оп.1. 34-іс, 14-б). Бұл құжаттарға көбіне мыналар қоса берілді: «осы шіркеуге немесе мешітке жүйелі

түрде баратын дін ұстанушылардың саны туралы мәліметтер, елді мекендегі шіркеулер мен мешіттердің жалпы саны туралы мәліметтер» (ҚР MOM, ф.789, оп.1, 34-іс, 15-б).

Шіркеулер мен мешіттер көптеп жабылғанымен, ҚазОАК Президумының жанындағы Тұрақты жұмыс істейтін комиссия 1929 – 1935 жылдары құлшылық ету үйлерін жабу мәселелерін жедел қарау жөніндегі өз нұсқауларының орындалмайтынын анықтады. Тіптен бұл жағдай жылдарға созылып кетті. Себеп қарапайым болатын – Қазақстанның екі облысында ғана дін істері жөніндегі өңірлік комиссия жұмыс істеді. 1929– 1933 жылдары құлшылық ету үйлерін жою туралы 198 іс басталып, олардың 40-ы жоюмен аяқталса, 28 іс дін ұстанушылардың пайдасына шешілді (құлшылық ету үйлері дін ұстанушыларға қайтарылды), тағы 154 іс бойынша жоюға қатысты қосымша құжаттама жинау талап етілді (ҚР MOM, ф.789, оп.1, 27-іс, 18-21-б).

Құлшылық ету үйлерін жабу мәселесі қарқынды жүргені сондай, комиссия шіркеулер мен мешіттерді алып қою туралы отырыстар жасап және облыстық және аудандық қаулыларды шығарып үлгермейтін еді. Мәселен, 1934 жылы 1929-1932 жылдар ішінде алып қою жөніндегі істеп жинақталып қалып, істерді қарауды жеделдету қажеттігі туралы ішкі қаулы қабылданды» (ҚР MOM, ф.789, оп.1, 34-іс, 17-б).

ҚР MOM-да құлшылық ету үйлерін жабу жөнінде ресмилендірілген сипаттағы құжаттар бар. Мысалы, Алматы Қалалық Кеңесінің 1934 жылғы 28 шілдедегі қаулысы. «Тыңдалды: Дұнған көшесіндегі мешітті Қалалық денсаулық сақтау бөліміне беру туралы. Қаулы етті: Ғимарат иесіз жағдайда, 4 қарт адамнан тұратын дін ұстанушылар тобы 1930 жылдан бері ғимаратқа шарт жасаспаған, ғимарат жөнделмеген, соның салдарынан тозу үстінде. 1934 жылы дін ұстанушылар тобы тіркеуден өтпеген. Осыған орай, Қалалық кеңес президумы ғимаратты қалалық денсаулық сақтау бөліміне беру қажет деп санайды, оған екі апта мерзімде жарақтандырып, абортарий ашуды міндеттейді.» (ҚР MOM, ф.789, оп.1, 35-іс, 1-б). ҚазОАТ Президумы өзінің 1934 жылғы 28 тамыздағы қаулысымен бұл қаулыны бекітті.

Дін ұстанушылардың шіркеулер мен мешіттердің алып қойып жатқаны жөніндегі шағымдары бойынша істер де қаралды. Мысалы, 1934 жылғы 26 желтоқсанда комиссия отырысында дін ұстанушылардың шіркеуді қайтару туралы ұсынымдары бойынша мәселелер қаралды. «Түркістан қаласы бойынша – православие дін ұстанушылар санын нақтылау. Екінші шіркеудің бұзылу себебін нақтылау үшін уәкіл жіберілсін». «Ақбұлақ дін ұстанушылар қауымы

бойынша (Ақтөбе облысы) – қаулы етілсін: әкімшіліктің Ақбұлақ кенті ден ұстанушыларымен уағдаластық бойынша шіркеуде уақытша астық сақталуына орай Ақбұлақ ААК-ге шіркеу ғимаратын дереу босатып, оны дін ұстанушыларға берсін, бұл туралы ААК-ге, дін ұстанушылар тобы мен облыстық атқару комитетіне телеграф арқылы хабарлансын» (ҚР MOM, ф. 789, оп.1, 34-іс, 27-б).

Орта Азия мен Қазақстанда «жаңартулар» өте күшті болды. Мәселен, Алматыда 20-шы жылдың ортасынан Ұлы Отан соғысына дейін барлық храмдар жаңашылшыларға тиесілі болды. Алматыда (тұтастай Қазақстан бойынша) храм үшін күрес жүрді. Храмдардың көпшілігін 30-шы жылдары «жаңашылшыларға», аз бөлігі «тихоновшыларға» (дәстүрлі ОПШ), бірлі жарымы «григорьевшілерге» тиесілі болды. Мысалы, 1934 жылы наурызда Алматы қаласы Введенск шіркеуінің қауымы ҚазОАК-ке бұл шіркеуді осы қауымға қалдыруды өтініп, өтініш берді. Введенск шіркеуінің жанында Қазақстан епископатының кафедрасы мен Жоғары Шіркеу Кеңесінің епархиалдық бағдар басқармасы жұмыс істеді, бірақ 1934 жылы бұл шіркеу жаңашылшыларға берілді (ҚР MOM, ф.789, оп.1, 36-іс, 1, 10-13-б). «Семей уезінде «тихондық» дін үйлері - 11, «жаңашылшылар» - 27, Өскеменде «жаңашылшылар» - 25, «тихондық» дін үйі болды. (Сібір облыстық Шіркеу кеңесіне «жаңашылшылар» басшыларының бірі жазған хаты) (ҚР MOM, ф.492, оп.1, д.39).

30-шы жылдары діни жұртшылық ҚазОАК-ке дін үйлерінде дін қызметшілерінің қызмет етуіне рұқсат беру туралы өтініш жазды, оларға сипаттама беріп, тіркеуді сұрады (бұл практика соғыстан кейін де – тіптен 80-ші жылдарға дейін сақталды, енді әртүрлі конфессиялардың дін қызметшілері ҚазОАК-те емес, Дін істері жөніндегі уәкілетті мекемеде тіркелді).

1936 жылы Қазақстанда «Дінге қарсы мұражай» құрылып, ол 1941 жылға дейін жұмыс істеді. 1937 жылы мұражайда 258 православие иконы болды (ҚР MOM, ф.2051, оп.1, 2-іс, 13-15-б). Мұражай дінге қарсы тақырыпқа арналған картиналарға тапсырыс берді (сонда, 42-б). Онда ғылыми жұмыстар да жүргізілді (Жердің жаралуы, эволюция, діннің негізгі мазмұны, Ресей мен Қазақстан тарихы). Қазақстанның дінге қарсы мұражайында мұсылмандыққа қарсы материалдардың зор коллекциясы болды (үнемі толығып отыратын) (ҚР MOM, ф.2051, оп.1, д.1-5).

Қазақстанда көптеген ұйымдарда Жаугерші құдайсыздар одағының жергілікті ұялары жұмыс істеді, одақ белсенділері құрмет грамоталарымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды (ҚР MOM, ф. 1648, оп.1 46-іс).

Мемлекеттің діни саясаты 1943 жылы байқалатындай түрде өзгереді. Оның себептері бірнеше. Біріншіден, Ұлы отан соғысы кезінде КСРО-ның негізгі діндері айқын көзге түсетін патриоттық позиция ұстанды. Екіншіден, басып алынған аумақтарда басқыншылар еркіндікті, оның ішінде ар-ождан еркіндігін көрсету мақсатында саналы түрде құлшылық ету үйлерін аша бастады және бұл саясатқа кеңес мемлекеті қарсы тұруы тиіс болды.

Соғыс басталған кезден бастап КСРО православие және мұсылман қауымдарының басшылары КСРО халықтарына фашизмге қарсы күреске белсене қатысуды үндеді. Майданда да, тылда да дін ұстанатын кеңес азаматтары батырлық көрсетіп жатты. Майдан үшін қаражат жинау бойынша патриоттық қозғалыс қарқын алып, діни бірлестіктер бұл қозғалыстың алдыңғы қатарынан табылды. Қазақстан бұл мақсаттар үшін миллиондаған рубль жинады. МҚК Төрағасы И. Сталин майдан үшін ақша жинаған храмдарға алғыс айтып жеделхат жіберді «Петропавловск қаласы Калдбищинск шіркеуінің КСР одағы қорғаныс қорына қосымша жиырма бес мың рубль ақшалай және елу мың Мемлекеттік займының облигацияларымен әрі майдангерлердің жетім балаларына көмек қорына жиырма бес мың рубль жинаған дін басқармасы мен дін ұстанушыларына менің сәлемімді және Қызыл Армияның алғысын жеткізуді сұраймын. И. Сталин». 1945 жылғы 5 ақпан (ҚР МОМ, ф.1709, оп.1, 3-іс, 105-б) – *1-қосымшадағы 2-құжатты қараңыз*. И. Сталин «Орал қаласының Преображенск шіркеуіне Дмитрий Донской атындағы танк колоннасына 100 мыңнан астам жарна бергені үшін» осыған ұқсас алғысхат жіберілді (ҚР МОМ, ф.1709, оп.1, 3-іс, 13-б).

1943 жылы КСРО үкіметінің рұқсатымен Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандарының дін басқармасы (ОАҚМДБ) құрылды. Ол Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандарының мүдделерін жеткілікті түрде дәйекті қорғап (КСРО жағдайында мүмкіндігі келгенше) үлкен ұйымдастырушылық және ағартушылық рөл атқарды, төрт тілде «Кеңестік Шығыс мұсылмандары» атты журнал шығарды. Өңірдегі исламның өзекті мәселелері бойынша пәтуалар дайындап, шығарып отырды (*1-қосымшадағы 3-құжатты қараңыз*). Қазақстанда тұрақты негізде оның өкілі жұмыс істеді (Қазақстан мұсылмандарының беделді өкілі ішінен). ОАҚМДБ-ның қызметін егжей-тегжейлі жазу біздің міндетімізге кірмейді (оның үстіне бұл мәселе бойынша зерттелген жұмыстар көп), бірақ 1990 жылы ОАҚМДБ-нан Қазақстан мұсылмандарының дербес мүфтияты құрылған Қазақстан қазияты бөлініп шыққанын атап өткіміз келеді (кейіннен Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы болып өзгерді), ал ОАҚМДБ 1991 жылы тарайды.

Соғыстан кейін КСРО үкіметі ірі діни бірлестіктерінің соғыс жылдарындағы қомақты патриоттық жұмысын ескере отырып, оларға деген көзқарасын айтарлықтай жақсартты. Мәселен, КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы Орыс православие шіркеуі істері кеңесінен Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне 1950 жылы нұсқама хат келді. Онда дін ұстанушылардың шіркеу ашу туралы өтініштеріне оң көзқараспен қарау ұсынылып, бұл мәселені созбалаңға салу сыналды және мұндай өтініштерді қарауға бір ай мерзім белгіленді (ҚР MOM, ф.1709, оп.1, 15-іс, 49-б). Мешіттерді ашу (бұрынғы және жаңа) туралы мәселелер де осыған ұқсас түрде шешілді. Ақмола мұсылмандарының 1944 жылғы пілдедегі өтінішін мысалға келтіруге болады. Бұл ретте қала билігі дін ұстанушы мұсылмандар қорғаныс қорына белсенді түрде ақша салып отырғанын атап көрсетті (ҚР MOM, ф.1709, оп.1, 3-іс, 8-б).

1944 жылы шіркеулер мен құлшылық ету үйлерін ашу туралы 21 өтінім түскен (шешім қабылдау статистикасы мынадай: 9 өтінім қабылданбады, 4 Кеңестің қарауына жіберілді). Жұмыс істеп тұрған шіркеулер мен дін үйлері санының ұлғаюына байланысты ОПШ істері Кеңесі Қазақстанда дербес епархия құру туралы мәселені қарап, бұл мәселе бойынша Патриархияға өтініш айтты. 1945 жылы Алматы және Қазақстан епархиясы құрылып, оның бірінші басқарушы архиерейі архиепископ (кейіннен – митрополит) Николай (Могилевский) болды (ҚР MOM, ф.1709, оп.1, 3-іс), қазір ол қасиеттілер қатарына жатады (дін уағыздаушы – 2000 жылы ОПШ Архиерией Соборында мәртебеленген). Митрополит Николай Ақтөбе облысындағы Шалқар теміржол станциясында жер аударылғаны белгілі, Алматы және қазақстанның болашақ митрополитін татар мұсылманы өлімнен сақтап қалған. 1942 жылы күзде ол жолда шала-жансар жатқан адамды ауруханаға апарып, өз үйінде паналатады. Сондай-ақ Алматы және Қазақстан митрополиті Иосиф (Чернов) –1960 - 1975 жылдардағы епархия басшысы болды, дін дәріптеушісі, қазақстандық православие діншілдері қатты қадірледі, ол 1954 – 1956 жылдары Көкшетауда жер аударуда болған кезде оны көп балалы мұсылман қазақ отбасы паналатын, сол жанұяның құрметті мүшесі болған.

Жер аударудан тірі қалған мұсылман қайраткерлері де елге оралды. Олардың белсенді жұмыс істеу мүмкіндігі мүлде болған жоқ. Дін ісіне рұқсат берілген дін білгірлері, имамдар, молдалар Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы дербестік алғанға дейін тым аз болды.

Айта кету керек, ауыр соғыс жылдарында және соғыстан кейін Қазақстан жер аударылған дін қызметшілерін қабылдап алуды жалғастыра берді, олардың көпшілігіне жергілікті тұрғындар, оның

ішінде мұсылмандар көмектесіп, паналатты. Бұл туралы барша ұрпақ жадында сақтайды және осы жақсы қатынастар ислам мен православиенің дінаралық келісімінің маңызды және қуатты қайнар көзі болып табылады.

1955 жылы Қазақстан епархиясын жою әрекеттері болды; дін ұстанушылар және тіптен ОПШ Қазақ КСР бойынша уәкілдің епархияны сақтап қалды (1-қосымшадағы 4-құжатты қараңыз). 1955 жылдан кейін Қазақстан епархиясын басқарғандар: архиепископ Ермоген (екі мәрте: 1955–1956 және 1958 жж.), архиепископ Иоанн (Лавриненко) (1956–1957 жж.), архиепископ Алексей (Сергеев) (1957–1958 жж.), архиепископ Иннокентий (Леоферов) (1958–1960 жж.), митрополит Иосиф (Чернов) (1960–1975 жж.), епископ Серафим (Гачковский) (1975–1982 жж.), архиепископ Ириней (Середний) (1982–1984 жж.), епископ Евсевий (Саввин) (1984–1990 жж.), архиепископ Алексей (Кутепов) (1990–2002 жж.), митрополит Мефодий (Немцов) (2003–2010 жж.), қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы ОПШ Митрополит округін митрополит Александр (Могилев) басқарады (2010 ж. – қазіргі кезге дейін).

Сол кезеңде ислам мен православиеге көзқарастар жақсарғанына карамастан, Қазақстанда мешіт пен шіркеулер тым аз болатын (дінді жоюға бағытталған алдыңғы жылдар саясатының жемісі). «1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында 1 мешіт қана жұмыс істеп тұрды, ал революцияға дейін жұмыс істеген 162 мешіт жабылып қалған еді. Батыс Қазақстан облысында 1 мешіт, 20 мешіт жабылған, Қызылорда облысында 1 мешіт, 30 мешіт жабық. Семей облысында: 2 мешіт болды, 18 жабылған, Солтүстік Қазақстан облысында 1 мешіт жұмыс істеп тұрды, 49 жабылған. Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында 1945 жылдың аяғында 45 мешіттің 35-і шаруашылық және мәдени мұқтаждықтар үшін пайдаланылған, 10 мешіт бос тұрған, Сайрам ауданында 33 мешіт ішінде 29-ы шаруашылық, қойма, балабақша, клуб ретінде қолданылған, қалғаны жөндеуді талап етеді. Бостандық ауданында 58 мешіттің 48-і мәдени мақсаттар үшін, 4-еуі дүкен ретінде пайдаланылған, қалғаны жөндеуді қажет етеді» (ҚР МОМ, ф.1711, оп.2, 1-іс, 6-б). 1947 жылы Қазақстанда небары: 19 имам, 8 евангель христианы мен баптисттердің пресвитері, 1 иудей раввині болды (ҚР МОМ, ф.1711, оп.2, 15-іс, 30-б).

Ұлы Отан соғысынан кейін шіркеулер мен мешіттерге келушілер айтарлықтай өсті. Мәселен, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің жанындағы ОПШ істері жөніндегі Уәкілетті Кеңесінің арнайы хабарына сәйкес пасха мейрамында (1950 жылғы сәуір) Алматы қаласының Никольск шіреуіне келгендер саны шамамен 15 мың адам болған, ал содан екі

жыл бұрын бұл мейрамға орай келген адам саны 5-6 мың болатын. Қазан Шіркеуіне келгендер тиісінше 4000 және 2000, Семей Воскресенск шіркеуіне 12 мыңнан астам адам келсе, бұрын келушілер саны 60 мың болатын, 1950 жылы Шымкенттің Никольск шіркеуіне 10 мың адам келген, бұрын келгендер саны 5 мың адам. Уәкілдің қорытындысы бойынша «1950 жылғы пасхальдық құлшылық алдыңғы жылдармен салыстырғанда мейлінше діни серпінмен сипатталады» (ҚР MOM, ф.1709, оп.1, 15-іс, 48-б).

Барлық елеулі діни мейрамдар Уәкіл мен олардың аппараттарының бақылауымен өтті. Оған қоса, діни қауымдар мейрамдардың ресми түрде тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан барлығын атап өтіп отырды. КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Қазақ КСР бойынша дін істері жөніндегі Уәкілетті Кеңесі Кеңеске мейрамға қатысқан дін ұстанушылардың саны бойынша («Ораза-Байрам», «Құрбан-Байрам», «Пасха»), бұл күндері берілген құрмалдықтардың көлемі бойынша т.б. деректер беріп отырды. (ҚР MOM, ф.1711, оп.2, 75, 81-істер).

Алайда, бұл кезеңде мемлекеттің діни бірлестіктерді қолдауы дәйекті болмады. 40-жылдардың аяғында діни қауымдарды тіркеудің және жаңа құлшылық үйлерін ашудың қарқыны бәсеңдеп қалды. Ол аздай дін қызметшілерін қуғын-сүргінге ұшырату және оларды тұтқындау тағы басталды. «1948 жылы мемлекеттік қауіпсіздік органдары дін істері бойынша 3296 адамды тұтқындады, оның ішінде 357-і дін қызметшілері, 1949 ж. — тиісінше 6456 және 571, 1950 ж. - 6072 және 455, 1951 ж. - 5477 және 273, ал 1952 және 1953 жылдары. — тағы 5187, оның ішінде 130 дін қызметшілері тұтқынға алынды (бұлардың басым бөлігін православие дін ұстанушылары құрады)» [25, 349-б].

«Желікпеге» және «қасиетті жерлерге» сыйынуға қарсы күрес бұл жылдары да, кейіннен де табанды және тұрақты түрде жүргізіліп отырды (ҚР MOM, ф.1711, оп.1, 91-іс). Шіркеу және дін бірлестіктерінің басшылары «бұл іс-шаралардан қашық болып, тіптен оларды құпия қолдап отырады» деп атап көрсетілді. 1958–1959 жылдары КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері кеңесі кеңестік, партиялық, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар арқылы аталған құбылыстарды түбірімен жоюға ұмтылды (ҚР MOM, ф.1711, оп.1, 91-іс, 1-3-б).

Қазақ КСР-де 1957-1958 жылдар ішінде ерекше танымал болған «қасиетті жерлердің», мұсылмандардың сыйыну орындары бір жүйеге келтірілді. «Гурьев облысында 1958 жылы мынадай «қасиетті жерлер» тіркелді (атаулары ҚР MOM істерінде жазылуына қарай келтіріледі. «Бекет» (Адай руы), «Матен-Кожа», Ақтөбе облысы: «Бекқұл-Баба», «Арыстан мен Есет» (Шекті руы), Жамбыл облысында: «Әулие-

Ата», «Карахан», «Шамансур», «Айша-Бибі», «Бабаджи-Хатун». Оңтүстік Қазақстан облысында «қасиетті жерлер» тіптен көп болды: «Қожа-Ахмет Яссауи», «Арыстан-Баб», «Укаш-Ата», «Ибрагим-Ата», «Хусаин-Гази Базауи», «Қарашаш-Ана», «Мирали-Баб», «Ходжа-Тали», «Ұзын-Ата», «Исмаил-Баба Дарюш» т.б. Тиісті аудандардың имамдарына дін туралы заңнаманың бұзылмауы жөнінде ескертілді, аруақтарға сыйынуға жол бермеу бойынша шаралар қабылданды: «қасиетті жерлер» қоршалып, жабылды, олар атеизм мұражайына айналдырылды, мазар орналасқан аумақ қоршалып, құлыппен жабылды, аумақ ішінде атеистік жұмыстар жүргізілді (дәрістер, сұхбаттар)» (ҚР MOM, ф.1711, оп.2, 90-іс, 4,10,16,18,19,21,22-б).

«Ватиканның КСРО-дағы католиктік шіркеулері қызметіне ықпалын шектеу» аса маңызды міндеттердің бірі болды (ҚР MOM, ф.1711, оп.1, 91-іс, 15-б). Атап кету керек, католиктік дін мекемелері біршама ұзақ уақыт бойы Қазақ КСР-да тіркелген жоқ (оларды тіркеу үлкен қиындықпен жүзеге асырылды). Бұл кезеңде КСРО дін істері Кеңесінің нұсқауымен ескі дәстүрлі және католиктік монастырлар жабыла бастады (сондай, 10-б). Қазақстанда мұндай монастырлар болмағандықтан бұл шараның қатысы болмады. Ватиканның католиктік қауымға ықпалын шектеуге (оның ішінде Қазақстанда) ұмтылу 70-ші жылдары, тіптен 80 жылдардың өзінде сақталды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 139-іс, 29-34-б).

Сонымен қатар, «КСРО дін бірлестіктерінің бейбітшілік үшін күрес ядролық қаруға тыйым салу мақсатында халықаралық байланыстарды дамыту қызметі» (ҚР MOM, ф.1711, оп.1, 91-іс, 17-б), дін өкілдерін халықаралық ұйымдарда және халықаралық сипаттағы кеңес ұйымдарында (Дүниежүзілік бейбітшілік кеңесі, кеңестік бейбітшілікті қорғау кеңесі, Азия мен Африка елдерімен ынтымақтастық комитеті, Шет елдермен достық және мәдени байланыстар кеңестік қоғамы) жұмыс істеуге тарту мүмкіндігінше көтермеленді (сонда, 19-б)».

1960–1961 жылдары Орыс православие шіркеуі істері жөніндегі Кеңестің және дін істері жөніндегі Кеңестің саясаты қатая бастады. КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы өңірлік уәкілетті Кеңестердің баяндамалары тыңдалып, олардың жұмыстарындағы кемшіліктерге қатты сын айтылды, «жұмысты жетілдіруге» бағытталған шаралар (халықтың діншілдігі мен «дәстүршілдігін» төмендету, «шіркеулерді сәндеу мен әсемдеуге» жол бермеу, діни табынушылықтың дәстүрлі орындарына сыйынуды жою, хор құрамы мен храмның қызмет көрсету персоналы тексерілді, дін басқармасының уағыз айту қызметіне бақылау күшейді) – мұның бәрі КОКП ОК мен Үкіметтің «Дін ұйымдарының дін туралы кеңес заңнамасын бұзуын жою жөніндегі

шаралар туралы» 1960 жылғы 13 қаңтардағы қаулысы аясында жүзеге асырылды. Діни мекемелердегі нақты билік дін қызметшілерінен дін қауымы белсенділеріне беріле бастады. 1961 жылғы 16 наурызда Үкіметтің «Дін туралы заңнаманың орындалуын бақылауды күшейту туралы» тағы бір қаулысы қабылданды. Бұл қаулыларды орындау шеңберінде Үкімет ОПШ, діни мекемелері мен монастырлардың, мұсылман қауымы санын азайту міндетін қойды, тіркелмеген діни бірлестіктерге көзқарас қатайды. ОПШ бойынша, мысалы тіптен 1961 жылға: «ОПШ-ның 9 монастырын қысқарту» жөнінде жоспар әзірленді (ҚР MOM, ф.1709, оп.1, 46-іс, 60-б).

Діни академиялар мен семинарияға оқуға түсуге жол бермеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілді. Жыл сайын Қазақ КСР-інен 4-6 адам діни оқу орындарына түсу үшін өтініш беретін еді. Мұндай ниеттер туралы ақпарат діни оқу орындарына оқуға түсуге ниет білдірген жергілікті жерлердің билігіне дереу хабарланып отырды. Жергілікті жерлерде партия, кеңес және өзге де органдар өтініш берушілермен жұмыс жүргізді және әдетте бұлардың бәрі өз ниеттерінен бас тартып жатты. Осындай шара арқылы дін қызметшілері қатарының толықпауы қамтамасыз етілді. Мысал келтірсек, «1963 жылғы шілде-тамызда діни семинарияға оқуға ниет білдірген, республиканың әртүрлі қалаларында тұратын 6 адам анықталды». Олардың ішінде біреуінің «денсаулығы нашар болып, осыған байланысты епархия басшылығына тиісті ұсыным беруден уақытша бас тарту ұсынылды» (семинарияға оқуға түсу үшін мұндай ұсыным міндетті түрде берілуі тиіс болатын). Ниет білдірген екінші адам (Алматыдағы шет тілдер институтының 3-курс студенті) ЛЖОК ОК-дегі әңгімеден кейін семинарияға түсу ниетінен бас тартты. «Семинарияға оқуға түсуге ниет білдірген, Целиноградтың жұмысшылары –БЛЖОК екі мүшесі тиісті шаралар қолданылғаннан кейін өз шешімдерін өзгертіп, семинарияға өтініш беруден бас тартты. Нәтижесінде ниеттенген барлық 6 адамның ешқайсысы өтініш берген жоқ» (ҚР MOM, ф.1709, оп.1, 120-іс, 17-18-б).

Семинарияда оқығысы келген Қазақ КСР-нің православиелік адамдарына қатысты ғана емес, жалпы мұндай білім алуға жол бермеу бойынша жұмыс қызу жүргізілді. Мұндай бақылау республиканың мұсылмандарына да қатысты да жүргізілді. Мәселен, 1966 жылы Өзбек КСР-і бойынша Дін істері жөніндегі уәкілетті кеңес пен Орыс православие шіркеуі КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Қазақ КСР бойынша Дін істері жөніндегі уәкілге хат жолдады, онда үш қазақстандықтың Бұқара қаласындағы медреседе оқуға ниет білдіріп отырғаны туралы айтылады және Қазақ КРС жөніндегі уәкілден бұл мәселе бойынша пікірі сұралады (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 6-іс, 96-б).

Қазақстанның барлық облыстарында дін туралы заңнаманың сақталуына жәрдемдесу жөніндегі комиссиялар құрылып, жұмыс істеді және бұл комиссиялардың қызметі тым белсенді болды.

Бірақ, барлық осындай шараларға қарамастан діни салт-дәстүрлер саны өспесе кеміген жоқ. КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы Дін істері жөніндегі кеңесі 1968 жылы мынадай деректер береді «діни бірлестіктердің, діни оқу орындары мен православие, армян, лютеран және басқа да кейбір шіркеулер жанындағы монастырлар желісінің азайғанына қарамастан, 1967 жылы шіркеулерде миллионнан астам шоқындыру салты жасалған; туылған балалардың жалпы санының 25,2%-ы шоқындырылған» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 28-іс, 11-12-б).

Қазақстан мұсылмандары соғыстан кейінгі барлық кезең ішінде ислам салт-дәстүрлерін орындауды тоқтатқан жоқ. Базарларда, үйлерде Құран оқылды (әсіресе, мәулітті мерекелеу кезінде) (ҚР MOM, ф.1711, оп.2, 24-іс, 4-5-б). Қазақ КСР бойынша Уәкілетті кеңес үнемі орталыққа «мұсылмандар салт-дәстүрлерді орындау кезінде олар діни нормаларды емес, халық дәстүрлерін орындап жатқанын айтады» деп хабарлап отырды» (ҚР MOM, ф.1711, оп.1, 33-іс). Уәкілетті кеңес үшін діни және халықтық салт-дәстүрлердің ара жігін ажырату мәселесі өзекті болды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 271-іс, 201-б).

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңес «мұсылмандарға бақылауды күшейту бойынша толық ұсынымдарды» әзірледі. Бұл ұсынымдарда, атап айтқанда: «Дін кадрларын, олардың көңіл-күйі мен дін және шіркеуге қатысты көзқарастарын терең зерттеу, ... мешіт кірістері өсімінің себебін зерттеу, ... таяу арада барлық молдаларды қаржы-шаруашылық қызметінен шеттетуді қамтамасыз ету,... дін басқармасы мен мұсылман діни бірлестіктерінің қайырымдылық қызметінің жолын кесу жұмысына айрықша назар аудару, ...дін ұстанушылардың жаңа мешіттерді заңсыз салу және бос тұрған мешіттерді жөндеу және ашу жағдайларын, шайханалардың, бейіттердің кеңшарлар дала станцияларын құлшылық ету орындарына айналдыру жағдайларын уақтылы анықтап, жолын кесу,... егер іс жүзінде Муэдзин міндетін атқарса, оларды діни бірлестіктерде дін қызметшісі ретінде тіркеу, дін қызметшісінің мешіттен тыс жердегі жұмысын мұқият зерттеуге көңіл аудару,... олардың балаларға, жастар мен әйелдерге ықпал етуін шектеу үшін қажетті шаралар қабылдау,... уағыздардың, құран фрагменттерінің фотокөшірмесін, діни әндер, өлеңдер жазылған грампластинкалар т.б. дайындаумен айналысатын адамдарды табу және олардың заңсыз әрекетінің жолын кесу» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 34-іс, 34-38-б).

Бұл ұсынымдарды орындау үшін бұрын 60-шы жылдардың өзінде мұсылман қауымына қатысты жүргізілген іс-шаралар күшейтіле бастады. Бұл кезеңде «ел кезген молдаларға» (1-қосымшаның 6-құжатын қараңыз), «қасиетті жерлерге» барып, сыйынуға, тәуіптікке қарсы күрес Уәкілдің басты назарында болды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 264-іс, 57-58-б). «1981 жылы Қазақ КСР-де 1060 «кезбе молдалар», 21 «қасиетті жерлер», құрамында шамамен 22 560 дін ұстанушылар бар, тіркелмеген діни қауымдар мен дін ұстанушы топтар болды» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 219-іс, 4,5-б). «Кезбе молдалар» 1985-1986 жылдары «дін сарқыншағының» ең келеңсіз көріністерінің бірі және қазақтың ұлттық дәстүрлеріне сай емес қауіпті мәселе деп саналды, (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 271-іс). 1986 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Торғай облысында 83 «кезбе молда» анықталған, олардың 27-сі заңды тәртіппен тіркелген, 24 молда өз қызметін тоқтатқан, 32 молда жұмысын жалғастырған» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 269-іс, 3-б), «Көкшетау облысында 124 молда бар екені анықталған, тіркелгені – 13, жұмысын тоқтатқандары – 43, жұмысын жалғастырғандары – 68» (сонда, 19-б), «Маңғышлақ облысында 50 «кезбе молда» бар екені анықталған, тіркелгені – 16, жұмысын тоқтатқаны – 31, жұмысты жалғастырғандары – 3» (сонда, 21-б), «Павлодар облысында 1985 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 81 молда бар, тіркелгендері – 6, жұмысын тоқтатқандары – 28, жұмысты жалғастырғандары – 47» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 269-іс), осы кезеңде «Солтүстік Қазақстанда 29 молда бар екені анықталған, тіркелгені -15, жұмысын тоқтатқандары – 7, жұмысты жалғастырғандары – 7, Целиноград облысында 67 молда бар екені анықталды, тіркелгені – 15, жұмысын тоқтатқаны – 20, жұмысын жалғастырғаны – 32» (сонда). «Кезбе молдалар» әдетте, аудандарда жұмыс істеп тұрған мешіттерде тіркеліп, өз қызметтерін сонда жүзеге асырды (ҚР MOM, ф. 2079, оп.1, 254-іс, 48-64-б), салынған мазарлар да тіркелді (сонда, 86-119-б).

1989 жылы Қазақстанда барлығы 15 конфессия мен деноминацияға жататын 670 діни бірлестік жұмыс істеген. Олардың 483-сі (72%) тіркелген (ОПШ 62 қауымы – барлығы тіркелген, 52 мұсылмандар қауымы, олардың ішінде тіркелгені - 49, 500 протестанттық бірлестіктер – барлығы тіркелген). Қалғаны тіркелмеген (ЕХБ шіркеулері кеңесінің жақтастары, елуінші жылғылардың кейбір деноминациялары, адвентист-реформаторлар мен иеговшылар топтары) (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 299-іс, 126,127-б).

Қазақ КСР мемлекеттік органдары діни қауымдардың, әсіресе Жетінші күн адвентистер мен Евангельдік Христиан-Баптистік бүкіл әлемдік кеңестің жұмысын бақылауда ұстады. (ҚР MOM, ф. 2079, оп.1, 94-іс). Жетінші күн адвентистерінің жұмысы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы дін істері Кеңесінің мұқият бақылауында болды.

Қауымның пресвитерімен тұрақты жұмыс жүзеге асырылып, «ЖКА аға уағызшылары корпусының құқыққа қарсы әрекеттерінің жолы кесу» міндеті қойылды. КСРО Дін істері кеңесі ЖКА туралы анықтамалар мен басқа да ақпараттық материалдар дайындады. Бұл мәселелермен католиктік, армян, протестант шіркеулері, иудей діні мен секталар ісі жөніндегі бөлім айналысты (статистикалық деректер дайындалды, миссионерлік қызмет, әртүрлі топтардың қақтығыстары, шетелдегі орталықтармен байланыстар талданды). 60 және 70-ші жылдары Қазақ КСР бойынша дін істері уәкілі және ЕХБ шіркеулері кеңесіне қарсы кеңес органдары белсенді жұмыс жүргізді. (ҚР MOM, ф. 2079, оп.1, 94-іс, 68-б). Тұтастай неміс ұлтшылдарының дін ұстанушыларынан тұратын діни бірлестіктер тұрақты бақылауға ұшырады (ҚР MOM, ф.2079, 304-іс). Қазақстанда 50-ші -80-ші жылдар арасында көптеген тіркелмеген діни қауымдар болды. 1966 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Дін істері кеңесі «Қазақ КСР-і бірқатар облыстарында діни қоғамдарды тіркеуге қатысты дін туралы заңнаманың бұзылуы туралы» арнайы қаулы қабылдады. Республикадағы уәкілдер тіркелмеген діни қауымдармен жұмыс істеу кезінде ондаған жылдар бойы осы қаулыны басшылыққа алды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 15-іс).

XX ғасырдың 70 және 80-інші жылдарында дін саласындағы мемлекеттік саясатта кейбір босаңсуларға қарамастан діни бірлестіктердің қызметін бақылау үнемі және жан-жақты болды. Уәкілетті Кеңес істің мән-жайына дендеп енді. Дінге байланысты ағымдағы жағдайдан толық хабардар болып отырды. Республикадағы дін мекемелері жұмыс істеуінің барлық қиыншылығы мен проблемаларын білді. Көбіне діни қауымдастықтарға нақты басшылықты жүзеге асырып отырды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 44-іс – «Уәкілетті Кеңестің 1969 жыл ішіндегі есебі»). Шіркеулердің, мешіттердің, құлшылық ету үйлерінің саны, дін қызметшілерінің саны, діни қауымдардың кірістері туралы мәліметтер тұрақты түрде жасалып отырды (қараңыз, мысалы, *1-қосымшадағы 5-құжат* – «1967 жылғы Қазақ КСР мұсылмандары туралы мәліметтер»).

Дін істері жөніндегі уәкілетті Кеңес діни бірлестіктер қызметінің барлық тұстарын қадағалап отырды: дін туралы заңнаманың сақталуын бақылау, халықтың дінге бет бұрушылығының жай-күйі, сауалнамалар, дін қызметшілеріне және дін белсенділеріне мінездемелер мен деректер, дін турал заңнаманың сақталуына жәрдемдесу комиссиясының жұмысын, тіркелген және тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметін бағалау, дін қызметінің табысы қадағаланды, дін жоралғыларына қатысатын коммунистер туралы мәліметтер жиналды, шіркеу хорларының құралы, дін мүлкінің сақталу жағдайы т.б. талданды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 139-іс).

1982 жылғы тамызда Қазақстанда алғаш рет мұсылман діні қызметшілері мен мешіттердің атқарушы органдары төрағаларының семинар-кеңес өткізілді (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 238-іс, 100-б). Содан бері Қазақстан облыстары бойынша уәкілдермен бірлесіп мұсылман дін басқармасының семинар-кеңестері өткізіліп келеді (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 261-іс, 21а-21б-б).

КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы дін істері Кеңесі халықаралық байланыстар бөлімінің Арнайы ақпараттық тобы КСРО-дағы діни бірлестіктердің жағдайы мен қызметі бойынша шетел баспасөзі шолуын тұрақты дайындап отырды. Әсіресе, кеңес мұсылмандарының өмірімен байланысты мәселелер шетел баспасөзінің ерекше назарында болды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 217-іс). Мәселен, АҚШ-та басылатын «ГЕО» журналының 1981 жылғы №2 санында өзінің диссертациясы үшін материал жинап, Ташкентте бір жыл тұрған, исламды зерттеуші америкалық Нэнси Любиннің мақаласы жарияланды. Мақала авторы былай деп жазады: «Орта Азия мен Қазақстан үмбетінде түсініксіз жайттар көп. Көпшілігі өздерін дін ұстанатын мұсылманбыз деп санайды, кейбіреулері атеистпіз деп мәлімдейді, бірақ солай бола тұра Құранның талаптарын орындайды, бірақ оны ұлттық дәстүр деп есептейді. Әсіресе жастардың арасында мұндайлар көп, олар өзінің дінге деген қатысын анықтамаған, бірақ аға буын жүрген жолмен жүру қажет деп пайымдайды» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 245-іс, 12-б).

«Ахбар Аль-Алям Аль-Исламий» газетінің (Сауд Арабия) 1982 жылғы 6 қыркүйектегі нөмірінде «ОАМДБ Төрағасы, муфтий З.Бабаханов 1982 жылғы қыркүйекте Дүниежүзілік мұсылман лигасының Бас Хатшысы шейх М. Аль-Хараканға хат жіберіп, онда Ливан және палестина халықтарына қарсы израиль басқыншыларының жауыздығын қатты айыптайды» деп хабарланады (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 245-іс, 1-б). «Дойчес Альгемайнес Зоннтагблатт» газетінің 1981 жылғы 7 қарашадағы нөмірінде З.Редер өзінің «Қызыл жарты ай» деген мақаласында орта азия республикалары мұсылмандарының жағдайы туралы жазады: «Коммунистік үкімет пен ислам қауымдары арасында ымыраға келушілік басым. Жұмыс істеп тұрған мешіттердің кемшіліктеріне қарамастан Орта Азия мен Қазақстанның мұсылмандары дін ұстанушылыққа тән салттарды ұстанады: ұл балалар сүндетке отырғызылады, қыздар мұсылман емес адамдарға тұрмысқа шықпайды, бейіттерде Құран аяттары жазылады. Кеңес билігі ислам жолын ұстанушылар үшін дін коммунистік идеологиядан да күшті екенін түсінді және халықаралық саяси жағдайларға орай кез келген жолмен өздерінің мұсылман халықтарына жұмсақтық танытуды қамтамасыз етеді» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 245-іс, 10-11-б).

Бірқатар Еуропа басылымдары («Круа», «Матен де Пари», «Фигаро») «КСРО-дағы ислам» атты экранға шыққа фильмге (режиссері Ж.-М. Мерис) қатысты мақалалар жариялады, оларда «КСРО-да 300 мешіт ашылғаны (революцияға дейін шамамен 26 000 мешіт болған), Меккеге қажылыққа жылына 46 млн. мұсылман ішінен 50 мұсылман ғана бара алатыны, шамамен 2 000 мұсылман дін қызметшісінің бар екені және олар революцияға дейін 45 000 болғаны» атап көрсетіледі» (сонда, 13–14-б).

Дін ұстану бостандығына қатысты шетелдік жарияланымдарға КСРО-ның және жалпы билік пен арнаулы ведомстволардың реакциясы әркез жіті болды. Мәселен, сонау 60-шы жылдардың өзінде КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Дін істері Кеңесінің төрағасы жергілікті жерлердегі уәкілетті кеңестерге нұсқау хат жібереді, онда «америкалық және израиль баспасөзінде КСРО-дағы иудей дінінің жағдайын көрсететін жала жабылған материалдар (иудей дінінде көзделген үй құстары мен жануарларын союға тыйым салу сенагогаларды заңсыз жабу және құлшылық ету жиындарына тыйым салу) жарияланатыны хабарланады. Хатта «дін туралы заңнаманы қатаң сақтау, бұл заңдардың бұзылуына жол бермеу және буржуазия насихаты үшін КСРО-ға қарсы жаугершілік саясатқа себеп болмау жөнінде» ұсынымдар беріледі (ҚР MOM, ф.1711, оп.1, 91-іс, 42-б).

Отандық БАҚ-тағы жарияланымдарға да ден қойылды. Бұл кезеңдерде Қазақ КСР БАҚ-та дін туралы заңнаманы бұзушылықтар жөніндегі мақалалар көптеп басылғанын атап кету қажет. Мұндай мақалалардың толық шолуы жиі беріліп отырды (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 265-іс, 38-41-б).

Дін бірлестіктерінен және жекелеген дін ұстанушылардан Қазақ КСР бойынша Уәкілетті кеңес аппаратына түсетін діни қызметпен байланысты шағымдар мен өтініштердің ауқымды мөлшері қаралып жатты. (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 139-іс, 43-49-б). Мәселен, 1982 жылдың 1-ші жартыжылдығында 156 өтініш пен шағым түскен (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 238-іс, 110-б), ал «1986 жылдың бірінші жартыжылдығында КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы Қазақ КСР бойынша дін істері Уәкілетті Кеңесінің аппаратына дін бірлестіктері мен жекелеген дін ұстанушылардан 119 шағым мен өтініш түскен (ОПШ 46, ислам бірлестіктерінен – 33, ЕХБ-дан – 18 шағым)» (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 272-іс, 97-99-б). Бұл шағымдарға Уәкіл аппараты көбіне формальды болса да мұқият түрде жауап беріп отырды.

Шетелдік қоғамға, әсіресе шетелдік діни құрылымдардың басшылығына жақсы әсер қалдыруға ұмтылған мемлекеттік органдар діни ұйымдардың шетелдік делегацияларының сапарларын әуелі

түрде шектеулі көлемде, одан соң мүмкіндігінше кең түрде рұқсат бере бастайды. 50-ші жылдардың аяғында Қазақстанға мұсылман елдерінің шетелдік делегацияларының сапарлары жүзеге асырыла бастады (ҚР МОМ, ф.1711, оп.1, 91-іс, 30-34-б). Қонақтар КСРО-дағы дін ұстану бостандығына қатысты әртүрлі сұрақтар (әсіресе исламға қатысты) қояды, қазақстандық мешіт имамдары жеткілікті түрде ашық, толық және саяси тұрғыдан салмақты жауап береді (сондай, 40–41-б).

Әсіресе, 80-ші жылдары Қазақ КСР-іне шетелдік делегациялардың келуі жиілеп кетті. 1985 жылы желтоқсанда Алматыдағы мешітке Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясында оқитын шетелдік мұсылмандардың үлкен тобы келді. Уәкіл есебінде бұл сапар туралы былай жазылады: «Қазақстан бойынша ОАМДБ өкілі қазі Нысанбаев ар-ождан бостандығының конституциялық қағидаты жүзеге асырылатыны туралы айтып беріп, Қазақстан мұсылмандары өмірінен әртүрлі фактілерді мысалға келтірді. Оған өткер саяси сұрақтар қойылды, мысалы, «Неліктен Меккеге қажылыққа Қазақстаннан келуші мұсылмандар саны аз?» немесе «мұсылман бауырлар» ұйымына көзқарасыңыз қандай?» және т.б.» (ҚР МОМ, ф.2079, оп.1, 272-іс, 17-18-б).

1986 жылғы сәуірде Алматыға АҚШ-тан баптистердің дүниежүзілік Одағы пасторларының тобы келді. Олар дін ұстанушылармен, Уәкілетті кеңеспен сұхбат жасалып, көптеген сұрақтар қойылды, құлшылық жиынына қатысты (ҚР МОМ, ф.2079, оп.1, 272-іс, 36-б). 1986 жылы қазанда Алматыға осының алдында Бакуде өткен «Мұсылмандар бейбітшілікті қолдайды» атты халықаралық конференцияның 59 қатысушысы келді. Поляк Халық Республикасының жетінші күн адвентистері одағының төрағасы С. Дабровский Алматыға 1986 жылғы мамырда келді. ЖКА Бас конференциясының төрағасы да 1986 жылғы мамыр-маусымда келді (сонда, 37-б). Осы уақытта құрамы бойынша шағын Қазақстан мұсылмандар делегациясы халықаралық кездесулерге қатысу үшін шетелге жиі шыға бастады (ҚР МОМ, ф.2079, оп.1, 295-іс).

70-інші жылдардың аяғында қазақстандықтардың КСРО мұсылмандары тобы құрамында Мекке мен Мединеге қажылыққа бару жағдайы жеңілдеді, қажылыққа барушыларға қойылатын талаптар әзірленді (1-қосымшадағы 7-құжатты қараңыз). ҚР МОМ-да 1978 жылы Қазақ КСР ОАМДБ өкілі Р. Нысанбаев өзінің қажылықтар алған әсерін қызу сипаттаған жазбалар бар (ҚР МОМ, ф.2079, оп.1. 184-іс, 33-35-б).

Қазақстанның мұсылман және православ қауымдары КСРО-ның халықаралық бастамаларына қатысу үшін барынша белсенді тартылды. Мәселен, «Дін қайраткерлері өмірдің қасиетті сыйын ядролық апаттан құтқаруды қолдайды» атты Дүниежүзілік конференция (Мәскеу,

1982 жылғы 10-14-мамыр) қорытындысы бойынша 1983 жылғы 11-12 қарашада өткізілген Қазақстандық епархия православие шіркеуінің дін басқармасы мен бейбітшіл өкілдерінің кеңесі атаулы оқиға болды. Негізгі баяндаманы Алматы және Қазақстан Иринеи архиепископы жасады (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 247-іс). Қазақ КСР мұсылмандар белсенділерінің үлкен тобы «Мұсылмандар бейбітшілік үшін күреседі» атты Халықаралық конференцияға (Баку, 1986 ж.) қатысты. Ислам және православие қауымы жыл сайын жүздеген мың рубль жинап, «Бейбітшілік қорына» жіберіп отырды. Тек 1987 жылы Қазақстан мұсылмандары бұл қорға 400 мың рубль аударды.

80-ші жылдардың аяғында қайта құру, демократия, жариялық сияқты жаңашылдықтар діни ортаға да кіріге бастады, бұл діни бірлестіктердің өздерінің түйінді мәселелерін Қазақстан басшылығы алдына қоюларына мүмкіндік берді. Мәселен, Қазақстан мұсылмандар қауымы мынадай мәселелер қойды: а) Қазақстанда Мұсылмандар діни басқармасын құру туралы мәселені шешуді жеделдету б) Алматы қаласындағы мешіт құрылысына көмек көрсету в) қазақ тілінде діни әдебиеттерді басып шығару. ОПШ мынадай мәселелер көтерді: а) ОПШ епархиалық басқармасын салу үшін бұрынғы София соборының аумағын беру және бұзылған храмды шіркеу қаражаты есебінен қалпына келтіру б) дін ұстанушыларға 28 гвардиялық панфиловшылар атындағы парктегі Кафедралдық соборды қайтару в) Целиноград қаласында жұмыс істеп тұрған монахтық қауымды заңдастыру (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 299-іс, 126,127-б). 1989 жылдан бастап жаңа діни қауымдарды біршама тез тіркеп, жаңа құлшылық ету үйлерін ашу туралы шешімдер қабылдана бастады. Егер бұрын әртүрлі конфессиялардың дін қызметшілерінің дінге сенім-нанымы оған кінә ретінде артылып, діни фанатизм деп саналса – мұндай дін қызметшілерін есептен шығарып тасталса, ендігі жерде бұл наным-сенім дін қызметшісінің діни және зайырлы білімділігімен қоса оң сипат ретінде қарала бастады. (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 307-іс).

1990 жылы ҚМДБ Президумі 1990 жылғы 1 қыркүйектен бастап Алматыда қысқа мерзімді жоғары ислам институтының ашылуы туралы пәтуа шығарып, бұл діни оқу орны қызметінің негізгі мәселелерін реттеді (ҚР MOM, ф.2079, оп.1, 304-іс, 26,27-б).

Осы уақыттан бастап мемлекеттің діни бірлестіктерге көзқарасы айтарлықтай өзгерді. 1990 жылы «Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» КСРО-ның жаңа Заңы қабылданды. Мемлекеттік басқару институттары мемлекеттік-конфессионалдық тұрғыдан өзгерді. 1990 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің Дін істері жөніндегі кеңесі

мен оның республикалардағы және жергілікті жерлердегі уәкілдерінің аппараты таратылды (ҚР МОМ, ф.2079, оп.1, 310-іс, 43-45-б).

Қазіргі кезде Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы мен Қазақстан Республикасындағы Орыс православие шіркеуінің Митрополий округі (Қазақстандағы тиісінше ислам және православие басқармаларының органдары) діни салада толеранттық саясат ұстанады. Тіптен әлеуметтік қызмет көрсету, білім беру және денсаулық сақтау салаларында әріптестік қатынас жүргізеді. Бұл қарым-қатынастар негізін ислам мен православиенің қоғамдық өмірде ұстанатын жалпы адамгершілік қағидаттары құрайды: әлеуметтік қайшы іс-әрекеттерді қабылдамау, мейірімділік, қайырымдылық, кедейлер мен мұқтаждарға қамқор болу, ішімдік пен есірткіге тәуелділікке қарсы күрес. Тәрбие мен білім беру мақсатындағы ұғымдар ортақ. Есепке 2-қосымшада бұл аспектілер бойынша бірнеше материалдар берілген. Қазақстанның мұсылман үмбеті мен православиенің қазақстандық қоғам алдында тұрған проблемалар мен міндеттердің көпшілігіне көзқарастарының іс жүзінде жақын екенін көру үшін – «Орталық Азиядағы исламның рөлі» атты халықаралық конференцияның және Бүкіл қазақстандық православие съезінің екі үндеуіне көз жүгірту жеткілікті.

Қазақстанның Бас муфтийі Ержан кажы Малғажыұлы мен Митрополий округінің митрополиті Александр діни және мемлекеттік мейрамдарда үнемі бір-бірін өзара құттықтайды. Екі дін басшысы Қазақстан өңірлерінің басшыларымен, ірі қазақстандық шенеуніктермен, дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесулер өткізеді.

Біздің мемлекетіміздің зайырлылығы әртүрлі мемлекеттік ведомстволар мен діни бірлестіктер арасындағы ынтымақтастық туралы шарттарға қол қоюға кедергі болмайды. Бұл шарттар мемлекет пен діни бірлестіктердің екі тарап үшін де бірқатар басым мәселелер бойынша әріптестік қарым-қатынастар орнатуына мүмкіндік береді, олар: қоғамдағы рухани және адамгершілік деңгейін арттыру, діни ағарту және білім алу, әлеуметтік қызмет ету т.б. Нақ осы мәселелер 2014 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі қол қойған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен ынтымақтастық туралы келісімнің және Қазақстан Республикасында Орыс православие шіркеуінің Митрополий округімен осыған ұқсас келісімнің нысанасы болды.

Қазақстанның ислам және православие қауымдарының бұл екі органы бойынша қысқаша анықтама. ҚМДБ 1990 жылы (кезінде Қазақстан қазиятынан қайта құрылған Қазақстан мұсылмандары муфтиятынан) құрылды. Бірінші Бас муфтий Рәтбек қажы Нысанбаев

болды, одан соң Әбсаттар қажы Дербісәлі басқарды. Қазіргі кезде Қазақстанның Бас муфтийі Ержан қажы Малғажыұлы, ол 2013 жылғы 19 ақпанда Астана қаласында өтке Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының кезектен тыс VII құрылтайында сайланды. ҚМДБ-ның мынадай бөлімдері бар: шариғат және пәтуа, уағыз және Интернетпен жұмыс, білім беру және ағарту, дін істері, жастар істері, мешіт істері, баспасөзбен жұмыс. Қазақстанның барлық облыстарында бас имамдар жұмыс істейді. 2508 мешіт бар. Әртүрлі білім беру деңгейіндегі оқу орындары: Қазақ-Мысыр ислам университеті («Нұр»), Имамдарды оқыту жөніндегі республикалық институты, «Ықылас» Қарилердің даярлау орталығы, тоғыз медресе бар. Мерзімдік баспасөзі шығып тұрады

Қазақстан Республикасындағы ОПШ Митрополий округі ОПШ Синодының шешімімен 2003 жылы құрылып, 2010 жылы қайта ұйымдастырылды. ҚР Митрополий округінің басшысы – митрополит Александр. Қазақстанның Митрополий округі тоғыз епархиядан тұрады, олар: Астана және Алматы епархиясы, Орал және Ақтөбе епархиясы, Шымкент және Тараз епархиясы, Қостанай және Рудний епархиясы, Павлодар және Екібастұз епархиясы, Қарағанды және Шахтинск епархиясы, Петропавл және Булаевск епархиясы, Өскемен және Семей епархиясы, Көкшетау және Ақмола епархиясы. 329 дін мекемелері, 9 монастырь, Алматы діни семинариясы, орта буындағы бірнеше діни білім беру мекемелері бар. Мерзімдік баспасөзі шығып тұрады.

4. ДІН САЛАСЫНДАҒЫ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ ДІНИ ТАҚЫРЫП БОЙЫНША СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МӘЛІМЕТТЕРІ

Монографияның келесі бірнеше тарауларында Қазақстан Республикасында діннің қолданылуының аса маңызды аспектілерін қарастыратын боламыз. Мұндай аспектілерге: діни саладағы статистиканы, дінаралық диалогтың мазмұны мен құрылымын, Қазақстан халқының рухани бірігіп нығаюының негізгі қағидаттарын (діни негіздерде), дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісін, діни негіздегі экстремизм мен терроризмге қарсы тұруда діннің мүмкіндіктерін, қазіргі Қазақстанның аумағында діннің өзара қатынастарында діни лидерлердің рөлі мен дін лидер тұлғасына қойылатын талаптарды жатқызамыз.

Қазақстан бойынша дінге қатысты статистикалық мәліметтерден бастаймыз.

— **3-кесте.** – Қазақстан этностарының дінге қатыстылығы
(2009 жылғы санақ)

Этностық топ	Ислам	Христиан	Иудаизм	Буддизм	Басқа	Дінге сенбейтін-дер
Қазақтар	9928705	39172	1929	749	1612	98511
Орыстар	54277	3476748	1452	730	1011	230935
Өзбектер	452668	1794	34	28	78	1673
Украиндар	3134	302199	108	49	74	24329
Ұйғырлар	221007	1142	34	33	63	1377
Татарлар	162496	20913	47	58	123	16569
Немістер	2827	145556	89	66	192	24905
Кәрістер	5256	49543	211	11446	138	28615
Түріктер	96172	290	7	6	20	321
Әзербайжан	80864	2139	16	16	24	1586
Белорустар	526	59936	25	9	20	5198
Дүнгендер	51388	191	4	15	19	179
Күртiлер	37667	203	11	6	9	285
Тәжіктер	35473	331	2	6	30	307
Поляктар	235	30675	14	4	45	2486
Шешендер	29448	940	6	3	16	653
Қырғыздар	22500	206	6	6	4	352
Басқа ұлттар	54533	82254	1286	1433	210	13266
Барлығы:	11239176	4214232	5281	14663	3688	451547

2011 жылы Қазақстанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заң қабылданды. Ол Қазақстан Республикасында әрекет ететін діни бірлестіктердің қайта тіркелуін талап етеді. Нәтижесінде қазіргі уақытта елімізде мынадай діни бірлестіктер жұмыс істейді.

— **4-кесте.** – Қазақстан Республикасының діни бірлестіктері
(2016 жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша)


№	Конфессиялар	Саны
1	Ислам	2508
2	Православие	329
3	Елуіншілер шіркеулері	216
4	Інжілдік христиан-баптистер	174
5	Католиктіктер	84
6	Ехоба куәгерлері	60
7	Пресвитериандық шіркеуі	107
8	Жетінші күн адвентистері	42
9	Інжілдік-лютеран шіркеуі	13
10	Методистер	13
11	Жаңа апостол шіркеуі	26

№	Конфессиялар	Саны
12	Қришнаиттер	8
13	Бахаи	6
14	Иудаизм	6
15	Буддизм	2
16	Иса Мәсіхтің соңғы қасиетті күндері (мормондар) шіркеуі	2
17	Меннониттер	4
18	Мун бірлестігі шіркеуі (Муниттер)	1
19	Барлығы	3 601

Дереккөз: http://www.din.gov.kz/rus/religioznye_obedineniya/=1638

Қазіргі уақытта Қазақстанда 467 миссионер миссионерлік жұмыс жүргізеді. Олардың конфессиялық құрамы мен ҚР-ға олар келген елдер келесі кестеде көрсетілген.

5-кесте. – 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы миссионерлік қызмет:



Дереккөз: http://www.din.gov.kz/rus/deyatelnost/missionerskaya_deyatelnost/

ҚР-дағы діндар адамдардың жалпы санын конфессия лидерлері былайша бағалайды. Қазақстанда шамамен 10,5 млн мұсылман, 3,5 млн православие, қалғаны өзге конфессиялар мен деноминацияларға жатады. Бұл цифрлардан Қазақстанның барлық халқы – дін ұстанушылар екенін көруге болады. Социологиялық зерттеулер өзге сипаттама береді: шамамен Қазақстан халқының 35-40%-ға жуығы – мұсылмандар, 20% – православиелік, 4% – ҚР-да жұмыс істейтін қалған барлық конфессиялар мен деноминацияларға жатады.

Көптеген діни бірлестіктердің өз білім және оқу орталықтары бар: медресе, жексенбілік және діни мектеп, семинария, университеттер, біліктілікті арттыру институттары және т.т. Ер адамдар мен әйелдердің монастырлары, монахтардың ордендері жұмыс істейді.

Діни әдебиеттің көп бөлігі, ең алдымен мерзімді баспасөз түрінде әкелінеді және басылып шығады. Мерзімді басылымдардың ішінде журналдар мен газеттер, көбінесе ислам газеттері бар, басылым таралымы 40 000 данаға дейін жетеді.

Соңғы онжылдықта бұқараның санасында діннің рөлін қайта пайымдау жүріп жатыр, қазақстандықтар оның қоғамдағы орны мен рөліне баға беруде. ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану мен дінтану институты жүргізген социологиялық сауалнамаға сәйкес діннің ықпал ету сипаты туралы жауаптардың ауқымы діннің жағымсыз рөлін полярлы бекітуге қарсы (11,9%) діннің оң ықпалын мойындау жағына ауысу (39,7%) байқалады. «Сіз қазіргі қазақстандық қоғамдағы дін рөлінің өзгеруін қалай бағалайсыз? деген сұраққа респонденттердің 39,7%-ы «Діннің ықпалы артуда және бұл жақсы үрдіс» жеп жауап береді, «Діннің ықпалы артуда және бұл нашар үрдіс» жауабын респонденттердің 11,9%-ы «Діннің ықпалы төмендеуде және бұл жақсы» – 3%, «Діннің ықпалы төмендеуде және бұл нашар – 10,7% жауап берген. Жауап беруге қиналғаны – респонденттердің 34,4%-ы [26, 39-б.].

Сарапшылар мыналарды айрықша атап өтеді: 1) Қазақстан үшін дәстүрлі исламды насихаттайтын дінге сенушілер санының артуы: «Діннің дәстүрлі бағыттарына қызығушылық білдіретін адамдар санының көбеюі»; 2) діндегі жастар санының өсуі, оның Қазақстан үшін дәстүрлі исламның ханафит мазхабына және православиеге кеңінен ағылуы: «Соңғы жылдары халық, әсіресе жастар арасында дінге сенушілер саны (мұсылмандар да, христиандар да) едәуір көбейді»; 3) қазақ жастарының арасында дінге сенушілер саны артты.

Соңғы жылдары қазақстандықтардың діндарлығының серпінінде маңызды үрдістер бойынша сараптамалық бағалау дінге қызығушылықтың артуына байланысты әртүрлі байқалатын басты трендті айқындаумен астасады. Жауаптарда діншілдіктің

сыртқы нысандары атап көрсетілген, ол киім атрибуттарында, діни ғимараттарға барудың жиілеуінен көрінеді: «өзін діндармын деп есептейтін адамдар саны көбейді (мешіттер мен шіркеуге барады, тиісті киім киеді, оның ішінде жұмысқа да. Мысалы, ауруханаларда мұсылман киімін киген кіші медициналық қызметкерлерді жиі көреміз», «дінге, әсіресе жастар арасында қызығушылық артты. Көбінесе біздің мәдениетімізге жат атрибуттарға: хиджаб, ал қазір паранджа, сақал қою көзге түседі».

2014 жылдың институттық мониторингінде сұрақтарға жауапты талдау кезінде дін индивидтің жеке ісі болып табыла ма, ол қоғамдық және саяси өмірге ықпал ете ме деген сұраққа әрбір екінші респондент (51%) дінді жеке ісі ретінде қарап, сонымен қатар бұл социомәдени институтқа қоғамдық маңызды функциялар жүктейтіні анықталды. Осылайша, әрбір бесінші респондент (20,4%) дін қоғамның рухани-адамгершілік атмосферасына оң ықпал етеді деп есептесе, ал 8,2%-ы діннің бітімгершілік функциясының арқасында саяси проблемаларды шешуге өз үлесін қосады деп атап көрсетеді. Діннің шиеленістіруші әлеуетін респонденттердің 5%-ы айтса, тағы 5,4%-ы дінді шиеленістер туғызатын саяси ресурс ретінде пайдалану мүмкіндігін көреді. Тек сұралғандардың 5,7%-ы зайырлы қоғамда діннің ықпалы шамалы деп атап көрсетеді.

«Сіз қазақстандық қоғамда дәстүрлі және жаңа діндердің ықпалы қандай деп есептейсіз? деген сұраққа респонденттердің жартысынан көбі (55,6%) – дәстүрлі діндердің ықпалын оң бағалайды, бұл ретте респонденттердің тек қана ширек бөлігі (25,1%) жаңа діндерге қатысты оң ықпалдың ұқсас сипаттамасын береді. Респонденттердің 9%-ы дәстүрлі діндердің ықпалын теріс бағалайды. Әрбір үшінші респондент (30,3%) жаңа діндердің ықпалын теріс бағалайды. Қазақстан қоғамына дәстүрлі діндердің тиімді ықпалының жоқтығын 16%-ы, жаңа діндердің – 20,3%-ы атап көрсетеді.


«Сіздің діни сеніміңізге қатысты дау (достарыңыз, қызметтестер, туысқандар, көршілер арасында) туындаған кезде, Сіз не істейсіз?» деген сұраққа респонденттердің 26%-ы «Өз ұстанымымды қорғаймын, дәлелдер мен аргументтер келтіремін», ал респонденттердің 40%-ы «ҚР-да діни жанжалдарды күшейтетін дауларды қисынсыз деп есептеймін» – деп жауап берген.

«Өртүрлі діндер арасында өзара түсіністік табуға бола ма? сұрағына 17%-ы «Бұл үстірт түсіністік, себебі діндерде діни догмат келісім жоқ», 44%-ы «Егер диалог рухани-адамгершілік құндылықтар, ортақ негізгі конфессиялар базасында жүзеге асырылса, өзара түсіністік пен келісім болуы мүмкін» және 27%-ы «Сұрақтың бұлай қойылуына

негіз жоқ, себебі әрбір конфессия тек қана өз ілімінің шынайылығына сенеді» деген жауап алынды.

Қазақстанның халқы еліміздің аумағында ертеден орын алған діни алуандыққа төзімділікпен қарайды. «Сіздің конфессияға жатпайтын адамдармен бір қоғамда өмір сүру Сіз үшін қолайлы ма?» деген сұраққа жауаптар келесі диаграммада келтірілген.

— **1 диаграмма.** «Сіздің конфессияға жатпайтын адамдармен бір қоғамда өмір сүру Сіз үшін қолайлы ма?»




Респонденттердің тек қана бір пайызға жуығы иноконфессиялық ортада өмір сүрудің қолайсыздығын көрсеткен.

БАҚ-тың діни жағдайға ықпалына қатысты респонденттердің 40%-ы қазақстандық БАҚ қазіргі қоғамда исламның оң сипатын қалыптастырады деп атап көрсетті. Респонденттердің 14%-ы керісінше, БАҚ исламның жағымсыз бейнесін көрсетеді деген. Респонденттердің 35%-ы БАҚ православиенің оң сипатын, ал 12%-ы жағымсыз сипатын көрсетеді деп жауап берген. 26%-ға жуығы БАҚ қазақстандық қоғамда діннің бейнесін қалыптастыруға ешқандай ықпал етпейді деп атап көрсеткен.

«Дін қызметшілері қандай міндеттерді орындауы тиіс?» деген сұраққа жауаптар былайша бөлінді:

— **2 диаграмма.** «Дін қызметшілері қандай міндеттерді орындауы тиіс?» сұрау нәтижелері



5. ДІНАРАЛЫҚ, МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Бүгінгі күні діннің тікелей, өз мазмұны – мәні бойынша, сонымен қатар өзінің социумдық және мәдени аспектілерінде өзін жақсы жағынан көрсетуге мүмкіндігі бар. Оған мәдениетаралық және өркениетаралық диалог мысал бола алады. Бұл ретте діндер мәдениет негізін, ол арқылы өркениет негізін қалыптастыратыны белгілі. Қазақстан үшін, оның көп этносты және көп конфессиялылығымен діндер, мәдениеттер мен өркениеттер диалогы – қазақстандық қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы мен бірігуіне өте нәтижелі жол болып табылады.

Мәдениет пен өркениеттер әрқашан өзара қарым-қатынасқа түсіп келді, бірақ бұрын бұл өзара іс-қимыл кездейсоқ болатын, ал қазіргі, жаһандану заманында бұл өзара қарым-қатынас тұрақты, жаппай, жан-жақты сипат алды. Мәдениеттер мен өркениеттердің өзара іс-қимылының бірнеше түрі бар: қарсы тұру, қарсы іс-қимыл, диалог, ынтымақтастық, әріптестік. Диалог – қызықты және бай нысан, себебі ол мәдениеттер мен өркениеттердің өзара жағымсыз және жағымды ара-қатынасы арасында орналасқан. Диалог – олардың өзара іс-қимылының өтпелі нысаны, өркениетаралық және мәдениетаралық қатынастар тарихындағы өзгерісті кезең болып табылады. Сондықтан да диалог бүгінгі күні мәдениеттер мен өркениеттердің өзара іс-қимылының басқа да нысандарымен салыстырғанда зерттеушілердің назарын көбірек аударып отыр.

Өркениетаралық диалогта діннің рөлі жоғары, міне сондықтан да, бұрын айтылғандай, діндер мәдениеттер мен өркениеттердің негізінде жатыр. Өркениеттер «құрамында» діннен бөлек, мәдениеттің өзі, әртүрлі әлеуметтік-саяси және экономикалық феномендер, олардың өзара қарым-қатынасы барысында адамдардың қарым-қатынасының сипаты мен тәсілдері, мемлекеттік құрылыстың типтері мен нысандары, қоршаған ортаға деген қарым-қатынас та бар.

Диалогтың кейбір маңызды элементтерін қарастырайық.

Диалогтың құрылымы мен негізгі кезеңдері (өркениетаралық, мәдениетаралық, дінаралық) мынадай: диалог пәні белгіленеді – бұл пән проблеманың маңыздылығына қарай сараланады – шешімдер ұсынылады, содан соң олар талқыланады - қолайлы шешім әзірленеді.

Өркениетаралық диалог принциптері мынадай: 1) диалогқа әрбір тараптан, үкіметтік құрылымдармен қатар, азаматтық қоғам институттарының қатысуы; 2) әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің құндылықты жүйелер арасында диалог жүргізу; 3) адам құқықтары

зайырлы түсінікте адамгершілікпен, яғни діни құндылықтармен байыту және осы синтезді диалогтың дүниетанымдық негізін жасау; 4) диалогта діни, ұлттық, мемлекеттік және өңірлік мүддені қорғаудан алшақтау; 5) мәдениеттердің алуандығынан қорықпау және оны пайдалануды үйрену; 6) диалогтың барлық тараптарына оның біреудің пайдакүнемдік мақсатында қолданылмайтынына сендіру; 7) әрбір адаммен ешқандай шектеусіз сөйлесу; 8) жақтастардың көп санын қатыстыра отырып, кездесу орнын ауыстыру қажет.

Өркениетаралық диалогтың жалпы принциптеріне мыналар жатады: 1) тараптардың теңдігі, 2) диалог қатысушыларының ұстанымын құрметтеу, 3) саясиландырудың барынша аз болуы, 4) ұстанымдар мен ниеттердің шынайылығы, 5) тез нәтижеге жетуге ұмтылмау, 6) өзара сенімсіздікті жеңу бойынша бірлескен қызметті диалог нысандарының бірі ретінде есептеу, 7) диалогтың орасан маңыздылығы туралы ортақ фразеологиядан оны дамыту бойынша нақты ұсыныстарға көшу.

Өркениетаралық диалогтың субъектісіне (әртүрлі диалог деңгейлерінде) мыналар жатады: 1) оның құрылымының әртүрлі элементтері түріндегі өркениеттер, 2) ұлттық мәдениеттер, 3) әлемдік діндер, 4) мемлекеттер, 5) кәсіби қоғамдастықтар, 6) үкіметтік емес ұйымдар, 7) жастар қозғалысы.

Тиімді өркениетаралық диалог жүргізу үшін негізгі алғышарттар мен жағдайлар осындай. Олардың барлығы диалог жүргізудің жақсы мүмкіндігі ретінде беріледі. Әрине, нақты жағдайлар біршама қатаңдау.

Өркениеттер диалогын ілгерілетуде сарапшылар мен ғалымдардың өзіндік миссиясы бар. Әртүрлі форумдардың ұзақ уақыт жұмысына қарамастан осы диалогты жүргізу әдіснамасы пысықталмаған. Бұл жерде осы диалогтың принциптері, құрылымы, пәні бойынша ұсыныстардан бөлек диалогтың пәні, нақты мазмұны, келешектегі міндеттері болуы тиіс, тараптардың қарама-қайшылықтарынан қашпауы тиіс.

Концептуалды жағынан, діннің өркениетаралық диалогтағы рөлі былайша негізделеді: біріншіден, дін (жанама) өркениеттің негізінде жатыр: дін мәдениетті туғызады, ал мәдениет өркениетті туындатады; екіншіден, дін өркениеттің негізі болып қана қоймай, сонымен қатар оларды үнемі өркениеттің дамуы үшін сындарлы кезеңде, өркениет дамуының парадигмасын ауыстыру кезінде, басқа өркениетпен «қақтығысу» кезінде «қоректендіріп отырады».

Әртүрлі өркениетте дін алуан түрлі рөл атқарады. Қазіргі ислам өркениеті үшін ислам христиандыққа қарағанда – қазіргі Батыс

өркениеті үшін маңызды болып отыр. Қазіргі Ресейде православие, оны ресей қоғамының әртүрлі қабылдауы кезінде, автофекальды православие шіркеуі бар, бірақ Еуропаның ең атеистік елі болып табылатын Чехия үшін маңыздырақ. Жапония өзінің дәстүрлі мәдениетін (тіпті – ерекше өркениеттік үлгі) мақтаныш тұтады, бірақ сонымен қатар, дәстүрді ұстану қажеттігінен зардап шегеді, оның дінге деген қатынасын тіпті түсіну қиын. АҚШ, статистика бойынша, қазіргі әлемнің діншіл елдерінің бірі, бірақ олардағы құдайсыздық адам шошырлық. Осындай дінге қатысты әртүрлі жағдай қазіргі әлемде жеткілікті.

Қазіргі адамның діндарлығы ақылға қонбайтын сипатта. Ол Құдайға сенеді (Жер шарының барлық тұрғыны өзін қандай да бір дінге жатқызады), бірақ құдайсыз адам сияқты өмір сүреді. Бүкіл әлемдік элита дінге құрметпен қарайды, бірақ өз шешімдерінде құдайдың бар екенін ұмытып кетеді. Дін қандай да бір қатынаста шын мәнінде, өткеннің рудименті екенін мойындау қажет. Құдай бәрінің қайнар көзі екені айқын еді, ал қазір ол – артық болып отыр. Бұдан шығатын қорытынды қандай? Қазіргі өркениеттер құдайсыз ба? Солай сияқты. Біздің дінге өркениеттің негізі ретінде көрсетуге және өркениетаралық диалогта дін айқындаушы рөл атқаратынын айтуға қандай құқымыз бар?

Дін өркениеттер диалогында негізгі рөл атқарады және ол – өркениеттер негізі. Бірақ қазіргі адамның өзіндік санасы бұзылған, ол өзін өркениетпен, мәдениетпен байланыстырмайды, ол – құндылықтар мен маңыздан айырылған жаңа номад. Террористер тарапынан исламның ақиқатын еркін қабылдаудың терең себебі де осында. Олар өздерін мұсылмандар деп атай отырып, сонымен бірге, Құранда тыйым салынған адам өлтірумен айналысудың қарама-қайшылығына қарамайды: біздің замандасымыздың бұлыңғыр санасында осының барлығы қандай да бір әдеттен тыс кейіпте қабысып жатады.

Өркениеттер бүгін пайда болған жоқ, олардың қазіргі жағдайы өркениеттің мәнін көрсетпейді – бұл олардың даму кезеңі ғана. Сондықтан бүгін үстемдік құрған дінсіздік барлық өркениет үшін діннің маңыздылығын жоя алмайды. Бұрындары айтылғандай, дін өркениетке бірнеше рет ықпал етеді, бірақ өркениеттің діни мәселеге жүгінуіне қарай өркениетті үнемі «қоректендіріп отырады». Іс жүзінде ол былайша көрінеді. Мысалы, христиандықтың тікелей ықпалымен қалыптасқан батыс өркениеті ислам әлемімен беттеседі. Батыс өркениетінен ислам өркениетінің діни (исламдық) мазмұнына реакция талап етіледі. Батыс қажет болған жағдайда, ислам өркениетімен (атап айтқанда исламмен) өзара әрекетті алға қоя отырып, христиандыққа

жүгінеді. Шын мәнінде өркениеттер емес (дегенмен олар өздерінің көптеген қырларымен өзара іс-әрекетеседі), өркениеттер негізінде жатқан діндер өзара әрекетеседі (біздің жағдайымызда – христиандық пен ислам). Бұл жағдайларда батыс өркениеті өзінің христиандық түп-тамырын есіне алады және тағы да бір нәрсені христиандықтан сіңіреді. Ислам өркениеті де осылай, бірақ исламға қатысты жасайды. Сол немесе өзге де өркениеттің негізінде жатқан діннің мазмұнымен өркениетті үнемі «қоректендіріп отыру» процесі өркениет үшін, тіпті дінсіздік жайлаған кезеңінде де діннің маңызды екенін түсіндіреді.

Классикалық түрде өркениетаралық диалог негізгі әлемдік діндер арасындағы диалог ретінде жүзеге асырылуы тиіс. Бірақ қазіргі ақиқат оның сипаттайтын сызбалардан да күрделірек. Өркениетаралық диалогқа қатысты бұл қиындықтар мынадан көрінеді: бүгінгі күні бір жағынан, дін (ислам) – ислам өркениетінің тарапынан, басқа жағынан – өзінің христиандық түп-тамырын жоғалтқан Батыстың секулярлық мәдениеті. Сондықтан қазіргі заманның өркениетаралық диалогы дін мен секулярлық әлем (діни емес, нақтырақ айтсақ – дінге қарсы) арасында жүріп жатыр. Бұл жағдайда диалог өте күрделі – тараптар әртүрлі негіздерде тұр. Біз осыдан қазіргі заманның өркениетаралық, мәдениетаралық диалогтағы айқын қиындықтар себебін көреміз.

Бұл қиындықты әлем діндері лидерлері жақсы сезінеді. Мысалы, Қазақстандағы ОПШ Митрополичыё округінің басшысы Митрополит Александр «Өзгерістер саммитінде» (Стамбул, 2011 жылдың 14-15 наурызы) былай деді: «Америкалық саясаттанушысы Самюэл Хантингтонның артынан өркениеттер қақтығысы туралы тезис жиі қайталаңады. Кейбіреулер бүгінде христиандар мен мұсылмандар арасындағы қақтығыс сөзсіз болады дейді. Мысал үшін батыс елдеріндегі исламды тарату жайттарын және ислам елдеріндегі христианға қарсы зорлық-зомбылық жайттарын келтіреді. Әлемдік үстемдік үшін әлдекім екі әлемдік дінді қақтығыстырып, жауапкершіліктен қашып кетпекші. Алайда, христиан мен мұсылманның бір-біріне деген ешқандай күрделі наразылығы жоқ. Батыс елдері христиан болудан қалған, олардың саясаты христиандық адамгершілік тұрғысынан айқындалмайды. Мұсылмандар да, христиандар да секулярлы-либералды дүниетанымға кезігіп отыр, оларды жақтаушылар кез келген діннің жария рөліне өшпенділікпен қарайды және рухани ырықтандыруды қолдайды. Керісінше, екі дін өкілдері көптеген қоғамдық құбылыстарға сәйкес келетін қатынастарды жақындастырады. Бір таңқаларлығы: христиандар мен мұсылмандар әлемнің басқа дәстүрлі діндер өкілдерімен бірлесіп, қоғам өмірінің әртүрлі маңызды мәселелері бойынша бір ұстанымды қолдайтыны жиі кездеседі» [27].

Дегенмен бүгінде өркениетаралық диалогтың күрделілігі басқада. Қазіргі заманның өте көптеген күштері дінді осы диалогтың қатысушысы ретінде көргісі келмейді. Бұған себеп – осы күштер өркениетаралық диалогты өз мақсаттарына және мүдделеріне қарай басқарғысы келеді. Ал бұл үшін дінді өркениетаралық және мәдениетаралық диалог мазмұнынан алып тастау қажет, себебі дін осы диалогқа жөн сілтеп, оны барынша диалогқа түсетін діннің мазмұны мен мәнін айқындайтын шынайы арнада ұстап тұрады. Дінді өркениетаралық диалогтан шығарып тастауды жақтаушылар әртүрлі дәлел келтіреді, бірақ барлығы діндердің түбегейлі айырмашылықтарына қарай диалог үшін бір ортақ негіздемеге келе алмайды және диалогтың орнына кезекті қақтығысқа тап боламыз деген тезистің маңына шоғырланады. «Секуляризм жақтастарының көзқарасы бойынша дінаралық диалог зайырлы институттардың қамқорлығымен өтуі тиіс, себебі дін лидерлері өзара келісе алмайды дегенді алға тартады» [28].

Иә, өркениетаралық диалог бүгінде көптеген кедергілерге ұшырасуда. Негізгі діндердің түпкілікті догмалық алуандығы – сол кедергілердің бірі. Бірақ осының негізінде дінді өркениетаралық диалогтан алып тастау қисынсыз. Диалогтың қиындығын жеңу қажет, осы диалогты бар мән-маңызы мен нақты мазмұнынан айырып, оның ниеті түзулігіне мән-мағынасыз сендіруге болмайды. Бұдан бөлек, тұжырымдамалық тұрғыдан осы диалогтан дінді алып тастай алмайды. Жоғарыда көрсетілгендей, діндер өркениет негізінде жатыр, сондықтан діннің мазмұны өркениеттің өзегіне кіреді, өркениеттер арасындағы кез келген диалог өзіне діни құрамдас бөлікті қамтиды.

Өркениет диалогы ішіндегі діндер диалогы негізінде қандай принциптер жатыр? Бұл принциптер мынадай: 1) дінге төзімділік пен өзара сыйластық; 2) диалог тараптарының теңдігі; 3) диалог қатысушыларының саяси бейтараптығы; 4) біртіндеп дамуы (дінаралық диалогтан тез әсерді талап етуге болмайды); 5) тұрақтылық пен үздіксіздік.

Белгіленген қағидаттар айқын және түсіндірудің қажеті жоқ. Саяси бейтараптылық принципіне қатысты ол тек «толеранттылықты» білдіріп қана қоймайды. Ол діндер диалогына саяси аспектілерді енгізуге болмайтынын білдіреді. Әрине, конфессиялардың саяси мәселелерді шешуде өз көзқарасы бар, бірақ олар өз көзқарастарын үкіметке және халықаралық құрылымдарға дейін жеткізе алады, ал өзара өткір проблемалардың арасындағы диалогты енгізбеген жөн. Қандай да бір әлеуметтік-саяси мәселенің ортақ көзқарасына қол жеткізе отырып, діндер әлемдік қоғамдастыққа оның шешімін ұсынуы

тиіс – міне, діндердің өркениетаралық диалогқа нақты қосатын үлесі осы болмақ.

Дінаралық диалог мәнін талдауға кешенді түрде келу қажет, себебі оның барлық аспектілері өзара байланысты. Алайда, талдау қандай да бір негізгі тәсілдерді атап көрсетуді көздейді. Осы тұрғыда әдіснамалық қағидаттар мен диалогтың өзі мен оның талдауы ретінде түсіндірілетін осындай тәсілдерге мыналарды жатқызамыз: 1) дінаралық диалогтың пәнін бөліп көрсету; 2) оның құрылымын; 3) диалог деңгейлерін белгілеу; 4) оның қағидаттарын табу; 5) оның мүмкіндіктері мен шекарасын пайымдау.

Конфессияаралық диалогтың пәні мыналар болып табылады: 1) қазіргі қоғамда және әлемдік аренада діннің әрекет етуінің ортақ қағидаттарын; 2) барлық деңгейдегі өзара қарым-қатынастарға адамгершілік бастауын енгізу; 3) әлемдік діндердің тәрбиелеу, білім беру, адамды әлеуметтендіру, қайырымдылық қызметі, соғыс идеяларына қарсы бейбітшілік құндылықтарын қалыптастыру мен іске асыру; 4) әлемде болып жатқан өзекті процестерге жалпы көзқарасты әзірлеу.

Дін диалогты биіктетеді, міне сондықтан да ол тараптардың өзара қарым-қатынасының өзге нысандарында кездесетін дау, жеңіп шығуға, алдауға ұмтылу емес. Дін диалогты тереңдетеді. Және диалогтың позитивті принциптері көбінесе дінге тәуелді. Өркениетаралық диалогтың тараптар теңдігі, өзара құрметтеу, ниеттестік, басқаны ести білу сияқты сипаттамалары – дінге апарады.

Дінаралық диалогтың өз құрылымы бар, яғни оның элементтерін бөліп көрсетуге болады. Ол мәдениет, адамгершілік, дін мен ғылымның, жаңа технологиялардың өзара іс-қимылы саласында жүргізіледі, секуляризмге, әлем құрылысының жаңа принциптеріне ортақ көзқарас әзірленеді. Бұл жерде дінаралық диалог құрылымында діни қатынасының екі типі бар: діннің өзара тікелей қатынасы мен әрбір діннің мемлекетпен қатынасы, мемлекет арқылы – өзара қарым-қатынастар. Қатынастардың екінші типі іс тәжірибеде кеңінен таралған.

Дінаралық диалогта өздері әрекет ететін деңгейлер нақты бөлінеді. Бұл дін лидерлері арасындағы диалог, діндарлар арасындағы диалог, әртүрлі діндер қызметінің әлеуметтік маңызды нысандары арасындағы «диалог». Қазақстан дін лидерлеріне қатысты өзара кейбір проблемалар бар. ҚР-да діннің әлеуметтік-саяси мәніне, тиісті діндарлар көлеміне байланысты дін лидерлерінің белгілі сатылы дәрежесі бар.

Дінаралық диалогтың екінші деңгейі әртүрлі дінге сенетіндердің диалогы. Бұл диалог ерекше – ол бейне көзге көрінбейтін сияқты. Тіпті оны жоқ деуге болады. Бірақ ол бар, түптеп келгенде, дінаралық

диалогта негізгі орын алады. Бастапқыда, әртүрлі діндердің діншілдерінің өзара қарым-қатынасы әлсіз. Сол және өзге діни бірлестік өзіне жеке діни тұрғыда өмір сүреді, белгілі бір діни қоғамдастыққа жататын діншілдер өз дінін ұстанады және оларды басқа діндер қызықтырмайды. Бірақ іс жүзінде олай емес. Өзге діндердің болуы оларға ден қоюға итермелейді. Әртүрлі діндердің діншіл адамдары тікелей өзара қатынас жасамай, кімнің діні жақсы деп бір-бірімен жарыса отырып, бірақ өзге дінді уағыздаушы адамдар бар екенін біле тұра, сырттай дін уағыздайтын диалог жүргізеді. Бұл дінге сенетін адамдар – әртүрлі діндердің діндарлары - бір-біріне өте жақын, себебі әртүрлі діндердің дінішілік идеалдарының ұқсастықтары көп. Діндарлар арасында, егер тұжырымдап айтсақ, қарама-қайшылық жоқ, керісінше құдайға сенуге негізделген келісім бар.

Діндер диалогының мүмкіндігі де осында, оның нәтижелігіне деген сенім бар. Әртүрлі дінге сенетіндер арасында белгілі бір қарама-қайшылықтар бар, бірақ бұл қайшылықтар әртүрлі діндерге шынайы сенетіндер арасында емес, бәлкім дінге жалған сенетін адамдардың діни топтары немесе әртүрлі діндердегі радикалды ағымдар арасындағы қайшылықтар болуы мүмкін.

Өркениетаралық диалогта діннің өзіндік терең өлшемдері (дін догматтары жататын) аз екенін есте сақтаған дұрыс. Діндер бірлескен әлеуметтік қызмет саласында жоғарда аталған өзге де нысандарда диалогқа түседі. Бірақ діндер олардың догмалық негізі бойынша диалог құрмайды, тәжірибе көрсеткендей, дін ілімі саласында диалог құруға тырысу өзара келіспеушілікпен аяқталады. Діннің ілімдік негіздері ымыраның пәні бола алмайды. Бұл туралы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (МГИМО) ректоры А.Торкунов былай деп еске салады: «Дінтану саласында аз да болса төзімділік бар, себебі догмалық тұжырымдар әрдайым өктем болады. Діни толеранттылықтың мәнін атақты орыс медиевисті Л.П. Карсавин жақсы айқындап берді: «Дінге еріктілік барлығының, тіпті қарама-қарсы діни ілімдердің біркелкі құндылығын мойындауға әкелмейді. Онда діни емес немқұрайлылықпен діни еріктілік болар еді. Догмалық-теориялық дінге еріктілік туралы айту мүлдем орынсыз. Тек қана адамгершілік-практикалық төзімділік, яғни басқа дінге сенетіндерге қолданылатын зорлық-зомбылықтан түбегейлі бас тарту туралы айтуға болады» [29].

Қазіргі әлемнің негізгі діндері – ислам мен христиандық. Олардың арасындағы диалогқа көп нәрсе байланысты. Екі жақ та осыны түйсінеді. Ислам мен христиан жағынан да ірі және аса көреген діндардың ортақ күш-жігерінің арқасында діндер диалогына қатысты түсініспеушіліктер мен көмескіліктер жойылады.

Дінаралық диалогтың жоғарыда келтірілген ортақ қағидаттарын Қазақстанға қатысты біздің қоғам үшін оны рухани біріктіру ретінде өзекті міндетке байланысты нақтылаймыз. Бұл міндетті Қазақстанның діни лидерлері жақсы біледі. Астана және Алматы митрополиті, Әлем және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші съезінде ОПШ делегациясының басшысы Мефодий былай деді: «Өркениеттер тоғысында тұрған Қазақстан Шығыс пен Батыстың, Еуропа мен Азияның жақындасуында, әртүрлі мәдениеттер мен діндегі адамдардың жақындасуында елеулі рөл атқарды. Ислам мен православие еуразия құрылығының екі супер этносының дін тұтуын және осы діндердің Қазақстанда бейбіт өмір сүруі оның әлеуметтік және рухани өміріндегі тұрақтылықтың тимді кепілі болып табылады» [30]. Ислам және православие арасындағы диалог тек қана біздің уақытымыздың «өнертабысы» болып табылмайды, XX ғасырдың 80 жылдарында христиан-мұсылман диалогы Орталық Азияда қарқынды жүзеге асырылғанын еске саламыз. Мысалы, 1983 жылдың 12 мамырында Ташкентте ОАМДБ басшылығының (ОАМДБ төрағасы, муфтий С.Бабаханов пен ОАМДБ төрағасының орынбасары – Ю.Шакирова) РПЦ екі епархийі басшылығымен (Ташкент және Орта Азия – архиепископы Варфоломеей мен Алматы және Қазақстан – архиепископ Иреней) ислам және православие дінбасыларының үлкен тобының қатысуымен кездесуі болып өтті. Бұл кездесудің тақырыбы – «Экуменистік байланыстар, олардың бейбітшілік, соғыс қаупін жою үшін күрестегі рөлі мен мәні». Кездесуде баяндамалар жасалды, мазмұнды пікірталас болды, коммюнике қабылданды (ҚР МОМ, ф.2079, оп.1, 275-іс, 12-13-б.).

6. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ШОҒЫРЛАНУЫ: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ШЕКТЕРІ

Қазақстан қоғамының бірлігі деңгейін айқындамайынша, Қазақстан Республикасының дамуы мүмкін емес. Сондықтан қазақстандықтарды біріктіру міндеті аса өзекті. Осы шоғырландырудың өзге нысандарының арасында рухани шоғырлану – маңызды мәселелердің бірі болмақ, себебі рухани саладағы шоғырландыру деңгейі – мемлекеттің тұтастығының бұлжымас шарты. Рухани шоғырлану рухани құндылықтардың және қазақстандық қоғамның әртүрлі сегменттері мақсатының абсолютті тепе-теңдігін көздемейді. Керісінше, рухани құндылықтардың шоғырлануы осы сегменттердің өзгешелігі мен ерекшелігін сақтауды көздейді. Рухани саладағы айырмашылықтар – рухани қоғамның шынайы ортақтығының шарты.

Жалған, формалды бірігу қоғамды күйретеді, себебі ол мәжбүрлейтін сипатта, оны тұлға қабылдамайды, кері итермелейді. Осы жалған бірлікке сырттай, формалды түрде келіскен адам оған іштей қарсы болады, бұл оның бірлігі, оның таңдауы, оның рухани байлығы емес. Рухани саладағы бірігу дегеніміз рухани дәстүрдің нақты мазмұнының алуандығын сақтау кезінде ортақ қағидаттарға, ортақ мазмұнға келісу. Осы саладағы айырмашылықтар – игілік, олар қоғамның орнықтылығы мен руханилығына жәрдемдеседі.

Рухани шоғырланудың мәнін түсіну кезінде маңызды сұрақтар туындайды: «Рухани сала құндылықтарының алуандығын сақтай отырып, қалайша ондағы қажетті бірлікке қол жеткізуге болады?», «Қазақстан қоғамының рухани шоғырлануының мүмкіндіктері мен шектері қандай?». Осы сұрақтарға жауап беру үшін руханилықтың мәнін және руханилық қандай нысандарда көрінетінін нақтылау қажет. Адам мен қоғамның рухани саласының ауқымы кең. Ол мәдениет, ғылым, дін, ададмардың өзара сөйлесуі, тұрмыстың өткеніне шолу және қазіргі болмысты болашақта елестетуді қамтиды.

Осы аралық нысандардың рухани мазмұны әртүрлі. Дін де көп дәрежеде рухани мазмұнға толы. Не себепті? Себебі дін руханилықты өзінің пәні етеді, дін нысанасы руханилық өзінің анықтамасына ие болады, дін руханилықтың шыққан қайнар көзін көрсетеді, ол руханилықтың даму тәсілдері туралы айтады, рухани даму мақсатын ұстанады және соған мән береді. Дінге қатысты айтылғандардың бәрі мәдениет пен ғылымда руханилық жоқ дегенді білдірмейді, руханилық адам қызметінің барлық нысандарында, оның ішінде мәдениет пен ғылымда бар. Адам жоғары ұмтылғанда, адам рухы әрекет ететін және адамның өз болмысын оның ақиқатында жасампаздығы бар жерде руханилық бар деп айтуға болады.

Біз ғылымға, мәдениет пен терең адами қарым-қатынас және көптеген мәселелерге – олардан рухани мазмұн іздестіре отырып, жүгіне аламыз. Осы мазмұнды адам тұрмысының көптеген нысандарынан табуға болады. Бірақ, егер дінде руханилық «көбірек», онда дін – «рух үйі» болса, онда біз руханилықты не себепті әр жерден іздеуіміз керек, руханилықты оған барабар нысанда – діннен алған және осы деңгейде қоғамның рухани шоғырландыру процестерін зерттеген дұрыс емес пе? Жақсы шығар. Сондықтан рухани шоғырландыру мәселелерін одан әрі баяндауда рухани сала, қазақстандықтарды діни салада рухани шоғырландыру ретінде тек дін туралы айтуға болады.

Ислам мен православие Қазақстандағы саны жағынан көп екі дін болып табылады. Олардан бөлек ҚР-да өзге де діндер, конфессиялар мен деноминациялар бар. Мысалы, елімізде Қазақстанға жақын арада

немесе соңғы кездері келген көптеген жаңа діни қозғалыстар бар. Бұл ағымдардың саны көп, бірақ оларды ұстанушылардың саны дінге сенетін қазақстандықтардың жалпы санының 4-5 %-ынан аспайды. Жаңа діни қозғалыстарын жақтаушылардың Қазақстан халқының рухани шоғырлануына қосатын үлесін елемеуге болмайды, оны (әсіресе дін тұту сипатының ерекшелігіне және жаңа діни қозғалыстар мүшелерінің мінез-құлқына байланысты) көз алдымызда ұстау қажет. Бірақ Қазақстан халқының рухани шоғырлану процестерінің негізгі мазмұны – ислам мен православиенің қатынасымен беріледі; осы діндердің өзара қарым-қатынасы негізінде рухани шоғырлану мүмкіндіктеріне жүгінейік.

Ислам мен православиенің руханилыққа қатысты ұқсастығы көп. Біріншіден, Құдайға, Аллаға сену. Тұжырымдасақ, бұл сенім барлығының Жаратушысының бар екенін, Оның адамдарға деген мейірімі мен махаббатын, қайырымдылығын мен әділдігін мойындаудан білінеді. Ортақтығы – сауапқа сену, Қиямет күнін күту, жұмақ пен тозаққа сену, періштеге, жындарға, пайғамбарға, күнәні жуу, мейірімге сену. Ислам мен православиіде дінге сенушілерге қойылатын адамгершілік талаптары бірдей: қайырымдылық жасау, жауыздықтан қашу, адамдарға көмектесу, мейірбан және әділ болу. Руханилық пен рухани даму мәнін түсінуде де ортақ нәрсе көп. Осының бәрі Қазақстан мұсылмандары мен православиеліктің нақты рухани жақындығы туралы, демек, қазақстан қоғамының рухани шоғырлануы саласындағы үлкен мүмкіндіктер туралы айтуға жетелейді.

Баяндалған ережелерді екі діннің Қасиетті кітаптары: Құран мен Інжілдің дәлелдеріне жүгіне отырып, біраз нақтылайық. Олардың екеуінде де сенім нормасы дінге сенушілердің нақты мінез-құлқына түседі және бәрінен бұрын бұл олардың адамгершілік талаптарын баяндаудан байқалады.

«Иса пайғамбар зейнет-шадымандық туралы уағызында Жаңа інжілді (Мұсаның толықтыруы мен өрбітуінде) берді. «Заң мен пайғамбарларға» бейілдігін растаған Иса пайғамбар Көк патшалығына кірудің шарты ретінде Көне інжілдің өсиеттерімен жүріп қана қоймай, Мұсамен салыстыруда шынайылықтың басым болуын талап етті. «Көне адамдар не айтқанын естідіңіздер ме: «ешкімді өлтірме; кім өлтірсе құдайдың қаһарына ұшырауға тиіс». Менің сіздерге айтарым өз бауырына жазықсыз өшіккен кез келген адам құдайдың қаһарына ұшырайды ...» (Мф. 5.21-22). Одан әрі: «Көне адамдар не айтқанын естідіңіздер ме: «нәпсіқұмар болма». Менің сіздерге айтарым кімде-кім әйелге үздіге қараса, өз жүрегімен нәпсіқұмарлыққа барды» (Мф. 5.27-28). Иса пайғамбар ажырасу және ант беру туралы да осыны

айтады. Ол жалғастыра отырып: «Не айтылғанын сіздер естідіңіздер ме: «қанға қан, жанға жан». Менің сіздерге айтарым: өшікпеңіздер. Бірақ сендердің оң жақ беттеріңнен ұрса, оған сол жақ бетінді тос» (Мф. 5.38-39). Одан әрі: «Не айтылғанын сіздер естідіңіздер ме: «өз жақыныңды жаныңдай сүй, жауыңды жирене жек көр». Ал менің сіздерге айтарым: жауларыңды да сүйіңіздер, сіздерді қарғағандарға жақсылық ойлаңыздар және сізді өкпелетіп, қуғындағандар үшін дұға қылыңдар» (Мф. 5.43-44). Егер мұның бәрін адамдар орындайтын болса, онда – «Өз көк құдайларыңыздың құлы боласыздар ...» (Мф. 5. 45). Христиандықтың рухани құндылығы осындай.

Ал ислам ше? Мұхаммад пайғамбар «Бақара» сүресінде дін ұстанушылар үшін құдайға сыйыну ережелерін айқындайды: *«(Яһудилер Месжид Ақсаны, Христиандар оның шығыс жағын құбыла тұтып, әрқайсысы өз құбыласын жақсы деп ойлайды.) Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ кім Аллаға, ақирет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайырышыларға және құл азат етуді жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шынышылдар әрі солар тақуалар.»* (2, 172 (177). Мұхаммед сипаттаған тақуа өмірдің осы діни нормаларының көбісі христиандық нормаларына барынша жақын» [31, 80–82-бб.].

Рухани даму жолында тұрған адамдар рухани туыстық қағидаттарына құрылған қауым құрады. Бұл жаңа туыстық қандас туыстықтан да жоғары. «Ей, иман келтіргендер! Егер сендердің аталарыңның, аға-бауырларыңның иманынан гөрі күпірлігі басым бола, олардан қатынастарыңды үзіңдер. Кімде-кім олармен жақын жүрсе ол күнәкар» (9, 23) – деп айтады Мұхаммед. Иса пайғамбар сенім талаптары туралы былай дейді: «Кімде-кім әкесін немесе анасын Менен де гөрі артық жақсы көрсе және кім ұлы немесе қызын Менен де гөрі артық жақсы көрсе, менің қайырымыма лайық емес» (Мф. 10, 37). Рух жақындығы қандас туыстықтан да жоғары қойылады, бұл сенім негізінде рухани шоғырланудың түбегейлі мүмкіндіктерін түсінуге жақындатады.

Құдайға сену әртүрлі дінді ұстанушыларды жақындастырады. Құдай туралы түсініктер де, әртүрлі діндерде оған барар жолдары да біршама ерекшеленетіні белгілі, бірақ шынайы сенім – дінге сенегіндердің рухани үйлесімін қамтамасыз ететін сөзсіз ортақ негіздеме болып табылады. Қазақстан халқын рухани шоғырландыру мүмкіндіктерін іске асыру үшін ел басшылығының сарабдал

саясаты орасан рөл атқаратыны сөзсіз. Бірақ осы шоғырландыру мүмкіндіктердің ішкі шарты – Құдайға сену. Одан әрі қатаңырақ айтсақ, Құдай рухани нығаяудың бастапқы шарты болып табылады, себебі ондағы барлық адамдар – бауырлар. Әртүрлі дінге сенушілерді ерекшелейтін және бөлетін діни ақиқат емес (өз түп-тамырында – бірдей), керісінше сенім мәнін қарапайым түсіну. Басқаша айтсақ, сенім биіктігі дінге сенушілерді біріктіреді, ал сенім ережелеріне формалды бағыну (оның мәнін тиісінше түсінбей) оларды ажыратады.

Сонымен, Қазақстанда қоғамды рухани біріктірудің нақты мүмкіндіктері жеткілікті. Бірақ бұл біріктірудің өзіндік шегі де бар. Бұл шектің ортақ және айқын өлшемдерінен бөлек (мысалы, руханилық өзінің мәні бойынша біркелкі болса да, этностық, рулық, топтық, әлеуметтік, саяси және экономикалық сипаттағы ерекшеліктері де бар) ықтимал шоғырланудың терең рухани шегі де жеткілікті. Діндер өзінің догмасымен, яғни сенімнің негізгі қағидаттарымен ерекшеленеді. Христиандықта осындай қағидаттарға Қасиетті Үштік, Мариям ана, өлгендердің тірілуі және болашақ ғасыр, басшысы Иса пайғамбар болып табылатын Шіркеулер бірлігі туралы догматтар жатады. Исламда сенімнің өз догматтары бар. Бұл догматтар ерекшеленеді. Мысалы, ислам қатаң түрде бір Аллаға сену діні ретінде Қасиетті Үштік туралы догматты қолдамайды, христиандық бұл тармақта аврамдық бір құдайлықты өзгертті деп есептейді. Мұхаммед ислам мен христиандықтың осы ерекшелігін бірнеше рет көрсетеді, Медине кезеңінде «Ей, иман келтіргендер! Яһудиді де, насараларды да дос тұтпаңдар. Олар өзара дос. Егер сендердің араларыңда кім олармен дос болса, ол да солардың қатарында саналады.» (5, 56 (51)). Не себепті Мұхаммед бұлай дейді? Себебі ол христиандықтан бір құдайдан бас тартуды көрді. Яһудилер мен насараларға: «Құдайдың қарғысы тисін! Қалай ғана жала жабады деңі? ... Ал олардың бәрі бір ғана Тәңірге табынуға бұйырылған болатын. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ еді. Алла олар жапқан жаланың бәрінен таза еді!» (9, 30-31). Мұхаммедтің бір Аллаға сенушілігі мына аяттардан айқын көрінеді: «Ол – Алла – жалғыз, – де, Алла – мәңгілік. Ол тумаған да туылмаған. Оған ешбір нәрсе тең келмейді!» (112, (1-4)), және одан да айқыны – «Алла – үш тәңірдің біреуі ғана деушілер мүлде кәпір болды» (5, 77 (73)).

Ислам мен христиандықтың догмалық айырмашылықтары айқын. Осы діндерде нысаны бойынша ортақ догматтар да бар екенін атап өту керек. Бұл некесіз бала туу, өлілердің тірілуі, жұмақ пен тозақ туралы догматтар (алайда олардың жақындығы тек сырттай сипатта, мазмұны бойынша бұл догматтар ерекшеленеді, себебі әртүрлі дін ілімдік мәнмәтінге негізделген). Догматтардың бір-бірінен айырмасы көп болса, бұл Қазақстан халқының рухани шоғырлану мүмкіндіктердің

түпкілікті шегін болжайды – бұл шоғырланудың догмалық шегі деп аталады. Әлемнің негізгі діндері догматтар арқылы ерекшеленеді – бұл айырмашылық жақсы дегенде, дінсіздер мен діни қатынаста сауатсыз адамдардан, жаман дегенде, дінді ескінің қалдығы деп санайтын, оны барлық (немесе негізгі) діндерді «азаматтық дін» деп аталатын, оның дінге қатысы шартты түрде болса да, оларды біріктіру арқылы жоюды көксейтін діннің қарсыластарының тарапынан айтылатын біріктіру туралы үндеулеріне еріп кетпей, діндердің сақталуына көмектеседі. Сондықтан рухани шоғырланудың шектері жақсы: олар діндердегі ұқсастықты көруге мүмкіндік береді – оның жақсы мәнінде діннің еріктілігіне жәрдемдеседі, бірақ олар діндердің айырмашылықтарын жоюға мүмкіндік бермейді және олардың алуандығын сақтайды. Діндердің алуандығына әртүрлі қарауға болады. Әрине, сол немесе өзге дінді ұстанушылар барлық адамдардың солардың дінін қабылдағанын қалайды, себебі оны жалғыз шынайы дін деп есептейді. Бірақ басқа діндерді ұстанушылар да осындай жағдайда болғандықтан, онда өзі ұстанатын дінге бола, олардың қарсылығын туғызбас, ақырында жаңа діни қақтығыстарға әкелмес үшін діндердің алуандығын сақтаған дұрыс болар.

7. КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

Конфессияаралық келісім кез келген қоғам тұрақтылығының маңызды элементі болып табылады. Соңғы уақытта әлем діннің қандай да бір қатысы бар көптеген қақтығыстар мен шиеленістердің куәгері болды. Сондықтан дін саласындағы келісім – еліміздің аса құнды байлығы болып табылады, оны отандық және шетелдік сарапшылар мен талдаушылар атап өтуде. Бұл келісім – Қазақстан халқының жеткілікті кемелденген азаматтық сана-сезімінің, елдің саяси басшылығының, ең алдымен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сарабал саясатының, Қазақстан конфессияларының абсолютті көпшілігі лидерлерінің толерантты бағытының арқасы. Қазақстанда әлемдік қоғамдастықтың тарапынан кеңінен мойындалған, Әлем және дәстүрлі діндер лидерлерінің бес съезінің (2003, 2006, 2009, 2012, 2015 жж.) өткізілуі кездейсоқ емес.

Осыған байланысты ел ішінде дінаралық өзара іс-қимылдың үздік үлгілері мен мемлекет пен діни бірлестіктердің арасындағы қатынастар туралы мәселе туындайды. Егер дінаралық келісім үлгісі туралы айтсақ, кез келген үлгі оларға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс: ол сызба түрінде болса да, бірақ мәні бойынша үлгі ретінде берілген пәннің –

бұл жерде – дінаралық келісімнің мазмұнын бере білуі тиіс. Бұл үшін конфессияаралық келісімнің не екенін білу қажет.

Келісім – бұл келіспеушілік, тікелей қарсылықтар, күш қолдану арқылы қақтығысу жоқ деген сөз емес. Келісім – бұл туындаған қарама-қайшылықтарды көре білу, оларды теориялық талдау мен осы қақтығыстарды жоюдың практикалық – нақты жағдайларда іске асырылатын тетіктерін әзірлеу; діни салада бар қауіп-қатер мен тегеуріндерді тұрақты жеңе білу; өзгермелі ақиқатқа сәйкес үлгінің өзінің өзгеріске түсуі. Осы жағдайлар орындалған кезде ғана, тыйым емес (оны көбінесе келісіммен шатастырады, ол бірқатар уақыт ішінде табысты болуы мүмкін, бірақ келешекте бәрібір наразылыққа ұласады) келісімге қол жеткізуге болады.

Келісімнің нені білдіретінін білумен қатар, дінаралық келісімді де білу керек. Дінаралық келісім дегеніміз ерекше түрдегі келісім, себебі ол өте нәзік, өзгеше, өтіріктің кез келген түріне сезімтал дін саласындағы келісімді талап етеді. Дін саяси талдау үшін күрделі, саяси әдістер және құралдар арқылы дінді түсіну, игеру, сипаттау мүмкін емес. Дін саясатқа қарағанда тереңірек, көлемдірек, нәзіктеу, салмақты және ең бастысы рухани жағынан бай. Саясат – өте күрделі қызмет нысаны, онда да көреген, жан-жақты дамыған, сауатты, кәсіпқой болу қажет, бірақ барлық осы сипаттамалар бойынша саясат дінге жол береді. Саясат діннен басып оза алмайды, сондықтан дінді саяси талдау тиімсіз. Алайда дінді әлеуметтік-саяси тұрғыдан талдау басым түседі. Бұл ретте ішкі – дін тұрғысынан ең маңыздысы – оның ішкі мазмұны елеусіз қалады.

Діннің осы ішкі мазмұнына қысқаша тоқталуға тырысайық – бұларсыз дінаралық қатынастардың мәнін, демек, дінаралық келісімнің табиғатын түсіну мүмкін емес. Діннің ішкі мазмұны адам мен Құдайдың қосылуы, адамның өз бойында жақындарына деген сүйіспеншілікті, жоғары адамгершілік пен руханилықты қажет ететін діни мазмұнмен толығудан көрінеді – адам барлық оның көріністерінде осы қағидаттарға негізделетін болса – мәңгілік өмір үшін өз жанын құтқаруға үміт бар (діни өмірдің мақсаты – мәңгілік өмір үшін жанын құтқару болып табылады). Міне, діннің мәні де осында.

Бірақ қоғам мұны дін деп түсінбейді, дінді қоғамдық даму, мемлекет үшін оның рөлі мен мәніне саяды. Яғни, біз көбінесе дін деп ішкі діни мазмұнын емес, керісінше оның сыртқы: діннің әлеуметтік-саяси аспектілерін түсінеміз. Міне, шын мәнінде, барлық діни мәселелерді үстірт, теріс талдаудың себебі де осында. Дінге қатысты жағдайды жеке талдау үшін діннің мәнін білу қажет – өйткені ол айқындаушы болып, ұлттық және өңірлік деңгейде, сонымен қатар

қазіргі заманның ғаламдық үдерістерінде де үлкен рөл атқаратын болады. Мысалы, дінаралық келісім сияқты феномендердің мәнін ашу кезінде діннің маңызын дұрыс түсінуіміз қажет.

Енді, осындай қажетті түсіндіруден соң, шын мәнінде, дінаралық келісімнің не екенін анық тұжырымдауға болады. Дінаралық келісім діндер арасындағы бейбітшілік пен келісім, тек толеранттылық, діндер диалогы ғана емес. Бұның бәрі дінаралық келісімнің көріну нысандары. Дін саласындағы келісім конфессиялар лидерлері арасындағы толеранттылық немесе жақсы, достық қатынастарды қажет етіп қана қоймайды, әрине мұның бәрі қажет, сонымен қатар осының бәрі дінаралық келісім жағдайында әрекет етеді. Егер діншілдердің барлығы болмаса да, бұл қиындау, конфессиялардың көпшілігі немесе ең болмағанда мемлекетте жұмыс істейтін барлық негізгі, аса ірі конфессиялардың өздеріне жақын Құдайға сенуі, дін ілімі тәжірибесінде және діншілдерге қойылатын адамгершілік талаптарында бірқатар бірлік болған жағдайда ғана діндер арасындағы келісімге қол жеткізуге болады. Сенімдер мәні бойынша ұқсас кеңістік ретінде ортақ діни кеңістік – дінаралық келісімнің шынайы негізі болмақ.

Дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік-қоғамдық дамуының әлеуметтік-саяси тұрғысында күрделі дінаралық конфигурацияны білдіреді. Қазақстанның барлық конфессияларының абсолютті заңи теңдігіне қарамастан, осы конфигурацияның ортасында Қазақстанның аса ірі діндері – ислам мен православие тұр, олар өзара іс-қимыл жасай отырып, елдегі дінаралық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Осы тұрақтылық негізінде, Қазақстанның барлық конфессиялары арасындағы қатынастар қалыптасады. Конфессиялардың алуандығы, олардың жұмыс істеу ерекшеліктері, оларды жақтаушылардың этностық құрамы, діндарлардың жас шамасы мен білім деңгейлері – осының бәрі жинақтала келе, өзіндік, тек Қазақстанға ғана тән дінаралық қатынастар жүйесін құрады. Әрбір конфессия басқа конфессиялармен және мемлекетпен өзінің дербес қатынастарын құрады.

Дін және діни бірлестіктер Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы бойынша (2011 жылғы) мемлекеттен бөлінген, ол зайырлы бола тұра, діни бірлестіктердің ішкі жұмыстарына араласпайды, бірақ ішкі және сыртқы саясатта діни факторды ескереді. Мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың жоғарыда аталған элементтерінің өзара қарым-қатынасында Қазақстан Республикасының ортақ діни кеңістігі пайда болады, Қазақстанда олардың бейбіт қатар өмір сүруіне конфессиялардың ортақ келісімі,

дінаралық келісім жасалады және құпталады. Конфессиялардың сипатталған өзара іс-қимылы мәңгіге беріліп, тұрақты болып табылмайды: бұл Қазақстанның ілгері дамуының өзгермелі жағдайында үнемі жаңарып және өзгеріп отыратын қарқынды дамитын жүйе болар. Қысқаша сипаттағанда дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісі міне осындай.

Дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің сипаттамасынан Қазақстандағы дінаралық қатынастар жүйесі тұрақты екенін көруге болады. Оның өзін-өзі сақтау мен жаңару дәрежесі жоғары. Бірақ, сонымен бірге осы тұрақтылықты сақтап, оны саналы түрде қолдау қажет, себебі елде және әлемде жүріп жатқан үдерістердің барлығы тұрақтылықты сақтауға көмектеспейді, бұлардың көбі керісінше, тұрақсыздандыратын әсер береді. Геосаясат саласындағы бірқатар беделді сарапшылар, мысалы А.С. Панарин, әлемдегі жалпы тұрақсыздықтың өршуіне көңіл аударады, сарапшылардың пікірінше, тұрақсыздық, стратегиялық, жаһандық сипат алып отыр. Айтылған пікірлерге құлақ асқан жөн, себебі бұл сарапшылардың ұстанымы дәлелденген, олар жүргізген талдау ғылыми негізделген және тұжырымдары да анықталған.

Дінаралық келісімнің сипатталған үлгісі және әлемдегі өршіп отырған тұрақсыздық аясында осы келісімді ұстап тұру міндеті нені білдіреді? Біріншіден, бұл мемлекет пен дін осы салада қол жеткізілген жетістіктерді сақтап қалуы және конфессияаралық бейбітшілікті күйрететін қате қадамдар жасамауы тиіс дегенді білдіреді. Сондай-ақ екіншіден, Қазақстан Республикасының елдегі өзгермелі әлеуметтік-саяси жағдайға сай өз заңнамасының әртүрлі элементтерін өзгерту құқығын білдіреді, бұл мемлекеттік-конфессиялық саладағы заңнамаға да қатысты.

Үшіншіден, ЕҚЫҰ, ЕО, ПАСЕ, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы сияқты халықаралық ұйымдар адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнама жағдайына көп көңіл бөледі, себебі дін тұту бостандығы құқығы адамның негізгі құқықтарына жатады және көбінесе осы халықаралық құрылымдар оны жиі сынайды [32], онда діни саладағы біздің заңнама мен құқық қолдану практикасы мемлекет пен қоғам тарапынан жіті бақылауды талап етеді.

Сонымен, Қазақстан Республикасында дінаралық келісімнің қолда бар деңгейін ұстап тұру қажеттігіне қатысты айтылуы тиіс тағы бір ой-пайым жалпы әлемдегі діннің жағдайына қатысты. Халықаралық және ұлттық деңгейде дінді сырттай құрметтеу мен оған ілтипат білдіру жағдайының өзінде, іс жүзінде, практикалық саясатта, әлем үшін тағдыр шешті шешімдер қабылдау кезінде дінмен, оның позициясымен

және құндылықтарымен жеткілікті түрде санаса бермейді. Қазіргі әлем ұлттық қоғамдастық, тұлғалық деңгейде де діншілдікті едәуір жоғалтып алды. Дін барған сайын адамның жеке ісі болып, қоғамдық болмыстың шетіне ығыстырылуда. Бірақ дін тек осындай рөл атқарып қана қоймай, өз анықтамасы бойынша, адамгершілікті қалыптастырып, әлсіздерді қолдап, мемлекетке қайырылымдылық пен мейірімділік бойынша көмек көрсете отырып, қоғамға ықпал етуі тиіс. Мемлекет пен діннің қоғамдық өмірдің осы саласындағы бірлесіп жұмыс істеуі дінаралық келісімді нығайтуға қабілетті. Бұдан шығатын қорытынды Қазақстан зайырлы мемлекет болса да, діннің қоғамдық өмірге қатысу құқығымен санасуы тиіс, оған қоса әртүрлі діндердің қоғамдық қызмет саласы дін мен мемлекет, сондай-ақ әртүрлі діндер арасындағы өзара түсіністікке жәрдемдеседі.

Және соңғысы дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің ерекшелігін ашуға байланысты. Қазіргі әлемде мемлекеттің діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынасының әртүрлі нысандары бар. Бұл нысандардың әрқайсысы көбінесе елдегі дінаралық қатынастардың сипатын айқындайды. Бүгінде теократиялық мемлекеттер бар, онда дін мемлекеттік және қоғамдық өмірдің негізгі заңдарын айқындайды, атеистік мемлекеттер де бар, оларда дін адасқандық деп есептеледі және мемлекеттік идеология дінді жоққа шығарады. Бірақ қазіргі мемлекеттердің абсолютті көпшілігі зайырлы болып табылады, бұл мемлекеттің діннен бөлінгенін және бір-бірінің ісіне өзара араласпауды білдіреді. Негізін тарихтан алатын, мемлекеттің зайырлы сипатының ішінде мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынастарының көптеген ерекше нысандары болады. Бұл нысандар кең ауқымда: мемлекеттің кейбір діндерді мойындауынан бастап барлық діндердің абсолютті теңдігіне дейін бөлінген (барлық діндер абсолютті тепе-тең елдердің аздығына баса назар аудару қажет – Франция, Жапония, АҚШ). Зайырлы мемлекеттердің көпшілігінде, әдетте, бір-екі діннің басқа діндермен салыстырғанда басым құқықтары бар. Мұндай мемлекеттердің қатарына классикалық демократиялық мемлекеттер (Германия, Ұлыбритания, Швеция, Норвегия және т.б.) жатады. Сондықтан Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде өзінің діни саясатын өзінің ұлттық мүддесіне сай кең ауқымда құра алады.

Дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің ерекшелігін сипаттай отырып, Қазақстанның діни өмірінің кейбір аса маңызды жақтарын пәндік және нақты талдауға көшейік.

Қазақстанның тәуелсіздік жағдайындағы даму жылдары діни саланың жайы түбегейлі өзгерді. Қазақстан 70 жыл бойына үстемдік еткен мемлекеттік атеизм саясатынан іс жүзінде қазіргі әлем

мемлекеттерінің көпшілігіне тән дінді еркін ұстанады немесе құдайға сенбеушілікті еркін таңдауға көшті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары барлық діни конфессияларға есігін айқара ашты және қазіргі уақытта әлемнің ең көп конфессиялы елдерінің бірі болып табылады.


Қазіргі кезде бұрынғысынша, Қазақстанда діни жағдай жоғары дәрежеде тұрақты және тілектестік кейпінде сақталуда. Қазіргі әлемнің жиі және қолайсыздыққа әкелетін үлкен күйзелістерге толы көптеген өңірлеріндегі діни қарсылықтар аясында Қазақстанға тән конфессияаралық тұрақтылық жағдайы тәуелсіздік алғаннан бергі ұзақ уақыт бойына әлемдік қоғамдастықтың, әлемдік дін лидерлерінің, саясаткерлер мен саясаттанушылардың жіті бақылауы мен талдауының нысанасына айналды.

Қазақстан Республикасында дінаралық диалогқа келсек, еліміз үшін негізгі конфессиялар лидерлерінің жеке кездесулері, әртүрлі конфессиялар мен деноминациялардың өкілдері баяндама жасайтын көптеген конференциялар мен семинарлар, діни бірлестіктердің практикалық қызметі Қазақстанда орнықты конфессияаралық келісім орын алғанын көрсетеді. Бұл жағдай Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің II съезінде «Дінаралық диалогтың қағидаттарын» әзірлеуге көмектесті, онда негізгілердің қатарында мыналар атап өтілді: диалог барлық әріптестердің тепе-теңдігін көздеуі және әрбір мәдениет, тіл мен дәстүрдің тұтастығын ескере отырып, еркін пікір білдіру, пайымдау мен сенім үшін кеңістік орнауы тиіс. Диалог басқа дінге жүгінуге немесе басқа дінді ұстанатын әңгімелесушіні жәбірлеуге, сондай-ақ бір діннің басқа діннен артықшылығын көрсетуге бағытталмауы керек. Диалог айырмашылықтарды жоюға емес, керісінше оларды танып-білуге және құрметтеуге бағытталуы керек. Диалог оның қатысушыларына өз сенімінің мәнін әділ және айқын баяндауға мүмкіндік беруі тиіс. Диалог соқыр сенімнен қашуға және басқа дінді дұрыс түсіндіруге, осылайша оларды жақсы танып-білу мен түсінуге көмектеседі. Ол қақтығыстарды жоюға, шиеленістерді азайту және даулы мәселелерді шешу құралы ретінде күш қолдануды болдырмауға көмектеседі.

Сонымен қатар, соңғы үш жылда өзінің дінін ұстанатын адамдармен дос болу және олармен некеге тұрғысы келетін адамдар саны (абсолютті цифрларда бұл сан азғантай болса да) артқанын атап өту керек.

«Сіздің діни танымыңызға басқа дін өкілдері нұқсан келтірген жағдайда, Сіз қандай күйде боласыз?» деген сұрақ респонденттер пікірлерінің айырмашылығын анықтады.

Без заголовка

здесь не видно
вначале слова
в легендах


Бұл жағдайда құқықтық тәртіп органдарына жүгінуге дайын респонденттердің пайызы өте төмендігі назар аудартады, бұл конфессияаралық қатынастар саласының нәзік екенін көрсетеді.

Дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің жұмыс істеу тиімділігіне шетелдік діни орталықтар да ықпал етеді. Исламды қоспағанда, Қазақстанның барлық конфессияларының, шетелде өз рухани орталықтары бар. Бұл оларды сырттан әсер ету үшін ашық етеді. Сондықтан осы орталықтардың ықпалы мен шетелдік мемлекеттердің Қазақстандағы діни жағдайға әсері жеткілікті түрде байқалады. Қазақстан үшін «дәстүрлі емес» жаңа діни ағымдарға келсек, олардың барлығы бізге Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін келді және олардың барлығы шетелдік діни орталықтарға бағынады.

Ислам да сырттан келетін ықпалдан алшақ емес, тіпті бұл ықпалдың мөлшері көп. Бірақ әдеттегідей, ҚР-да исламды уағыздау сипатына шетелдік ислам қорлары көбіне, жасырын ықпал етеді (жоқ дегенде, соңғы уақытқа дейін көрсетіп келді) – бұл Қазақстанның діни саласындағы маңызды мәселелерінің бірі; мұндай ықпалдың барлық жағымды аспектілері кезінде (түрік, араб тілдерін тереңдетіп оқытатын лицейлер салу, балалар үйін қолдау және т.б.), осы қорлар қызметінің мазмұнындағы негізгі мәселе – олардың ағартушылық діни қызметінің сипатын қазақстандық қоғамдастықтың, көп жағдайда, елдің арнайы қызметтерінің аз білуінде. Осы кезге дейін ислами шетелдік қорлардың қызметіне, ислам эмиссарларының дінді уағыздау қызметтеріне бақылау жасалған жоқ. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар, халықаралық терроризмге қарсы күрес шеңберінде осындай бақылауды жүзеге асыруда. Осындай жұмысты ҚМДБ жүргізуде.

Зайырлы мемлекетте діндердің жұмыс істеуі ретінде мемлекеттік-діни қатынастар аспектісін қысқаша сипаттайық. Қазақстанда мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың зайырлы түріне респонденттердің қатынасы жақсы. Діншілдер, дінге сенбейтіндер, сондай-ақ конфессия лидерлерінің барлығы бұл тұрғыда бірауыздан мақұлдайды. Бірнеше социологиялық сұраулардың мәліметтеріне сәйкес (2003-2014 жж.), қазақстандықтардың 80-85%-ы Қазақстанды болашақта зайырлы мемлекет ретінде көргісі келеді. Соңғы 3-4 жылда исламның қоғамға және мемлекетке ықпалын (исламдық басқару нысанына дейін) жақтаушылар саны артты және тиісінше, мемлекеттік құрылыстың зайырлы нысанын сөзсіз жақтаушылар саны азайғанын атап өтуге болады.

— **4 диаграмма:** «Сіз Қазақстанды болашақта қандай болағанын қалайсыз?»



Қазақстанда зайырлы билік тарапынан бір конфессияға деген қауіп жоқ (радикалды қолшоқпарлардан басқа). Барлық маңызды конфессиялардың догмалық құқығында мемлекет құрылымын діни негізде құрудың бұлжымайтын шарты жоқ. Исламда бұл туралы Пайғамбар өзінің белгілі хадисінде былай деген: «Менен кейін менің қауымымда отыз жыл бойына халифат, сосын – әмірлік болады» Төрт тақуа халифтің соңғы екеуінің кезінде мемлекеттік өмірді секуляризациясы нақты орын алған болатын. Сондықтан «Хизб-ут-Тахрир аль-ислами» сияқты ислам қозғалыстарының шариғатқа негізделген, мемлекеттік билікке деген наразылықтарының еш мәні жоқ.

Христиандық (үш негізгі конфессияда – католицизм, православие, протестантизм) мемлекеттіліктің зайырлы нысанын біздің уақытымыз

үшін кешірімді рухтың «қожырауы» және тарихи шарасыздық ретінде қарастырады. Сондықтан қазіргі уақытта христиандық тарапынан саяси билікке ешқандай наразылықтар болмайды. Православие күніне екі рет «билік, әскер және Қазақстан халқы үшін» дұға жасайды. Яғни Қазақстанның негізгі діндері Қазақстан мемлекетінің зайырлы сипатын қолдайды.

Діндарлардың көпшілігі діндер, әсіресе өңір үшін дәстүрлі ұлтаралық қатынастарға жақсы ықпал етеді, сонымен қатар діншілдер діни немесе ұлттық негізде партия құруға қарсы. Конфессияаралық қатынастардың нашарлауының ықтимал себептеріне адамдардың материалдық-экономикалық жағдайының нашарлауын, әлеуметтік әділдіктің бұзылуын, егер туындап жатса, ұлтаралық қақтығыстарды жатқызады.

Қазақстанда билік пен конфессия арасындағы қатынастар оң сипат алуда. Әсіресе сауалнама бойынша, мұсылмандар мен православиеліктерді қанағаттандырады. Діндарлардың көпшілігі, олардың ішінде мұсылмандар мен православиеліктер де, Қазақстан Республикасында конфессиялардың теңдігі, Конституцияда бекітілген мемлекеттің діннен бөліну қағидаты сақталады. Дінаралық қатынастарды жақсарту үшін діндарлар беретін кейбір ұсынымдар (тиісті социологиялық зерттеулер жүргізілді) біздің елімізде жүзеге асуы әбден мүмкін. Атап айтқанда, бұлардың бәрі азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды жеделдету, әлеуметтік әділдіктің үстемдігін сақтау, кедейшілікті жою, діни оқу-ағартуды жақсарту, оның ішінде журналистердің, моралдық-адамгершілік және мәдени тәрбиелеу, БАҚ-та халықтың гуманистік құндылықтарды игеруге бағыттайтын теле және радихабарларын көбейту, белгісіз немесе жаңа деноминацияларға бақылауды күшейту мәселелеріне қатысты. Діндарлар алдында зор беделге ие конфессия лидерлері (респонденттердің айтуынша) толеранттылық сана-сезімді қалыптастыруға белсене қатысуы тиіс. Бұл үшін өз акцияларының ашықтығы мен насихатталуын қамтамасыз етуі, жария іс-шаралар өткізу, оның ішінде әлеуметтік-мәдени тұрғыдағы, өздерінің уағыздарында барлық діндердің ортақ мақсаттарына баса назар аудару қажет, себебі діншілдердің көпшілігі бірлескен әлеуметтік маңызды және қайырымдылық істерін атқару жасау үшін ешқандай кедергі көріп тұрған жоқ.

Дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісін қарастыруға байланысты және қазақстандықтардың этностық және конфессиялық қатыстылығын теңдестіру аясында басқаларды өз дініне тарту туралы мәселе туындайды. Қазақстанда ислам мен православие лидерлері

үнсіз келісу бойынша прозелитизмді құптамайды, бұл Қазақстан Республикасындағы этносаралық және конфессияаралық келісімге оң ықпал етеді. Бұл ұстанымды иудаизм лидерлері де мақұлдайды, шынында, басқа себептер бойынша – иудаизм – ұлттық дін. Алайда, өзге конфессиялар белсенді прозелитистік қызмет жүргізеді: басқаша олар жұмыс істей алмайды, жақтастарын қалайша өздеріне тартады, атеистер немесе дінге сенбейтіндерден діни қауым жинай алмайсың. Сөйтіп, қоғамда белгілі бір шиеленіс пайда болады. Жағдайды жеңілдету үшін ең аз мөлшерде болса да, діни оқу-ағартуды дамыту қажет. Сонда дін ұстанушылар да, дінге сенбейтіндер де өз ұстанымдарын сезініп, оларды қорғап, жаңа дін қозғалыстары өкілдері көбінесе қолданатын агрессивті діни насихатқа қарсы тұрар еді. Діни оқу-ағарту ісін дамытудың Қазақстан үшін тағы да маңызды салдары бар. Қазақстан оны діни қарама-қарсылыққа қатыстырғысы келетін, онда экстремистік көңіл-күйді телуге тырысатын көптеген күштердің ықпал ету нысанасы болып табылады. Діни саладағы оқу-ағарту осындай қауіп-қатерлердің деңгейін азайтады.

8. ДІННІҢ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТІ

Діндердің қазіргі әлемге оң ықпал ету әлеуеті орасан [33]. Атап айтқанда, олар қазіргі заманның агрессивті саясатына қарсы тұруда және осы саясатқа дінді «қатыстыру» тактикасында көп жұмыс жасай алады. Осыған байланысты қазақстандық нақтылықты ескере отырып, діни тұрғыдан өзінше уәжделген экстремизм мен терроризмге діннің қарсы тұру мәселесі өте маңызды және өзекті болып табылады. Қазақстан 2011 жылға дейін діни дәлелденген экстремизм мен терроризмнің резонансты көріністерін болдырмады. Бірақ біздің айналамызда осындай актілер аз болған жоқ. Осы салада сырттан ықпал ету әлеуеті жоғары болып қалуда. Бұдан өзге, әлеуметтік-саяси және экономикалық салаларда қазақстанішілік проблемалар бар. Мәдениет, әсіресе дәстүрлі мәдениет көп бүлінді, руханилық пен адамгершілік деңгейі төмендеді. Осының барлығы жиналып, Қазақстан Республикасында да радикалды топтар тарапынан заңға қайшы әрекеттердің туындауына әкелді.

Бұл әрекеттерге дін қандай мөлшерде қатысады деген мәселе шешусіз қалып отыр. Экстремистер өздерін «таза ислам» жақтаушылары ретінде көрсетеді, бірақ олар оның идеологиясымен және ханафит мазхабы мен салафизм арасындағы догмалық айырмашылықтармен таныс емес болар. «Исламнан шыққан

экстремистердің» ең көп таралған дәлелі – Қазақстан мұсылмандарының абсолютті көпшілігінің, әсіресе «этностық» мұсылмандардың исламды ұстану сипатының жалғандығы – оларға теракті жасауға құқық бермейді. Сол себепті бұл жағдайда діни аргумент бос сөз. Әлеуметтік әділдік үшін күрес – террористік актілерді ақтауда басқа да кең таралған аргумент – бейбіт тұрғындардың құрбан болуына жол бермеуі тиіс және сондықтан терактілер мұндай күрестің құралы емес.

Террористік актілерге әкелетін наразылықтың интегративті сипаты діни риторикаға жүгінуге мүмкіндік береді, бірақ ол жасанды. Дін терроризмді туғызбайды, керісінше ол бойсұнуға, саяси адалдыққа, мемлекетпен әлеуметтік бірлесіп жұмыс істеуге шақырады. Төзбеушілік пен тіпті агрессияның тек бір нысанын – өз басының күнәларына төзбеушілікті дін мойындайды. Алайда, экстремистер мен террористер дінді бүркемеленеді және өз іс-әрекеттерін діни дәлелдермен негіздеуге тырысады.

Қазақстан қоғамы діни дәлелденген экстремизм мен терроризмге бірқатар бағыттар бойынша қарсы тұруға қабілетті:

- бұл қарама-қарсылықты қалай болған жағдайда да, ел дамуының осы кезеңінде ұлттық қауіпсіздіктің басымдығы ретінде қарастыру,

- экстремизм мен терроризмге қарсы жүйелі түрде, күштеу және превентивті әдістерді үйлестіре отырып, күресу,

- осы құбылыстарға қарсылықты ғылыми-сараптамалық сүйемелдеуді күшейту,

- экстремистер мен террористерді қоғам тарапынан қандай да бір қолдаудан айыру, экстремизм мен терроризмнің көріністеріне төзбеушілік ахуалын жасау,

- терроризмге қарсы әлемдік қоғамдастықпен бірлескен күресте өзінің ұлттық мүдделері туралы ұмытпау,

- жастарды дін тұту еркіндігіне балама бола алмайтын гуманизм мен патриотизмнің зайырлы қағидаттарына сай тәрбиелеу,

- әлеуметтік мемлекет, яғни әділ әлеуметтік құрылыс идеясы іске асырылатын мемлекет құру, бұл туралы біздің конституцияда жазылған, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев тұжырымдамалық құжаттарында да бұл мәселені көп айтқан еді.

Экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудың бірқатар нысандары бар, бірақ бұл жерде осы қарсы тұруда дәстүрлі діндердің рөліне (осы ұғымның шарттылығына қарамастан) тоқталамыз. Бұл бағытта діндер тура және жанама әрекет етуі мүмкін. Тура – діндарлардың санасына, ақыл-ойы мен намысына ықпал етеді. Жанама – өз азаматтарына

қамқорлық жасау міндеті туралы биліктің есіне сала отырып, қоғамдағы әділдік деңгейін қолдау, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, адамдардың рухани және моралдық жағынан дамуына мүмкіндіктер беру.

Діни негізделген экстремизм мен терроризмге қарсы тұруда дәстүрлі діндердің мүмкіндіктері қандай? Біздің ойымызша, олар:

- діни оқу-ағарту, адамдардың бойына сенімді ұялату, жақындарына сүйіспеншілік, адам өмірінің сөзсіз құндылығында, қоғамды адамгершілік рухта тәрбиелеу,
- дін ұстанушылардан экстремизмге идеялық қарсы тұруын талап ету,
- өз шәкірттеріне экстремист болуға тыйым салу,
- терроризмнің Құдайға, Аллаға деген сенімнен алшақ екенін, оған сәйкес келмейтінін күнделікті дәлелдеп сендіру,
- әділдік идеясын және осы идеяларды іске асыру үшін дінге қажетті идеяларды діни негіздеу,
- мемлекетпен бірлесіп, әлеуметтік қызмет етуді жандандыру,
- өмірден түңілген және теракті жасауға дайын адамдарды алған бетінен қайтару.

Және, ақырында, ең бастысы, дәстүрлі діндер экстремизм мен терроризмге қарсы тұруда не істей алады – бейбітшілік, халық, билік туралы дұға қылу.

Тек қана дәстүрлі діндер экстремизм мен терроризмге қарсы тұра алмайтыны анық, оған бұл істе «дәстүрлі емес» діндер көмектесе алады. Бұл қарсы тұруда тоталитарлық және экстремистік діни бірлестіктердің көмегіне жүгінуге болмайды (әрине, олардың тоталитарлығы мен экстремизм екені дәлелденген жағдайда).

Саяси алаңда діни негізделген экстремизм мен терроризмнің болуына байланысты барлық проблемаларды терең түсіну үшін исламды саясаттандыру процесі ретіндегі феноменді қарастыру қажет. Исламды көп саясаттандыруды түсіндіру үшін ислам тарихының ерте кезеңдерінде зайырлы және діни билікті әуел бастан қосылған деген аргументке жиі барады. Яғни, практикалық туралы, тіпті догмалық деңгейде, исламның саясатқа түбегейлі және концептуалды қатысуы.

Исламның ерте даму кезеңінде зайырлы және діни билікті қоса атқару орын алған. Ол Мұхаммедтің жоғары беделі мен қауымның тайпалық сипатымен ақталды, бұл діни және зайырлы билікті ешбір қиындықсыз (халифат түрінде) қоса атқаруға мүмкіндік берді. Бірақ Мұхаммед пайғамбар қайтыс болған соң ислам араб қоғамдарындағы

билік зайырлы (әмірлік) және діни (имамат) болып бөлінді. Кейіннен халифтер, олардың басқаруын ислам әлемінің мемлекеттері жақсы билік нысанымен байланыстырады, ислам факторы аз немесе көп мөлшерде қатысатын зайырлы билік етушілер ретінде көрінді. Бүгінгі күні исламнан діни және зайырлы биліктің қатар оған қоса зайырлы мемлекеттерде жүруін талап ету (тіпті кейіннен бүкіл зайырлы элементті шығарып тастау) дұрыс емес. Сондықтан қазіргі кезеңде исламды саясаттандыруды ақтау үшін биліктің аталған екі тармағын бастапқы қосылу аргументіне сілтеме жасау қисынсыз.

Исламды саясаттандыру бүгінде – бұл діни емес, саяси жоба. Оған саяси жоба ретінде қарау қажет: яғни билікті жүзеге асырудың тарихи нысандарын жандандыру кімге және қандай мақсатпен қажет болғанын анықтау керек. Біздің жағдайда (Орталық Азия елдерінде) діни негізделген терроризмге әкелетін процестің өзі былайша көрініс табады: ислам – исламды саясаттандыру – ислами идеология – экстремизм – терроризм. Терроризмді исламмен байланыстыру тіптен дұрыс емес, ислам бағыты бойынша бейбіт дін, бірақ оқиғалар келтірілген сызба бойынша дамығанда «соңында» терроризм шығады.

Алда мейлінше маңызды міндет – терроризмнің діни уәжінен дінді «айырып алу» міндеті тұр. Бұл міндетті шешу үшін терроризмнің діни дәлелдемесінің дәрменсіздігін көрсету, діни догматтар мен террор идеясының сәйкессіздігін дәлелдеу қажет. Діннің бейбіт, ізгілікті сипаты және оның терроризммен байланысы жоқтығы туралы тезисті қанша айтқанмен, бірақ нәтиже басқаша: террористер өз іс-әрекеттерін ақтау үшін дінге сілтеме жасауын жалғастыра береді. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы халыққа түсінікті тілде исламның догматтары мен практикасынан ешқандай да жағдайда ислам топтарының заңға қайшы қызметі туындамайтынын көрсету қажет. БАҚ-та Қазақстанның жетекші ислам дінбасыларының және ең танымал имамдардың экстремистер мен террористердің исламға қарсы қызметі туралы бірқатар мақалаларын кең тиражбен жариялау қажет. Қазақстанның дәстүрлі діндерінің бірі – ислам дінінің ханафит мазхабы бойынша сунниттік бағытының салмақты мәні де осында. Тағы да қайталап айтамыз, исламның бейбіт сипаты туралы жалпы пайымдау қажет емес, террордың діни дәлелдемесіне қарсы догмалық деңгейде дәлелденген және қарапайым аргументтер қажет. Мемлекет, Дін істері жөніндегі комитет, әлеуетті құрылымдар да мұны жасай алмайды. Мұны тек қана білімді имамдар, әрине муфти жасай алады, басқаша айтқанда, бұл талап Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қойылады.

Террористер о бастан бәріне дайын болды деуге болмайды. Олар бәріне дайын болғанда, олармен жұмыс істеу, қайта сендіру өте қиын. Бұл – арнайы қызметтердің жұмыс саласы. Бірақ олардың агрессивті дүниетанымы қалыптасып келе жатқан кез болады. Осы кезеңде дәстүрлі діндер адамның бойында оң қасиеттерді тәрбиелеуі, олардың рухани тұрақтылығын қалыптастыруы, радикализмді уағыздаушылардың өтірігін анықтай білуі қажет. Дәстүрлі діндердің осы әлеуеті толық жұмсалмай отыр.

9. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУМАҒЫНДА ДІНДЕРДІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДА ДІНИ ЛИДЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ МЕН ДІНИ ЛИДЕР ТҰЛҒАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Діндердің қазақстандық қоғамда оң рөл атқаруы үшін біздің көп конфессиялы қоғамда діндердің өзара дінге еріктілігін көрсету, әртүрлі діндердің жұмыс істеу ерекшеліктерін түсіну, Қазақстанның негізгі конфессияларының лидерлері арасында әріптестік немесе ынтымақтастық қатынастарды орнату қажет. ОПШ лидерлері Қазақстанда ислам, католицизм, иудаизм лидерлеріне достық көзқараспен қарайды, басқа діни бірлестіктердің басшыларымен іскерлік байланыстар орнатады. Православие лидерлерінің Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен жақын қатынаста. Архиепископ Алексей, митрополит Мефодий, митрополит Александр – барлығы мәртебелі муфтилерімен және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен жақсы қарым-қатынас орнатқан. Қазақстан Республикасында ОПШ басшыларының Рим-католик шіркеуінің лидерлерімен де әріптестік және жемісті қатынастары орнаған. ОПШ басшылары мен ҚР-да исламның жаңа діни қозғалыстардың лидерлерімен қатынастары жақсы қалыптаспай отыр, олардың діни мәртебесі ОПШ үшін сенімсіз.

Діндер өздерінің лидерлеріне дәстүрлі түрде талап қояды. Себебі конфессияның өз ішінде және басқа конфессиялармен және осы конфессиялардың басшыларының өзара іс-әрекеттерінде көп мәселе діни лидерлерге байланысты, діншілдер мен дін қызметкері тарапынан лидерлерге қойылатын талаптар Қазақстанда діннің қызмет етуінің барлық аспектілерін түсіну үшін өте маңызды. ҚР-да діннің жұмыс істеу жағын қарастырайық.

Қоғамның діндарлығы жоғары болған сайын, діни лидердің рөлі де артады. Қазіргі Қазақстан (Орталық Азияның басқа да

елдері), ұзақ уақыт бойына атеизмді «насихаттауға» мәжбүр болды. Бүгінде Қазақстан Республикасындағы діни жағдай діни ренессанс терминдерінде сипатталғанда, сенім деңгейі мен тереңдігі артқан кезде, діни лидер қоғамның адамгершілік өлшеміне айналады. Діни бірлестіктер лидерлерінің бәрі оларға қойылатын жоғары рухани-адамгершілік талаптарына жауап бере бермейді. Бірақ дін лидерлерінің көбі лайықты қасиеттерін көрсетеді, олардың руханияты жоғары, олар діндарлар үшін тартымды болып келеді.

Діни лидер жоғары қасиеттерге ие болып, әртүрлі сипаттағы өте көп талаптарға сәйкес келеді. Ол рухани жағынан дамыған, яғни Құдайдың барлық парыздарын орындай отырып, Құдайға қызмет етуі тиіс. Ол діндардардың ұстазы болуы тиіс, яғни барлық ілімді ұғынып, оны шәкірттерінің санасына жеткізе білуі тиіс. Ол билікпен қатынасын орнатып, ымырашыл болуы тиіс, бірақ діни ілімнің рухынан айнымай, яғни діни ілімнің тазалығын сақтауы тиіс. Ол өзінің сырт-келбетіне қарауы, бірақ киім-кешектің құлы болмауы тиіс. Ол материалдық жағынан қамтамасыз етілген, бірақ дүниеқұмар емес. Оның адамгершілігі сырт көзге жария ғана емес («өзін қалай ұстауды біледі, бірақ басқаша әрекет етеді»), бірақ іс жүзінде риясыз (сенім бойынша әрекет етемін) болуы тиіс. Ол жоғары дәрежеде білімді болуы тиіс (діни тұрғыда ғана емес, сонымен бірге зайырлы тұрғыда).

Діннің жоғары адамгершілік ұстанымдары діни лидерден зиялылықты, өзінің күнәһарлығын сезінуді талап етеді. Барлық әлемдік діндерде (және әсіресе авраам діндерінде) өз кемшіліктерін сезініп, оларды түзетуді бағалайды. Сондықтан діни лидердің қандай да бір тым жоғары мәні, оның тұлғасының рөлі ғана емес, оның өзінің жоғары мәртебесіне сәйкес келу міндеті туралы сөз болып отыр.

Діни лидердің кәсіби міндеттері саласындағы міндетті қасиеттерге діни қауымды шоғырландыру, билік алдында оның мүддесін қорғау, тиімді кадр саясатын жүргізу, жастарды тәрбиелеу мен білім беруді жатқызу қажет.

Діни лидер бітімгер болуы тиіс. Одан ешқандай өшпенділік шықпауы тиіс, ол діндарларды наразылық көрсетуге шақырмауы тиіс, ол адамдарға билікке бағынбау талабын қоя алмайды – діни лидерлерге қойылатын осы талаптардың барлығы діннің негізінен туындайды. Бағыну, оның ішінде билікке бағыну – діндардың міндеті. Мемлекет пен билік құрылымдары діннің әрекет етуі үшін жақсы жағдайлар жасауға әрдайым мүмкіндігі бола бермейді. Дін ұстанушылар бағдарланатын дін лидері қажет болған жағдайда, діндарлардың билік алдындағы мүддесін қорғауы тиіс, бірақ оны байыппен сендіріп, ымырашылдықпен жасауы қажет. Әлемдік діндерде билік

